


«КЕЛІСЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректор өкілі,
профессор

 Нажи Генч
« 30 » 10 2024 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры
Ж.Темірбекова



« 10 » 2024 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ САЯСАТЫ

АС-ХҚТУ-01-2024

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 2-ші беті

1. Академиялық департамент және университет құрылымдарымен
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенат мәжілісінің № 1 хаттама қаулысымен 28.08.2020ж. күні бекітіліп, 31.05.2019ж. № 9 Сенат қаулысымен енгізілген Академиялық саясаттың орнына енгізілді.
 - 2.1. 08.01.2021ж. күнгі № 5 кезектен тыс Сенат қаулысымен Академиялық саясатына өзгеріс енгізілді.
 - 2.2. 14.09.2021ж. күнгі № 1 кезектен тыс Сенат қаулысымен Академиялық саясатына өзгеріс енгізілді.
 - 2.3. 23.03.2022ж. күнгі № 7 кезектен тыс Сенат қаулысымен Академиялық саясатына өзгеріс енгізілді.
 - 2.4. 31.08.2022ж. күнгі № 1 Сенат қаулысымен Академиялық саясатына өзгеріс енгізілді.
 - 2.5. 20.04.2023ж. күнгі № 9 Оқу-әдістемелік комитет қаулысымен Академиялық саясатына өзгеріс енгізілді.
 - 2.6. 30.09.2024ж. күнгі № 2 Сенат қаулысымен Академиялық саясатына өзгеріс енгізіліп, бекітілді.
 - 2.7. 25.02.2025ж. №7 Оқу-әдістемелік комитет қаулысымен Академиялық саясатына өзгеріс енгізілді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 3-ші беті

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	5
1.	НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР	7
2.	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	11
3.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	19
4.	САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ	20
4.1	Университеттің сапа саласындағы саясаты	20
4.2	Университеттің сапа саласындағы мақсаттары	21
4.3	Университеттің жоспарлау жүйесі	21
4.3.1	Жылдық жоспарлау	21
4.3.2	Индикативтік жоспарлау	22
4.4	Білім сапасын іштей қамсыздандыру жүйесі	23
4.5	Академиялық адалдықты қамтамасыз ету	25
5.	БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ МЕН БЕКІТУ	30
5.1	Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту	30
5.2	Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу мен бекіту	32
5.3	Пәннің оқу бағдарламаларын әзірлеу мен бекіту	34
5.4	Элективті пәндер каталогын әзірлеу мен бекіту	35
6.	СТУДЕНТКЕ БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ, САБАҚ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ	36
6.1	Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру	36
6.2	Білім алушының пәнге тіркелуі және жеке оқу жоспарын құрыстыру	38
6.3	Аудиториялық дәрістерді ұйымдастыру	40
6.4	Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру	43
6.5	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау	44
6.6	Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру	47
6.7	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау	52
6.7.1	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі	52
6.7.2	Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау және аралық аттестаттау	54
6.7.3	Жоғары білім беру бағдарламасын бітірушілерді қорытынды аттестаттау	55
6.7.4	Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын бітіруші білім алушыларды қорытынды аттестаттау	56
7.	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ОЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІ, ТАҢУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ	57
7.1	Білім алушыларды оқуға қабылдау	57
7.2	Білім алушылардың үлгерімі	60
7.2.1	Білім алушылардың үлгерімін тіркеу және талдау	60
7.2.2	Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларының білім алушыларын академиялық аттестаттау	61
7.3	Біліктіліктерді тану	63
7.3.1	Білім беру құжаттарын нострификациялау	63
7.3.2	Біліктіліктерді тану тәртібі	64

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 4-ші беті
7.3.3	Формальды білім арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану	66
7.3.4	Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану	67
7.3.5	Кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану	68
7.4	Білім алушыларды сертификаттау	69
7.5	Академиялық ұтқырлық	70
7.6	Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау	73
7.7	Білім алушыны оқудан шығару, академиялық демалыс беру	79
7.8	Оқу ақысын төлеу	82
7.9	Түлектердің жұмысқа орналасуы және оған мониторинг жүргізу	83
8.	КАДР САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ	84
8.1	Кадр саясаты	84
8.2	Профессор оқытушылар құрамын лауазымдарға конкурстық негізде тағайындау	86
8.3	Профессор оқытушылардың біліктілігін арттыру	88
8.4	Профессор оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары	89
8.5	Профессор оқытушылардың академиялық ұтқырлығы	91
8.6	Профессор-оқытушылар құрамының рейтингтік көрсеткіштерін анықтау	93
8.7	Сыбайлас жемқорлық қарсы іс-қимыл саясаты	94
8.8	Персоналды қолдау	96
9.	ОҚУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІ	97
9.1	Оқу ресурстары	97
9.2	Білім алушыларды ақпараттық және академиалық қолдау жүйесі	98
9.3	Білім алушыларды әлеуметтік қолдау және азаматтық-патриоттық тәрбие беру жүйесі	101
9.4	Инклюзивті білім беру жүйесі	103
9.5	Шетелдік білім алушылар мен талапкерлерді визалық қолдау	107
10.	АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ	111
11.	ЖҰРТШЫЛЫҚҚА ХАБАРДАР ЕТУ	112
12.	БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ МОНИТОРИНГІ МЕН КЕЗЕҢДІК БАҒАЛАНУЫ	115
13.	САПАНЫ КЕЗЕҢДІК СЫРТҚЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	116
14.	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ	117
15.	САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ	117

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 5-ші беті

КІРІСПЕ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті миссиясы аясында жоғары кәсіби (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби (магистратура, резидентура, PhD докторантура) білім беру бағдарламалары бойынша мамандар дайындауды іске асырады.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің қызмет шарттары туралы келісімді және 2009 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті қызметінің шарттары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы №531-IV Заңы негізінде университет қызметі осы Келісімнің шеңберінде, Университет Жарғысына, Үкіметаралық Өкілетті кеңес қабылдаған шешімдерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы мемлекеттерінің қолданыстағы ұлтыттық заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Үкіметаралық Өкілетті Кеңес – ортақ мекеме, ортақ басқару ұстанымын басшылыққа ала отырып, университетті басқаруда әкімшілік, қаржылық және академиялық әдістер мен негіздерді белгілеу құзіретіне ие, университеттің заңды тұлғалық мәртебесіне өкілдік ететін ең жоғарғы шешім қабылдаушы органы болып табылады.

Үкіметаралық Өкілетті Кеңес 10 (он) мүшеден тұрады. Өкілетті Кеңестің 5 (бес) мүшесі Түркия Республикасы Үкіметі тарапынан жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер арасынан тағайындалады. Осы мүшелердің біреуі Түркия Республикасының Президенті тарапынан Өкілетті Кеңес төрағасы болып тағайындалады.

Сенат университеттің академиялық органы болып табылады. Сенат ректордың төрағалық етуімен, ректор өкілі (бірінші орынбасары), ректор орынбасарлары, факультет декандары, клиника-диагностикалық емхананың бас дәрігері, институт пен колледж директорлары, кәсіподақ төрағасы мен жастар ұйымының жетекшісі және әр факультеттен сайланатын оқытушы-профессорлар құрамының бір өкілінен және Сенат хатшысынан құралады. Оқу, тәрбие және ғылым басқармаларының бастықтары Сенаттың дербес шешімімен мүшелікке кіреді. Университет Сенатының негізгі мақсаты – біліктілігі жоғары, сапалы мамандар даярлаумен қамтамасыз ету бойынша жалпы ұжымның жұмысын үйлестіру.

Басқару кеңесі университет ректоры мен ректор өкілі (бірінші орынбасары), ректор орынбасарлары және декандардан құралады. Басқару кеңесіне мүшелік мерзімі, тағайындалған тұлғалардың негізгі қызмет мерзімімен шектеледі. Ректор өкілі ректор қызметін уақытша атқарған кезде университет Басқару кеңесіне төрағалық етеді. Университет Басқару кеңесі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 6-ші беті

мәжілісінің өтетін күні мен уақытын ректор белгілейді. Университет Басқару Кеңесі әкімшілік мәселелерде ректордың көмекші органы болып саналады.

Оқу әдістемелік комитет барлық академиялық мәселелер бойынша саясатты қалыптастыратын, академиялық стандарттарды, практикалар мен пәндерді реттейтін қағидаларды жасауда және қабылдауда маңызды рөл атқаратын, оқыту мен оқу процесін бақылауды жүзеге асыратын, білім беру бағдарламаларын талқылайтын және жетекшілік ететін негізгі орган болып табылады.

Ғылыми комитет университеттің ғылыми зерттеулеріне қатысы бар барлық мәселелер бойынша университеттің саясатын қалыптастыратын негізгі орган болып табылады. Бұл кеңес зерттеу жүргізу стандарттары мен этикасын әзірлеу жөніндегі шараларды жүргізеді, мақұлдайды, ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды ұйымдастырады және басқарады, сондай-ақ ғылыми институттары, факультеттер арасында ғылыми инновациялық дамуға, зерттеулерге қатысты қызметтерін үйлестіреді.

Осы академиялық саясат Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру тәртібін анықтайды. Құжат оқу процесін ұйымдастырудың негізгі ережелерін, модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлеу ережелерін, білім алушылардың оқу пәндеріне тіркелу және жеке білім беру траекториясын қалыптастыру тәртібін, білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің қағидаларын, практиканың барлық түрлерін ұйымдастыруды, білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау, оқудан шығару ережесі және т.б. қамтиды.

Білім беру қызметінің сапасын бақылауды және жетілдіруді бірізділендіру мақсатында Академиялық саясат Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG-исиджи) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің контекстінде әзірленді.

Сыртқы нормативті құжаттардың ауысуына байланысты енгізілген толықтырулар мен өзгертулер нәтижесінде, Университеттің 31.05.2019ж. Сенат мәжілісінің №1 Академиялық саясатының құрылымы мен мазмұны толық өзгертіліп, қайта әзірленіп 2020 жылы 28 тамызында Сенат шешімімен (№1 хаттама) және 2021 жылы 14 қыркүйектің кезектен тыс Сенат шешімімен (№1 хаттама) қайта бекітілді. Жаңа немесе қайта қаралған Академиялық саясат Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне түскен жылына байланыссыз барлық білім алушылар үшін іске асырылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 7-ші беті

1 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің осы академиялық саясаты келесі нормативті құжаттарға негізделіп жасалған:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2007 жылғы 27 шілдеде №319 Заңы қабылданған (толықтырулар мен өзгерістерімен)
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдау;
3. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы.
4. «Білім беру грантын беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 Қаулысы. (толықтырулар мен өзгерістерімен)
5. Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы №403 бұйрығы.
6. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығы. (толықтырулар мен өзгерістерімен)
7. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің қызмет шарттары туралы келісімді және 2009 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті қызметінің шарттары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы №531-IV Заңы;
8. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттің Жарғысы
9. Ахмет Ясауи университетінің Стратегиялық даму жоспары.
10. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының даму бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидалары», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 25 қазандағы №590 бұйрығымен бекітілген.
11. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 8-ші беті

ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістерімен)

12. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен).
13. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен)
14. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген;
15. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі №ҚР ДСМ-63 бұйрығы
16. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен).
17. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы №106 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістерімен).
18. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен).
19. «Жоғары білімнің мәндес білім беру бағдарламалары топтары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мамандықтарының сәйкестігі жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі №134 бұйрығымен бекітілген
20. «Әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 9-ші беті

кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасы туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №606 бұйрығы. (толықтырулар мен өзгерістерімен).

21. Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығы.
22. Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығы.
23. Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылы 31 наурыздағы №126 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістерімен).
24. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістерімен).
25. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 361 бұйрығы.
26. Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістерімен).
27. «Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістерімен).
28. Білім туралы құжаттарды тану қағидаларын, сондай-ақ білім туралы құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылатын шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 19 шілдедегі №352 бұйрығы.
29. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы ашықтықты қамтамасыз ету жөніндегі жемқорлыққа қарсы стандарты», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің10-ші беті

министрінің 2020 жылғы 4 мамыр №174 бұйрығы.

30. «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №66 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен)
31. ХС ISO 9001: 2015 Сапа менеджменті жүйесі.
32. Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығы.
33. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығы.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің11-ші беті

2. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар

Университеттің Академиялық саясатында төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Университет	–	Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
ҚР ҒЖБМ	–	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
ХҚТУ	–	Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
ОӘК	–	Оқу-әдістемелік комитет
СМЖ	–	Сапа менеджментінің жүйесі;
ОПҚ	–	Оқытушы-профессорлар құрамы;
АК	–	Аттестаттау комиссиясы
УЕ	–	Университет ережелері
ББ	–	Білім беру бағдарламасы
ҚБТ	–	Қашықтықтан білім беру технологиясы
ҰБТ	–	Ұлттық бірыңғай тестілеу
ЖБП		Жалпы білім беретін пәндер
БП		Базалық пәндер
ЖК		Жоғары оқу орны компоненті
ТК		Таңдау компоненті
ОҚТ		Оқытудың қосымша түрлері
ҚА		Қорытынды аттестаттау
НОЖ		Негізгі оқу жоспары
ОБӨЖ		Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы
БӨЖ		Білім алушылардың өзіндік жұмысы
ОҚКЕ		Объективті құрылымдық клиникалық емтихан
МҒЗЖ/ ЭЗЖД		Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы/эксперименттік-зерттеу жұмысы.
ДҒЗЖ / ЭЗЖД		Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы/эксперименттік-зерттеу жұмысы
ПОӘК		Пәндердің оқу-әдістемелік кешені
ААЖ		Автоматтандырылған ақпараттық жүйе
ЖОЖ		Жеке оқу жоспары
АД		Академиялық департамент
МЕК		Мемлекеттік емтихан комиссиясы
ФСҚК		Факультеттегі сапаны қамсыздандыру комиссиясы
ГРА		Үлгерімнің орташа балы
НЗМ		Назарбаев Зияткерлік мектебі
ДКК		Дәрігерлік-консультациялық комиссия
ТТЕ		Түркі тілдес елдер
ЖБСҚҚМ		Жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің қазақстандық моделі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің12-ші беті
Атаулар	Анықтама	
Академиялық еркіндік	Академиялық еркіндік – білім беру процесінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы	
Академиялық деңгей (AcademicDegree)	Академиялық деңгей – қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша, тиісті оқу бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары тағайындайтын дәреже;	
Академиялық қарыз	академиялық қарыз – аралық аттестаттау (сессия) кезеңінде емтихандар тапсыру кезінде қанағаттанарлықсыз баға алу;	
Академиялықкүн тізбе (Academic Calendar)	академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі;	
Академиялықұтқырлық	академиялық ұтқырлық – білім алушыларды немесе оқытушыларды белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) басқа ЖЖОКБҰ-ға (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖЖОКБҰ-да немесе басқа ЖЖОКБҰ-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру;	
Академиялық кезең (Term)	академиялық кезең (Term) (терм) – семестр және триместр сияқты екі нысанның біреуін ЖЖОКБҰ өзі белгілейтін теориялық оқу кезеңі;	
Академиялық кредит (Credit, Credit-hour)	академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;	
Академиялық рейтинг (Academic rating)	білім алушының академиялық рейтингі (Rating) (ретинг) - аралық аттестаттау нәтижелері бойынша құрылатын, пәндердің және (немесе) модулдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;	
Академиялықсағат (Academic hour)	академиялық сағат – оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені, оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады;	
Академиялық адалдық	Академиялық адалдық – білім алушының жазбаша жұмыстарды орындау (эссе, жоба қорғау), емтихандағы жауап, зерттеулердегі, өз ұстанымын көрсету, академиялық қызметкерлермен, оқытушылар мен өзге білім алушылармен өзара қарым-қатынас, сондай-ақ бағалау барысындағы адалдығын айқындайтын құндылықтар мен ұстанымдардың жиынтығы;	
Апелляция (Appeal)	Апелляция (Appeal) – аралық және қорытынды аттестаттаудан өту кезінде білімді бағалауға қатысты даулы мәселелерді қарастыру рәсім	
Апелляциялықкомиссия	апелляциялық комиссия - университеттің барлық білім беру бағдарламаларындағы білім алушылардың (тыңдаушылар, бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура және PhD докторантура) аралық және қорытынды аттестаттаудан өту кезінде білімді бағалауға қатысты даулы мәселелерді қарастыратын комиссия.	

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің13-ші беті
Білім алушылардың білімін аттестаттау	білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың бір оқу сабағының, бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдердің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын оларды зерделеп бітіргеннен кейінгі меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім; білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;	
Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау	- білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау (апталық бағалау) – академиялық кезең ішінде, кестеге сәйкес оқытушылар өткізетін аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білім алушылардың білімін, икемділігі мен дағдыларын жекелеген тақырыптар, бөлімдер, модульдер бойынша кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру; - аралық бақылау - бір академиялық кезең ішінде бір оқу пәні шеңберінде екі рет (теориялық оқытудың 7-ші және 15-ші апталарында) өткізіледі және 100 балдық шкала бойынша қойылатын 1 (РК1) аралық бақылау және 2 (РК2) аралық бақылау балдары түрінде қойылады. Әрбір аралық бақылау бойынша бағалау білім алушының бағаланатын кезеңде алған ағымдағы бағаларынан құралады. РК1 (РК2) үшін ең жоғары балл – 100 балл. Рұқсат беру рейтингісінің бағасы жинақтаушы сипатқа ие және үлгерімнің ағымдық бақылауының бағалары мен аралық бақылаудың бағасынан құралады (семестр бойы 2 аралық бақылау). - I-аралық бақылау (Блок 1) - Академиялық күнтізбеге сәйкес, академиялық мерзімнің 7-аптасында (семестр), 5-аптасында (триместр), 4-аптасында (квартал) оқытушының тарапынан білім алушының оқудағы жетістіктерін қорытындылап, бағалау; - II-аралық бақылау (Блок 2) - Академиялық күнтізбеге сәйкес, академиялық мерзімнің 15-аптасында (семестр), 10-аптасында (триместр), 8-аптасында (квартал) оқытушының тарапынан білім алушының оқудағы жетістіктерін қорытындылап, бағалау;	
Білім беру бағдарламасы	білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені; негізгі білім беру бағдарламасы (Major) (мажор) - негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы; қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) (минор) - қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы.	
Бакалавриат (Baccalaureate)	бакалавриат – тиісті мамандық бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім, білім беру бағдарламалары;	
Бакалавр (Bachelor)	бакалавр – жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін дәреже;	
Белсенді үлестірмелі	белсенді үлестірмелі материалдар (БҮМ) (Hand-outs) – білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеру үшін оқу сабақтарында	

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің14-ші беті
материалдар (КУМ) (Hand-outs)	таратылатын көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар);	
Білім алушы	Бакалавриат, магистратура, резидентура, докторантура білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын тұлға.	
Білім беру бағдарламаларын модульдік негізде құрастыру	модульдік оқыту – білім беру бағдарламасының модульдік құрылымы, оқу жоспары және оқу пәндері негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі;	
Білім алушылардың білім срезі	білім алушылардың білім срезі – білім алушылардың академиялық оқу кезеңіндегі оқу жетістіктерін бағалау	
Білім беру порталы	білім беру порталы – ақпараттық-телекоммуникациялық желінің көмегімен білім беру процесіне қатысушылардың білім беру сипатындағы ақпараттық ресурстар мен көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуіне арналған ақпараттық жүйе;	
Білім алушылардың өзіндік жұмыстары (БӨЖ)	білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - БӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады;	
Білім алушылардың оқудағы жетістігі	білім алушылардың оқудағы жетістігі - білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары және құзыреті;	
Бағдарлау аптасы	Бағдарлау апталығы – бірінші курс студенттерін университеттің академиялық өмірімен таныстыратын уақыт.	
Бейресми білім беру Формальды емес білім беру	ересектерге формальды емес білім беру – оқыту орны, мерзімі және нысаны ескерілмей білім беру қызметтерін көрсететін білім беру ұйымдары жүзеге асыратын білім беру түрі және ол оқыту нәтижелерін растайтын құжат берумен бірге жүргізіледі.	
Дескрипторлар (deskriptors)	дескрипторлар (descriptors (дэскрипторс)) – білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің құзыреттіліктерде және академиялық кредиттерде қалыптасқан оқыту нәтижелеріне негізделетін тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын оқып аяқтауы бойынша алған білім, іскерлік, дағды және құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы;	
Дипломдық жоба	дипломдық жоба – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру жұмысы;	
Дуальды оқыту	Дуальды оқыту – кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынып және өтемақы төлемін төлей отырып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау	

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің15-ші беті
	нысаны;	
Дипломдық жұмыс	дипломдық жұмыс – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес студенттің өзекті проблеманы өз бетінше зерделеу нәтижелерін жинақтауды білдіретін бітіру жұмысы;	
Екі дипломдық білім беру	екі дипломдық білім беру - қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі;	
Еуропалық трансферт (аударым) және кредиттеу жинақтау жүйесі (ECTS)	Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі (ECTS) – білім алушының шетелде алған кредиттерін өзі оқитын білім беру ұйымына оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шеңберінде кредиттер жинау үшін есептелетін кредиттерге аудару тәсілі;	
Жоғары арнаулы білім (специалитет)	жоғары арнаулы білім (специалитет) – кемінде 300 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша маманның біліктілігін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;	
Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)	жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін ЖЖОКБҰ айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі;	
Жеке оқу жоспары (ЖОЖ)	жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ) – білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен студенттің әр оқу жылына арнап өзі құрастыратын оқу жоспары;	
Жаппай ашық онлайн-курс (бұдан әрі – ЖАОК)	жаппай ашық онлайн-курс (бұдан әрі – ЖАОК) – электронды оқыту технологиялары қолданылатын, жаппай интерактивті қатысуға және Интернет арқылы ашық қол жеткізуге болатын оқыту курсы;	
Жұмыс оқу жоспары	Білім беру бағдарламасы және студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде ЖЖОКБҰ дербес әзірлейтін оқу құжаты.	
Интернет (Intranet)	Білім беру ұйымының жеке ішкі торы.	
Кредиттік ұтқырлық	кредиттік ұтқырлық – білім алушыларды өзі оқитын ЖЖОКБҰ-да оқуын жалғастыру шеңберінде – академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында шетелге белгілі бір шектеулі оқу немесе тағылымдама кезеңіне орын ауыстыру (ұтқырлық фазасынан соң білім алушылар оқуын аяқтау үшін өзі оқитын білім беру ұйымына оралады);	
Құзыреттілік	құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті	
Қайта тіркеу кезеңі	Білім алушы бір пәнден бас тартып, басқа пәнге жазылу үшін өзінің жеке оқу жоспарын өзгертуге мүмкіндік беретін кезең.	
Магистратура	магистратура – кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;	
Магистрант	магистрант – магистратурада білім алушы тұлға;	
Магистерлік диссертация	магистерлік диссертация – ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы;	

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің16-ші беті
Магистрлік жоба	магистрлік жоба – бейінді магистратура магистрантының тандалған білім беру бағдарламасының өзекті проблемаларының қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын бітіру жұмысы;	
Модуль	модуль - дербес, білім беру бағдарламасының құрылымдық элементін оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған, айқын қалыптасқан, білім алушылар меңгеретін білім, іскерліктер, дағдылар, құзыреттер және бағалаудың барабар критерийлері;	
Модульдік оқыту	модульдік оқыту - білім беру бағдарламасының модульдік құрылымы, оқу жоспары және оқу пәндері негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі;	
Мультимедиа	мультимедиа - пайдаланушыға диалогтық режимде әр текті деректермен (графика, мәтін, дауыс, бейне) жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені;	
Міндетті компонент	міндетті компонент – МЖМС-да белгіленген және білім беру бағдарламасы бойынша студенттер міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің және тиісті академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің тізбесі;	
Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі	оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;	
Оқыту нәтижелері	оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;	
Оқыту нәтижелерін тану	оқу нәтижелерін тану – білім алу тәжірибесенің нәтижелерін, құзыреттер мен білім жиынтығын формальдау процесі;	
Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)	оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОБӨЖ) – ЖЖОКБҰ немесе оқытушы анықтайтын жеке кесте бойынша жүргізіледі; білім алушының жұмысы білім алушының санатына қарай ол: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОСӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОМӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОДӨЖ) болып бөлінеді;	
Оқу пәніне жазылу (Enrollment)	оқу пәніне жазу (Enrollment) – білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі;	
Оқытудың кредиттік технологиясы	оқытудың кредиттік технологиясы – білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту;	
Онлайн прокторинг	онлайн прокторинг – жекетұлғаныверификациялаужәнеонлайн-емтихандарданөтүнәтижелерінрастаужүйесі, олжазбаныңсақталуын, жекеадамдытануменсәйкестендіруді, шудеңгейінанықтайотырып, баспендененіңқозғалысынталдауды, мультифейстітануды, бөлмені 360 градусрежиміндежазуғасұраусалуды, күдіктіоқиғалардылогациялаудықамтамасызетеді;	
Оқу модулі	Білім алушылардың құзыреттіліктері тұтас немесе жартылай қалыптасатын олардың нақты оқыту нәтижелерін меңгеруіне бағытталған білім беру бағдарламасының құрылымдық элементі.	
Оқыту	Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту күндізгі	

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің17-ші беті
нысандары (Forms of training)	оқыту және (немесе) онлайн-оқыту және (немесе) экстернат нысандарында жүзеге асырылады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту күндізгі оқыту және (немесе) онлайн-оқыту нысандарында жүзеге асырылады.	
Пәннің сипаттамасы (Course Description)	пәннің сипаттамасы (Curse Description) – пәннің мазмұнын, мақсаттары мен міндеттерін, қысқаша нысанды қамтитын пәннің қысқаша сипаттамасы (5-8 сөйлемнен тұрады);	
Пәнді қайта оқу (Retake)	Қорытынды бағалауда «қанағаттанарлықсыз» («F») деп бағаланған жағдайда пәнді қайта оқу.	
Пререквизиттер (Prerequisite)	пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит) – пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері;	
Постреквизиттер (Postreguisite)	постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит) – зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері;	
Пәндер бағдарламасы (Syllabus)	пәндер бағдарламасы (Syllabus) – оқитын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның үйренуі тақырыбы мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушы талаптарын, бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы және әдебиеттер тізімі;	
Пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК)	Пәнді толыққанды игеруге ықпал жасайтын негізгі оқу-әдістемелік құжаттар пакеті.	
Регистратор офисі (Office of the Registrar)	Офис регистратор – білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімін бақылаудың барлық түрлерін және оның академиялық рейтингісіне есеп жасауды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін академиялық қызмет;	
Сандық білім беру ресурстары (бұдан әрі – СБР)	Интербелсенді түрде оқытуды қамтамасыз ететін, оқу пәні бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статистикалық және динамикалық үлгілер, виртуалды шынайылық пен интерактивті модельдеу нысандары, дыбыстық жазбалар мен өзге де цифрлық оқу материалдары.	
Түлек шығарушы кафедра	Кадрларын даярлау бағыты бейініне сәйкес түлек шығарушы кафедра.	
Таңдау компоненті	таңдау компоненті – ЖЖОКБҰ ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде студенттердің өздері таңдайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең аз көлемінің тізбесі;	
Транскрипт (Transcript)	транскрипт (Transcript) (транскрипт) – кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат;	
Тьютор (Tutor)	тьютор – білім алушыға нақты пәнді және (немесе) модульді игеруге көмектесетін академиялық консультант рөлін атқарушы оқытушы;	
Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA)	үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA) – тандап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары	

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің18-ші беті
	балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы);	
Үлгілік оқу жоспары (ҮОЖ)	үлгілік оқу жоспары (бұдан әрі - ҮОЖ) – білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды оқытудың тәртібін және бақылау нысандарын реттейтін құжат;	
Үлгілік оқу бағдарламасы (ҮОБ)	үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – ҮОБ) – Заңның 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес оқу мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті анықтайтын білім беру бағдарламасының міндетті компонентіндегі пәннің оқу құжаты.	
Цифрлық контент	контент – оқу материалдарын ақпараттық (мәтіндер, графикалар мультимедиаалар және басқа да маңызды толықтырулар) толықтыру;	
Эдвайзер (Advisor)	эдвайзер (Advisor) – тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы;	
Элективтік пәндер (Elective Courses)	элективті пәндер – жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер;	
Элективті пәндер каталогы	оқу пәндерінің жүйелі қысқаша сипатталған тізбесін көрсететін элективті пәндердің каталогы (ЭПК) әзірленеді, оның ішінде оқытудың мақсаты, қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) және күтілетін нәтижелері (білім алушылардың алған білімдері, іскерліктері, дағдылары, және біліктіліктері) көрсетілген пәнді сипаттайтын қысқаша суреттемесі беріледі. Аталған каталогта әрбір оқу пәндерінің пререквизиттері мен постреквизиттерін көрсетіледі. ЭОК білім алушыларға элективті оқу пәндерді баламалы таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.	

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 19-ші беті

3 Жалпы ережелер

3.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Академиялық саясаты (әрі қарай – Академиялық саясат) студенттерге бағытталған оқытуды жүзеге асыруға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған білім беру қызметін жоспарлау, басқару және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру бойынша шаралар, ережелер мен рәсімдер жүйесі болып табылады.

3.2 Академиялық саясат университеттің алдында тұрған басымдықтар мен міндеттерді ескере отырып, ғылым және жоғары білім саласындағы қолданыстағы заңнама негізінде әзірленді.

3.3 Академиялық саясат шеңберінде университеттің білім беру қызметінің дамуының басым бағыттары:

- студентке бағытталған тәсілді жүзеге асыру;
- мамандарды даярлау сапасын арттыру;
- салалық шеңберлер мен кәсіби стандарттар негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларының үлесін кеңейту;
- экономиканың нақты секторларының және ғылымның қазіргі жетістіктерінің даму деңгейі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын басқару;
- білім беру процесінде инновацияларды дамыту;
- білім беруді ғылыммен және бизнеспен интеграциялауды жүзеге асыру;
- білім беруді интернационалдандыру және әлеуметтік серіктестікті жүзеге асыру;
- кафедраларда дуальды оқыту желісін кеңейту;
- тілдік білімді дамыту;
- ОПК және білім алушылардың академиялық ұтқырлығын жүзеге асыру.

3.4 Академиялық саясат университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің, ОПК, қызметкерлер мен білім алушылардың орындауы үшін міндетті.

3.5 Академиялық саясат өзгермелі талаптарға сәйкес іске асырылады, бақыланады және қайта қаралады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 20-ші беті

4 САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

4.1 Университеттің сапа саласындағы саясаты

4.1.1 Сапа саласындағы саясат Ахмет Ясауи университетінде сапаны қамтамасыз ету және сапаны үздіксіз жетілдіру мәдениетін қалыптастырады.

4.1.2 Сапа саласындағы саясат стратегиялық менеджменттің бөлігі болып табылады, сондықтан университеттің Стратегиялық даму жоспарында айқындалған миссиясына, стратегиялық талдау нәтижелері мен даму бағыттарына сәйкес әзірленіп, бекітіледі.

4.1.3 Стратегиялық даму жоспары университеттің даму барысын регламенттейтін, бағыт беретін және орта мерзімді сипатқа ие құжат болып табылады.

4.1.4 Стратегиялық даму жоспары университеттің қажетті нәтижеге жетуді қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау мақсатында әзірленеді.

4.1.5 Стратегиялық даму жоспары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтай отырып әзірленеді, мынадай бөлімдерден тұрады: кіріспе, даму перспективаларының сипаттамасы; SWOT талдаулар, университет қызметінің жай-күйі, негізгі проблемалары мен олардың себептері және ұжымның инновациялық әлеуеті, кадрлар әлеуеті мен өзгеру үрдісінің болжамы, келешек келбет, миссия, құндылықтар, стратегиялық бағыттар, мақсаттар мен міндеттер, қойылған мақсаттарына жету жолдары немесе жүзеге асыру механизмі, күтілетін нәтижелер, іске асыру индикаторлары көрсетілген жоспар.

4.1.6 Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу үшін университет ректоры жұмыс тобын құрады. Жұмыс тобының құрамына университет ректоры, вице-ректорлар, сондай-ақ профессорлық-оқытушылар құрамының өкілдері кіреді.

4.1.7 Стратегиялық даму жоспары университеттің Сенат мәжілісінде талқыланып, Өкілетті Кеңесте бекітіледі.

4.1.8 Университет ректоры жыл сайын Стратегиялық даму жоспары бойынша басқару органдары алдында есеп береді, сондай-ақ оқу жылының аяқталуы бойынша қоғамдастықпен университеттің оқу, ғылыми-зерттеу және қаржылық қызметі мәселелері жөнінде есеп беру кездесулерін өткізеді.

4.1.9 Сапа саласындағы саясат ресми мәртебесі бар және профессор-оқытушылар құрамына, қызметкерлерге, білім алушыларға және көпшілікке университеттің сайтында қол жетімді.

4.1.10 Сапа саласындағы саясат университеттің сапа саласындағы мақсаттарын анықтаудың негізін құрайды.

4.1.11 Сапа саласындағы саясат өзгермелі талаптарға сәйкес іске асырылады, бақыланады және қайта қаралады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 21-ші беті

4.2 Университеттің сапа саласындағы мақсаттары

4.2.1 Университет және құрылым бөлімдері әр оқу жылында сапа саласындағы мақсаттарын әзірлеп, бекітеді.

4.2.2 Сапа саласындағы мақсаттар университеттің миссиясы, сапа саласындағы саясаты және Ахмет Ясауи университетінің даму Стратегиясы негізінде айқындалады. Сапа саласындағы мақсаттар халықаралық ISO 9001 стандарты, Халықаралық аккредиттеу талаптары, білім беру сапасын қамтамасыз ету стандарттары негізінде сапа менеджменті жүйесін жұмыс бабында ұстау және үздіксіз жақсарту нәтижесінде тұтынушылардың сұраныс-талаптарына қызметкерлерді бейімдеп, оны орындауды көздейді.

4.2.3 Сапа саласындағы мақсаттар өлшенетін және қолжетімді болуы, қажетті ресурстармен қамтылуы тиіс. Сапа саласындағы мақсаттар оны дайындаған құрылымдар тарапынан талқыланады және Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығында бақылау данасы тіркеледі.

4.2.4 Сапа саласындағы мақсаттарды жүзеге асыру жоспары жасалады. Сапа саласындағы мақсаттардың орындалу барысына мерзімді мониторинг және өлшеулер жүргізіліп, алынған деректер мен ақпараттар талдануы және бағалануы тиіс.

4.2.5 Оқу жылының соңында қорытынды талдау нәтижелері жаңа оқу жылына жоспарланатын сапа саласындағы мақсаттарды айқындауға және университеттің даму динамикасын анықтауға негіз болады.

4.3 Университеттің жоспарлау жұмыстары

4.3.1 Жылдық жоспарлау

4.3.1.1 Университеттің жылдық жұмыс жоспары Сенат мәжілісінде қаралады және бекітіледі. Университеттің жылдық жұмыс жоспарын дайындау кезінде сала бойынша вице-ректорлардың жұмыс жоспарлары негізге алынады.

4.3.1.2 Өкілетті Кеңес пен Сенат шешімдерін жүзеге асыру мақсатында белгіленген іс-шаралар бойынша Ректорат (Басқару Кеңесі) жұмыс жоспары жасалады. Ректорат жұмыс жоспары Басқару кеңесі мәжілісінде талқыланады және бекітіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 22-ші беті

4.3.2 Индикативті жоспарлау

4.3.2.1 Оқытушы-профессорлар құрамының индикативті жоспары кафедра меңгерушісінің келісімі және факультет деканымен бекітіледі кафедрада сақталады.

4.3.2.2 Кафедралардың индикативті жоспары Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа бөлімінің басшысымен келісіледі, факультет деканымен бекітіледі, кафедрада сақталады.

4.3.2.3 Факультеттердің индикативті жоспары, Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысымен келісіледі, Сапа бойынша өкілі ретінде Ғылым және стратегиялық даму вице-ректорымен бекітіледі факультетте сақталады.

4.3.2.4 Индикативті жоспарларды жоспарлау мониторингін Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы жүзеге асырады, ал орындау мониторингін Академиялық департамент, Ғылым департаменті, Жастар саясаты департаменті жүзеге асырады.

4.3.2.5 Әр семестрдің және оқу жылы соңында жоспарланған жұмыстардың нақты орындалуы, сондай-ақ тиімділіктің негізгі көрсеткіштерінің орындалуы анықталады.

4.7.2.6 Оқытушы-профессорлар құрамы индиктивті жоспардың орындалу жөнінен кафедралар, ал кафедра факультет есеп береді. Факультет жалпы академиялық бағыт бойынша Академиялық департаментке, ғылым бағыты бойынша Ғылым департаментіне, ал тәрбие-ұйымдастыру саласы бойынша Жастар саясаты департаментіне есеп береді. Индикативті жоспардың сапалық көрсеткіштеріне мониторинг жасау үшін Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығына Факультет жылдық қорытынды есептің сканерленген электронды нұскасын өткізеді.

4.2.3.7 Сапа бойынша басшылық өкілінің келісімімен индикативті жоспар мен олардың сандық көрсеткіштеріне нормативтік талаптарға сәйкес өзгерістер ендірілуі мүмкін.

4.2.3.8 Оқытушы-профессорлар құрамының индикативті жоспарының орындалуы бойынша есеп кафедра меңгерушісінің тарапынан, кафедралардың ИЖ есебі факультет деканымен тарапынан, ал факультет есептері Академиялық департамент, ғылым бағыты бойынша Ғылым департаменті, тәрбие-ұйымдастыру Жастар саясаты департаменті тарапынан бекітіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 23-ші беті

4.4 Білім сапасын ішкі қамсыздандыру жүйесі

4.4.1 Университеттің білім сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесі Жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің қазақстандық моделіне (ЖБСҚҚМ) негізделген.

4.4.2 ЖБСҚҚМ негізгі мақсаты – халықаралық деңгейде және еңбек нарығында білім беру жүйесі мен азаматтардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін білім беру сапасына қол жеткізу.

4.4.3 ЖБСҚҚМ - бұл өздеріне тән тетіктермен, құралдар мен және әдістер мен өзара байланысты және өзара әрекеттесетін келесі үш сапаны қамтамасыз ету деңгейлерінің жиынтығы:

- сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі;
- сапаны сыртқы қамтамасыз ету жүйесі;
- сапан қамтамасыз етуді мемлекеттік реттеу жүйесі.

4.4.4 Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі арқылы академиялық сапаға қол жеткізудің индикаторы – университеттің академиялық беделі болып табылады.

4.4.5 Университеттің академиялық беделін қалыптастыратын негізгі көрсеткіштер:

- жұмыс берушілер мен еңбек нарығының бағалау нәтижелері – университет түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі;
- аккредиттеу агенттіктерінің бағалалау нәтижелері - институционалдық және бағдарламалық аккредиттеу сертификаттары;
- ҚР және ТР үкіметтері тәрпынан бағалау нәтижелері – білім беруге мемлекеттік тапсырыстар көлемі;
- Ұлттық және халықаралық рейтинг агенттерінің бағалау нәтижелері – әртүрлі рейтингтердегі орындар.

4.4.6 Университетте сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің үдерістері [Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі](#) талаптарына сәйкес іске асырылады.

4.4.7 Университет сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесін іске асыруда Сапаны сыртқы қамсыздандыру жүйесін іске асыратын агенттіктері және Сапаны қамсыздандыру жүйесін мемлекеттік бақылау органдары тараптарынан бекітілген сандық және сапалық индикаторлар мен критерийлерді басшылыққа алынады.

4.4.8 Еуропалық білім беру кеңістігіндегі стандарттар мен жоғары білім сапасын қамтамасыз ету нұсқаулығы (ESG) контекстінде әзірленгендіктен, Академиялық саясат университетте білім сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің стандарттарын айқындайтын ішкі нормативтік құжат болып табылады.

4.4.9 Университет факультеттерінің базасында Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия құрылады. Ол білім сапасын ішкі қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыруға және іске асыру барысына мониторинг жүргізетін алқалық ұйым болып табылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 24-ші беті

4.4.10 Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы қызметінің бағыттары мен міндеттері [Факультеттегі Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ережесінде](#) келтірілген.

4.4.11 Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің қызметін үйлестіру және ұдайы жетілдіру университет деңгейінде құрылған Сапа комитетіне жүктеледі.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 25-ші беті

4.5 Академиялық адалдықты қамтамасыз ету

4.5.1 Академиялық адалдық университеттің білім беру үрдісіндегі негізгі құндылықтардың бірі болып табылады, оның сақталуы [Этикалық және тәртіп комиссиясының ережесі](#), [Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі](#), [Академиялық адалдық кодексі](#) талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

4.5.2 Білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауда бағаланатын жазбаша жұмыстары (емтихандағы жоба қорғау мен эссе, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар) мәтінді пайдалану және басқа тілден аударылған мәтінді пайдаланумен қоса мағынаны (парафраз) өзгертусіз сөйлемдердің және пікірлердің синонимдік ауыстырумен бөтен мәтінді пайдалану (бұдан әрі – бөтен мәтінді пайдалану) нысанына тексеруден өтеді.

4.5.3 Академиялық адалдық саласындағы міндеттер:

- академиялық адалдықтың бұзылу жағдайларын болдырмау;
- академиялық адалдықты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жағдай жасау;

4.5.4 Академиялық адалдықтың негізгі қағидаттары:

- академиялық жұмыста адалдық пен өзара сыйластықты қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету;

- жоғары әдеп құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған академиялық адалдықтың әділетті және объективті қағидаларын бекіту;

- басқа білім беру ұйымдарының верификацияланатын транскриптері негізінде білім алушының кредиттерін қайта есептеудің нақты тетігін және рәсімін анықтау жолымен білім алушының жүйелі және үздіксіз оқу траекториясын қамтамасыз ету;

- академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін оқытушы ретінде оқытушыға құрмет көрсету;

- академиялық адалдықты ілгерілету және қорғау үшін білім беру процесінің қатысушыларын көтермелеу және ынталандыру;

- оқытушының пәннің нақты саясатын, білім алушыдан күтілетін талаптарды анықтауы;

- оқытушының білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нақты параметрлері саясатын анықтауы;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін шаралар қабылдау;

- білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық ұждансыздықты көрсетудің алдын-алуға көмектесетін академиялық ортаны жасау.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 26-ші беті

4.5.5 Білім алушылар мен ПОҚ-ң Адалдық принциптерін сақтау міндеттері:

- басқа зияткерлік меншікті пайдалануға қатысты негізгі принциптерін құрметтеу және сақтау;
- этикалық стандарттарды қабылдау және оларды қатаң сақтау;
- кез келген жұмыс түрінде, ауызша және жазбаша түрде, ағымдағы және қорытынды бағалау барысында барлық адалдық принциптерді сақтау;
- ұсынылатын жұмыстардың білім беру жобасына қатысушылардың жеке жұмысы болып табылатынын есте сақтау;
- бөтен шығармалардан үзінділер пайдалану кезінде цитата, бөтен сөздерді қолдану сияқты тәсілдерді пайдалану;
- зерттеу жұмысы, эссе, жазбаша өтініштерді жазу кезінде сілтемелер пайдалану, онда белгілі бір ойдың, автор мен шығармалардың қайдан алынғаны көрсету;
- өздерінің курстастарына жеке басына пайдалану мақсатында орындалған жұмыстарды, жеке меншікті материалды ұсынуға жол бермеу;
- өз жұмыс тәжірибесінде академиялық адалдық принциптерін енгізуге жәрдемдесу;
- академиялық бұзушылық орын алған жағдайда ескерту;
- білім алушылардың тұрақты дамуы мен этикаға негізделген интеллектуалдық және адамгершілік оқыту үшін жағдай жасау;
- Қазақстан Республикасының аумағында да, сондай-ақ әлемдік қоғамдастықтағы қолданыстағы авторлық құқықтарды қорғау туралы нормативтік құжаттарды зерделеу;
- академиялық адалдық саясатын түсіндіру бойынша ақпараттық жұмыс өткізу;
- сабақ барысында, кездесулерді өткізу барысында, бөтен сөздер мен ойларды рәсімдеу тәсілдеріне көңіл бөлу;
- бұзушылық орын алған әрбір академиялық адалдықты қатаң есепке алу, осындай жағдайлар туралы деканаттарды хабардар ету, қажет болған жағдайда басшылыққа көмекке жүгіну;
- академиялық адалдықты қолдауға қатысты мәселелер бойынша семинарлар мен практикалық сабақтарға қатысу.

4.5.6 Академиялық адалдық бұзушылықтарының түрлері:

Келесі әрекеттер де плагиат ретінде бағаланады:

- түпнегізге сілтеме және тиісінше дәйексөз бермей басқа тұлғаның жазбаша жұмысының толық мәтіндерін немесе мәтін үзінділерін тікелей көшіру. Бұл ереже сондай-ақ ғаламтордан немесе басқа да электронды дереккөздерден материалдар көшіруге жатады;
- түпнегізді тиісінше көрсетпей мәтін элементтерін өзгертіп беру немесе сөздерін жартылай өзгерту;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 27-ші беті

- сөздерді өзгерту, түпнегізге сілтеме жасамай сөйлем құрылымын көшіру немесе дереккөзге сілтеме жасамай бір не бірнеше сөйлемдерді мағынасына жақындатып өзгертіп беру;

- түпнегізді көрсетпей және/немесе автордың келісімінсіз кестелерді, суреттерді, сызбаларды тағы басқа ақпараттың визуалды көріністерін пайдалану;

- бірлескен зерттеулердің немесе басқа оқу тапсырмаларының нәтижелерін иелену;

- басқа адамның толықтай немесе жартылай орындаған жұмысын өз атынан тапсыру немесе жариялау;

- академиялық жұмыстарды жазуға тапсырыс алу бойынша арнайы сервистік қызметтер ұсынатын басқа тұлғалардың орындаған жұмыстарын ұсыну немесе жариялау;

- жұмыс мәтінін әдейі бұрмалау, оның ішінде шрифтін өзгерту, басқа алфавиттердің символдарын пайдалану, жұмыс мәтініне арнайы символдар қосу, сөздегі символ тәртібін өзгерту, мәтіннен символдар бөлігін алып тастау т.с.с.

Келесі әрекеттер көшіру болып саналады:

- емтихан материалдарына немесе тапсырмалардың мәнін ашатын емтихан материалдары туралы ақпаратқа заңсыз қол жеткізіп алу;

- шпаргалка, ұялы телефондар, басқа да мәтіндік хабарламалар құрылғыларын немесе өзіне не басқа білім алушыға көмек көрсету мақсатында ақпарат алудың заңсыз тәсілдерін пайдалану;

- басқа студенттің емтихан жұмысынан көшіру (оның рұқсатымен болса да, рұқсатсыз болса да);

- басқа студентке өзінің емтихан жұмысынан көшірту немесе жауаптарды басқа студенттерге беру;

- емтиханға бөлінген уақыт біткен соң емтихан тапсырмасын орындауды жалғастыру;

- басқа студентке емтихан тапсырмасын орындап беруге өтіну;

- басқа тұлғалар тарапынан жоғарыда сипатталған әрекеттердің қайсы бірін орындауға ықпал ету және мүмкіндік беру.

Факультет декандары академиялық адалдықты қайталап бұзған білім алушыларды Этикалық және тәртіп комиссиясына шара қолдануға ұсынады. Оқудың барлық академиялық кезеңінде академиялық адалдықты қайталап бұзу білім алушыны университеттен шығаруға негіз болып табылады.

Бұрмалау – бағаларды немесе тапсырма жауаптарын, академиялық жазбаларды немесе басқа да құжаттарды, мәліметтерді (ғылыми сараптама кезінде бақылаулар, сауалнама нәтижелерінің жазбаларын қолдан жасау), академиялық жұмыста қойған қолды қолдан жасау, әдейі қолдан жасау немесе академиялық жұмысты жарамсыз ету.

Келесі әрекеттер ғылыми еңбектерді/жұмыстарды бұрмалау болып саналады:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 28-ші беті

- эмпирикалық мәліметтерді зерттеу нәтижелерін қолдан жасау;
- үшінші тұлғалардың жүргізген ғылыми жұмыстарын/еңбектерін өзінің жеке жұмысы ретінде ұсынуы;
- қалған сабақтарына, емтихандарына жасанды немесе жалған медициналық анықтамалар немесе еңбекке қабілетсіздік парағы, уақытылы орындалмаған жұмыстар т.с.с. университетке берілетін қандай-да жалған құжаттарды ұсыну.

Академиялық өнімді ойлап шығару – білім алушының академиялық өнім мазмұнын саналы түрде бұрмалау болып табылатын академиялық бұзушылығы, яғни білім алушыларға жалған мәліметтерді академиялық өнімде ұсыну

Жасыру – университет студенттерінің немесе қызметкерлерінің Кодекстің нормалары мен ішкі құжаттарды сақтамауы және қызметін адал орындамағаны туралы ақпаратты айтпай қалу немесе жасыру.

Келісу – басқа білім алушыны тексеруге және бағалауға тиіс кез келген академиялық жұмысты орындау.

Оқу ақпаратына заңсыз қол жеткізу және (немесе) оны тарату – емтихан сұрақтарының жауаптарын беру, білім алушыға бағалау кезінде қойылатын сұрақтар туралы мәлімет беру, бағаланатын жұмыстар үшін жартылай немесе толық материалды тиісті рұқсатсыз тарату, дайын баяндамаларды, эсселерді, тапсырмаларды және басқа да академиялық жұмыстарды сату немесе сатып алуға және/немесе сатуға көмек беру, білім алушыларға ұсыну үшін электронды пошта, компьютер т.с.с. арқылы көшіріп бағаланатын жұмыстың жауаптарын кез келген жолмен ұрлау.

Заңсыз мүдделілік – оқытушы-профессорлар құрамына, сондай-ақ университет қызметкерлеріне түрлі формадағы сыйақы беру, сондай-ақ жеке мүдделілік фактілерін таныту. Академиялық адалдық мақсаты – білім алушыларда, университеттің ОПК-ы мен қызметкерлерінде адалдық, ашық, шынайы және сенімді қарым-қатынас құру, сондай-ақ өмірдегі адалдықты дамыту мәселелері бойынша жауапкершілікті қалыптастыру.

4.5.7 Университет академиялық немесе тәртіптік сипаттағы кез келген бұзушылық жағдайларды қарау кезінде қызметкерлер мен студенттердің конституциялық және заңды құқықтарын сақтауға міндетті.

4.5.8 Университет қызметкерлері мен студенттері академиялық адалдық нормаларын білуге және сақтауға, өз әрекеті мен тәртібіне бірдей деңгейде жауапты болуға міндетті.

4.5.9 Бұзушылықтың әрбір жеке жағдайы оның ауырлық дәрежесіне, жасалу ниетіне, бұзушылықтан құтылу мүмкіндігіне, жасалу жүйелілігіне, оқу қызметіне қатысты бұзушылық нәтижесінде орын алуы мүмкін салдарына, басқа тұлғаларға немесе университетке тиер зиянына қарай жеке қарастырылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 29-ші беті

4.5.10 Бұзушылық жасаған тұлғаға қолданылатын жауапкершілік түрлері:

- ескерту;
- жұмысты және/немесе қойған бағаны жауапты тұлғалар толтырған Акт арқылы жою;
- бағаланатын жұмыстарды, оның ішінде диссертациялық жұмыстарды қорғауға рұқсат бермеу;
- тәртіптік жаза қолдану.

4.5.11 Ескерту, білім алушылардың әділдік жауапкершілігін орнату және жаңа бұзушылықтар жасауға жол бермеу мақсатында жауапты тұлғалар тарапынан жасалынады.

4.5.12 Жұмысты және/немесе қойған бағаны жауапты тұлғалар толтырған Акт арқылы жою аралық аттестаттау барысында жасалынады. Жауапты тұлғалар орын алған бұзушылыққа Акт толтырады, Тіркеуші офісіне жеткізеді. Акт негізінде білім алушыға пән бойынша «0» балл «F» бағасы қойылады.

4.5.13 Бағаланатын жұмыстарды оның ішінде дипломдық, диссертациялық жұмыстарды қорғауға рұқсат бермеу Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі және Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі талаптарына сәйкес іске асырылады.

4.5.14 Жауапкершілікке тарту кезінде академиялық адалдықты бұзу сипаты, бұзушылықты жасаған тұлғаның бұзушылықты жасағанға дейінгі және кейінгі тәртібі ескеріледі.

4.5.15 Білім алушыларға академиялық адалдық бұзушылық фактісі бойынша тәртіптік жаза қолдану процедуралары Университеттің Академиялық адалдық кодексінің талаптарына сәйкес іске асырылады.

4.5.16 Білім алушылардың академиялық адалдық бұзушылық жағдайында университет келесідей шаралар қолдана алады:

- ауызша, жазбаша ескерту;
- оқу тапсырмасын қайталап орындау;
- тапсырма бойынша бағасын төмендету;
- ақылы негізде пәнді (модульді) қайталап оқыту;
- университеттен шығару.

4.5.17 Плагиат немесе өзіндік плагиат (самоплагиат) фактілері айқындалғанда [«Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесінде»](#) көрсетілген шаралар қолданылады.

4.5.18 Академиялық адалдық талаптарын орындамағанына байланысты оқудан шығарылған білім алушылар қайта қалпына келтірілмейді.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің30–ші беті

5 БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ МЕН БЕКІТУ

5.1 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту

5.1.1 Университетте білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту [Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту ережесінің](#) талаптарына сәйкес іске асырылады.

5.1.2 Білім беру бағдарламаларын әзірлеумен университет Ректоры бұйрығымен кадрлар даярлау бағыттары бойынша құрылатын [Академиялық комитеттер](#) айналысады, олардың құрамына академиялық персоналдың, жұмыс берушілердің, білім алушылардың өкілдері кіреді.

5.1.3 Академиялық комитеттер кадр даярлау бағыты бойынша ерекшеліктерін, еңбек нарығының сұранысын, Университет миссиясын ескерумен ББ мақсатын және болашақ маманның кәсіптік стандарттарға негізделген және Дублин дескрипторлары мен еуропалық және ұлттық біліктілік шеңберлеріне үйлестірілген, жұмыс берушілердің ұсыныстарына сәйкестендірілген құзыреттілік моделін әзірлейді, ББ оқыту нәтижелерін айқындайды.

5.1.4 Оқыту нәтижелерін сипаттау кезінде еуропалық трансферт (аудару) жүйесіне сәйкес және кредиттердің жинақталуын (ECTS) қамтамасыз ету үшін университет мынадай шарттарды ұстанады:

- оқыту нәтижелері бағдарламаның мәнмәтінін, деңгейін, көлемін және мазмұнын көрсетеді;
- оқыту нәтижелері өзара байланысты (синегриялық) болады;
- оқыту нәтижелері түсінікті жазылады;
- оқыту нәтижелері бағдарламаның оқу жүктемесі шеңберінде қолжетімді болады;
- оқыту нәтижелері тиісті оқу қызметіне, бағалау әдістері мен өлшемдеріне байланысты жазылады.

5.1.5 Оқыту нәтижелеріне қол жеткізетін ББ мазмұны құрылымдық элементі ретінде модульге (пәнге) сәйкес әзірленеді. Модульдерді әзірлеуде кезінде пәндердің арасындағы логикалық байланысының ескерілуі және оқу материалының қайталанбауы қамтамасыз етілуі қажет, мүмкіндігінше мазмұны жақын пәндер модульдерге біріктіріледі.

5.1.6 Модульдің көлемі кемі 5 академиялық кредитті құрайды, бір және одан да көп пәндердің оқу жұмысының басқа түрлерінің (кәсіби практика, дипломдық жұмыс немесе диссертация т.б.) үйлесімінен тұрады.

5.1.7 Білім беру бағдарламасының мазмұнында оқыту нәтижелерінің оқу пәндерімен байланысын сипаттайтын матрица келтіріледі.

5.1.8 ББ құрамындағы негізгі – Major бағдарламасымен қатар, қосымша – Minor бағдарламасы аясында 20-30 кредитті игере отырып, білім алушылар қосымша біліктілікке ие бола алады, ол жалпы дипломда және транскриптте

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 31-ші беті

(дипломға қосымша) көрсетіледі. Бұл оларға бірегей білім алуға және түлектің дағдылары мен мүдделеріне сай жұмыс табуға мүмкіндік береді.

5.1.9 Minor көмегімен өзінің негізгі мамандығына белгілі бір басқа мамандануды қосуға болады, бұл еңбек нарығындағы позицияны айтарлықтай арттырады. Мысалы, педагог мамандығын ала отырып, өз қабілетін менеджмент бағдарламасында жүзеге асыруға немесе өз білімін компьютерлік ғылыммен толықтыруға болады. Minor бітірушінің таңдаған мансабының қажетті элементі болуы мүмкін.

5.1.10 ББ құрамындағы негізгі және қосымша бағдарламалар тізбесі (Major және Minor) және олардың ықтимал комбинациялары АК ұсыныстары бойынша белгіленеді.

5.1.11 Білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес келеді және пәндердің оқу-әдістемелік кешендері негізінде оқытудың барлық нысандары үшін бірыңғай жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу кестелері арқылы іске асырылады.

5.1.12 Білім беру бағдарламасын әзірлеу мен бекітуге қабылданған шешімнің және барлық деректердің дәйектілігі туралы жауапкершілік кафедра меңгерушісіне және АК төрағасына жүктеледі.

5.1.13 Әзірленген ББ ҚР ҒЖБМ Жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру бағдарламалар тізіліміне тіркелуге ұсынылады. Сараптамадан мақұлданып, тізілімде тіркелген ББ 5.1.1 көрсетілген ереже талаптарына сәйкес рәсімделіп, бекітіледі.

5.1.14 Университет білім беру бағдарламаларын оқытуды төрт тілде: қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асырады. Әр түрлі тілдерде оқытылатын пәндердің пайыздық арақатынасын жауапты кафедра дербес айқындайды.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 32-ші беті

5.2 Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу мен бекіту

5.2.1 Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ) білім алушылардың жеке оқу жоспары және [Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі](#) талаптары негізінде оқу жылына әзірленеді.

5.2.2 Модульдік оқыту принципі бойынша ОЖЖ-ы циклдер бойынша пәндердің кредиттер саны, оқыту тәртібі, оқу және бақылау түрлерін қамтитын келесі модульдерден тұрады: жалпы модуль, мамандықтың модулі (оның ішінде міндетті компонент және таңдау компоненті), кәсіптік практикалар, диплом жұмыстары (жобалары), магистрлік диссертациялар (жобалар) білім беру бағдарламасының тиісті модульдеріне қосылады. Бұл ретте кәсіптік практиканың әрбір түрі түрлі модульдерге жатқызылуы мүмкін.

5.2.3 Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (ЖБП), базалық пәндер (БП) және бейіндеуші пәндер (БеП).

5.2.4 ЖБП циклі міндетті компонент (МК), жоғары оқу орны компоненті (ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды.

5.2.5 Университетте мазмұны ҮОБ-мен айқындалатын ЖБП циклінің тізбесіндегі міндетті компонент пәндерінің көлемін қысқартпайды. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары ерекшелік болып табылады.

Университет тиісті бейіндегі білім беру бағдарламаларын қоспағанда, ҮОБ анықтайтын ЖБП циклінің «Қазақстан тарихы» және «Философия» пәндерінің мазмұнын өзгеріссіз қалдырады.

- Кәсіптік даярлау сапасын арттыру және ЖЖОКБҰ кадрларын даярлау бағыттарының ерекшеліктерін есепке алу үшін ҮОБ айқындайтын «Шет тілі», «Орыс тілі», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Дене шынықтыру» пәндерінің мазмұнына дербес өзгерістер енгізеді.

- Университет ҮОБ-мен анықталатын «Қазақ тілі» пәнінің және әлеуметтік-саяси білім модулінің мазмұнына 50%-ға дейін өз бетінше өзгерістер енгізеді

- ЖК және ТК пәндерін университет дербес анықтайды және еңбек нарығының қажеттілігін, жұмыс берушілердің күтуін және білім алушылардың жеке мүдделерін ескереді.

- ЖБП циклінің пәндерін қоспағанда, білім алушылар білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқыту траекториясын дербес айқындайды.

5.2.6 Дене шынықтыруды, тілдік пәндерді қоспағанда, әрбір оқу пәні қайталанбайтын бір атауға ие

5.2.7 Оқу жоспарлары пәндерді оқытудың логикалық бірізділік принципі, пререквизиттер мен постреквизиттерін ескере отырып жасалады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 33-ші беті

5.2.8 ОЖЖ бір оқу жылына жасалады және Оқу-әдістемелік комитет мәжіліс шешіміне сәйкес бекітіледі.

5.2.9 ОЖЖ-ы оқытушының оқу жұмысының көлемін есептеуге негіз болады.

5.2.10 ОЖЖ-нда пәндерді кодтаудың бірыңғай жүйесі қолданылады. Оқу пәндерін кодтау ережелеріне сәйкес әріптік және сандық таңбалардың өрнегіндегі оқу жоспарындағы әрбір пәнге тиісті код беріледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің34-ші беті

5.3 Пәннің оқу бағдарламаларын әзірлеу мен бекіту

5.3.1 Міндетті пәндердің Үлгілік оқу бағдарламалары ҚР ҒЖБМ тарапынан бекітіледі. Басқа пәндердің оқу жұмыс бағдарламалары (силлабус) дайындалады және барлық пәндер бойынша пәнді жүргізуге жауапты кафедраларда Білім беру бағдарламасының және пәннің оқу-әдістемелік кешендері әзірленеді.

ҮОБ бакалавриатта ЖБП циклының міндетті компонентінің пәндері бойынша әзірленеді;

Университет тиісті бейіндегі білім беру бағдарламаларын қоспағанда, ҮОБ анықтайтын ЖБП циклінің «Қазақстан тарихы» және «Философия» пәндерінің мазмұнын өзгеріссіз қалдырады;

Кәсіптік даярлау сапасын арттыру және университет кадрларын даярлау бағыттарының ерекшеліктерін есепке алу үшін ҮОБ айқындайтын «Шет тілі», «Орыс тілі», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Дене шынықтыру» пәндерінің мазмұнына дербес өзгерістер енгізеді;

Университет ҮОБ-мен анықталатын «Қазақ тілі» пәнінің және әлеуметтік-саяси білім модулінің мазмұнына 50% - ға дейін өз бетінше өзгерістер енгізеді.

5.3.2 Оқу жұмыс бағдарламасы (Силлабус) – пәнді оқып үйренуді іске асыруда білім алушы үшін негізгі жұмыс құжаты болып табылады.

5.3.3 Силлабуста оқытушы туралы мәлімет, жұмыс орны және оның байланыс телефондары көрсетіледі, пәннің оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету туралы мәліметтер беріледі.

5.3.4 Оқу пәндерінің мазмұны үлгілік оқу жоспарларымен және (немесе) оқу жұмыс бағдарламаларымен (силлабустармен) анықталады.

- силлабустарды білім беру бағдарламасының барлық пәндері бойынша ОПҚ дербес әзірлейді.

- силлабустарды Білім беру бағдарламасының және пәннің оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, дайындау ережесінің талаптарына сәйкес әзірлейді.

- силлабус факультеттің оқу-әдістемелік комитетінде қарастырғаннан кейін факультет деканымен бекітіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 35-ші беті

5.4 Элективті пәндер каталогын әзірлеу мен бекіту

5.4.1 Білім беру бағдарламаларының оқу-жұмыс жоспарларында білім алушылармен зерттелу үшін пәндердің үш тобы ұсынылады. Біріншісі – міндетті оқып – зерттелуге жататын пәндер, екіншісі – ЖЖОКБҰ ұсынатын пәндер (ЖК), үшіншісі – білім алушылардың өздерімен таңдалатын элективті пәндер (ТК).

5.4.2 Элективті пәндер каталогы – ББ барлық таңдау пәндерінің оқу мақсатын көрсете отырып пәндердің қысқаша сипатталуын, қысқаша мазмұндалуын (негізгі тараулар) және оқудың болжалды нәтижелерін (студенттермен меңгерілетін білімдер, дағдылар, машықтар мен құзыреттер) қамтитын, жүйеленген аннотацияланған тізілімі.

5.4.3 Элективті пәндер каталогы білім алушылардың болашақ кәсіби қызметті ескере отырып, жеке оқу жоспарына енетін пәндерді дұрыс таңдауында маңызды рөл атқарады.

5.4.4 Элективті пәндердің каталогын жасау процедурасы келесіні қамтиды:

- әр кафедрада әзірленген пәндердің тізімін ұсынады, пәндерге пререквизиттер мен постреквизиттер, ұсынылатын курстың қысқаша мазмұны мен оқудың қалыптастырылып отырған оқу нәтижелері қоса тіркеледі;

- білім беру бағдарламасын іске асыратын кафедра бұл білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған барлық пәндерді зерттейді және кафедра мәжілісінде, жұмыс берушілер мен жоғарғы курстардағы білім алушылардың қатысуымен, өз саласында белсенді өмірлік позицияны танытатын кәсіпкерлердің қалыптасуына әсер тигізетін пәндерді элективті пәндердің каталогына енгізу туралы шешім қабылдайды.

5.4.4 Элективті пәндер каталогы [Элективті пәндер каталогын әзірлеу ережесі](#) талаптарына сәйкес кафедрада әзірленеді.

5.4.5 Әр оқу жылының соңында ББ әзірлейтін кафедралар ғылымның, тәжірибенің даму тенденцияларын, нарық қажеттіліктері мен университеттің білім беру қызметі тұтынушыларының сұрауларын ескеріп, ББ мазмұнына және таңдау пәндерінің құрамына өзгерістер енгізеді, элективті пәндер каталогы қайта қарастырылып, бекітіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 бетің36–ші беті

6 СТУДЕНТКЕ БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ, САБАҚ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

6.1 Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру

6.1.1 Университетте оқу процесі кредиттік оқыту технологиясы талаптарына сәйкес ұйымдастырылады.

6.1.2 КОТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру нәтижесінде:

- білім алушылар мен оқытушылардың әрбір пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша еңбек шығынын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесі енгізіледі;

- білім алушылардың ЖОЖ қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін, элективті пәндердің каталогына енгізілген пәндерді және (немесе) модульдерді таңдау еркіндігі жасалады;

- пәндерге тіркеу кезінде білім алушылардың оқытушыны таңдау еркіндігі қамтамасыз етіледі;

- оқу процесіне білім алушылардың білім траекториясын таңдауына ықпал ететін эдвайзерлер қызметі тартылады;

- білім беру бағдарламасын игеруге теориялық оқытуды өндірістік кәсіпорында тәжірибелік оқытумен ұштастыру мақсатында [Дуальды оқыту бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесінің](#) талаптарына сәйкес дуальды оқыту іске асырылады;

- интерактивті оқыту әдістері пайдаланылады;

- білім беру бағдарламасын игеруде білім алушылардың өзіндік жұмыстарына басымдық беріледі;

- факультеттің және кафедралардың оқу процесін ұйымдастырудағы және Университетке арналған ББ қалыптастыруда академиялық еркіндігі қамтамасыз етіледі;

- оқу процесі қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз етіледі;

- білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістері қолданылады;

- әр оқу пәні және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың баллдық-рейтингтік жүйесі пайдаланылады.

6.1.3 Бір оқу жылы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру университет Сенаты шешімімен бекітілетін Академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады. Оқу жылы академиялық кезеңдерден (семестр – 15 апта, триместр – 10 апта, жазғы семестр – 6 апта), аралық аттестация, практика, демалыстар, қорытынды аттестаттау кезеңінен тұрады. Резидентура білім беру бағдарламалары бойынша сабақ кестесіне сәйкес әр пән циклы аяқталғаннан кейін білім алушы аттестатталады

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 37-ші беті

Әр оқу жылының барлық кезеңдерінің ұзақтығы мен күндері академиялық күнтізбеде көрсетілген, ол білім алушылардың назарына жеткізіледі және жарияланады.

6.1.4 Бакалавр, магистр, резидент немесе PhD докторы дәрежесін алу үшін білім алушы тиісті білім деңгейіндегі білім беру бағдарламасын игеріп, кемінде академиялық кредит алу керек: бакалавриат – 240/300, магистратура – 60/90/120, докторантура – 180, резидентура – 140/210/280, интернатура – 60/120. Үздіксіз интеграцияланған медициналық білімнің білім беру бағдарламаларын оқытудың аяқталуының негізгі өлшемшарты білім алушылардың білім беру бағдарламаларының құрылымына сәйкес базалық пәндер циклін, қорытынды аттестаттау және деңгейаралық интеграцияланған бағдарламалардың оқу қызметінің барлық түрлерін, қоса алғанда, бүкіл оқу кезеңі үшін 360 академиялық кредит игеруі болып табылады.

6.1.5 Білім алушыларды пәнге тіркелу кезінде қажетті ақпараттармен қамтамасыз ету университеттің білім порталы арқылы іске асырылады.

6.1.6 Білім алушылардың оқу жетістіктерінің тарихы:

- пәндер, оқытушылар, аралық және қорытынды бақылаудың, аралық және қорытынды аттестаттаудың нәтижелері, сонымен қатар кәсіптік практиканың барлық түрлері білім порталында электрондық журналда көрсетіледі;

- тиісті оқу кезеңіндегі аяқталған пәндер тізімін және танылған пәндер тізімін, әріптік-сандық және цифрлық белгілердегі кредиттер мен бағалары, GPA балы транскрипте көрсетіледі.

6.1.7 Транскрипте білім алушының барлық қорытынды бағалары (қосымша тіркелген пәндердің, емтиханды қайта тапсырудың оң нәтижелері) жазылады.

6.1.8 Транскрипт университеттің Тіркеуші офисімен рәсімделіп, беріледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 38-ші беті

6.2 Білім алушының пәнге тіркелуі және жеке оқу жоспарын құрыстыру

6.2.1 Білім алушылардың пәнге тіркелуі және профессор-оқытушыларды таңдауы, жеке оқу жоспарын құрастыру білім беру бағдарламасының оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде бір оқу жылына құрастырылады.

6.2.2 Білім алушы оқу жылындағы оқудың жеке жоспарын эдвайзермен, Тіркеуші офис менеджерлерімен бірлесе отырып құрастырады. Академиялық лек пен топтың толығы университеттің автоматтандырылған ayu.edu.kz домені бар жүйеде қарастырылған.

6.2.3 Білім алушы өзінің жеке оқу жоспарын білім беру бағдарламасының негізгі оқу жоспарына сәйкес толық меңгеруіне дербес жауапты болады.

6.2.4 Білім алушылардың пәндерге тіркелуі уақыты сәуір айында, жаңадан қабылданған білім алушылар үшін тамыз айының соңғы аптасы болып табылады. Пәнге тіркелуі бекітілген кесте бойынша жүргізіледі, кестені Академиялық департамент дайындайды.

6.2.5 Білім алушыларға академиялық қарыздарын, немесе басқа университеттен ауысуына, қайта қалпына келтірілуіне, сондай-ақ академиялық ұтқырлыққа байланысты анықталған пән айырмашылықтарын жою үшін академиялық кезең басталмай 1 апта алдын пәндерге алғы шарт (пререквизит) қағидасын сақтау шартымен тіркелуге мүмкіндік беріледі.

6.2.6 Білім алушы академиялық демалыстан оралған кезде пәндерге тіркеліп, ЖОЖ құрастыруға мүмкіндік беріледі. Анықталған пән айырмашылығын бір оқу жыл тегін тапсырады.

6.2.7 Тіркелуден алдын кадр даярлаушы кафедралардың меңгерушілері эдвайзерлермен бірге білім алушыларға пәндерді таңдауы бойынша алдын-ала кеңес беру жұмыстарын ұйымдастырады. Білім алушыларға пәндер туралы мәліметтер, оның ішінде пән сипаттамалары, оқыту нәтижелері, пререквизиттер мен постреквизиттер, пән оқытушылары туралы ақпараттар университеттің автоматтандырылған ayu.edu.kz домені бар жүйеде орналастырылған.

6.2.8 Оқу пәндеріне тіркелуі Академиялық департамент бекіткен тіркеу кестесіне сәйкес белгіленген мерзімде университеттің автоматтандырылған ayu.edu.kz домені бар жүйесінде жүзеге асырылады.

6.2.9 Университетте академиялық күнтізбеге сәйкес жаңадан қабылданған білім алушылар үшін деканат тарапынан бағдарлау апталығы өткізіледі. Бағдарлау апталығы барысында университеттің міндеттері, оқытудың кредиттік технологиясы қағидалары және болашақ кәсіби қызметінің перспективалары, пәндерге тіркелуі тәртібі туралы жалпы мәліметтер таныстырылады. Әкімшілік өкілдерімен, факультет декандарымен, кафедра меңгерушілерімен, эдвайзерлермен кездесулер өткізіледі. Әрбір білім алушыға ayu.edu.kz домені корпоративті почта ашылып, жеке сәйкестендіру

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің39–ші беті

ID нөмірі (логин) беріліп, ол өзінің жеке оқу жоспарын академиялық пәндерге тіркелуі арқылы құрастырады.

6.2.10 Әрбір білім алушы өзінің оқу жетістіктері туралы мәліметті университеттің автоматтандырылған ауу.edu.kz домені бар жүйесіндегі жеке кабинетінен көре алады және академиялық қарыздары болған жағдайда теориялық оқудың кейінгі кезеңдерінде жою үшін қайта тіркелуі мүмкіндіктерін пайдалануына өзі жауапты болып табылады.

6.2.11 Жазғы семестрге тіркелуі қосымша келісім-шарт негізінде қысқы және көктемгі аралық аттестаттау мерзімдері аяқталғаннан кейін білім алушылардың өтініштері негізінде іске асырылады. Жазғы семестрге тіркелген білім алушыларға академиялық күнтізбеге сәйкес ЖОЖ құрастырылады және оқыту ақылы түрде жүргізіледі.

6.2.12 Оқу жылы соңында келесі оқу жылында білім алушылардың пәндерге тіркелуі бұйрығы шығарылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 40-ші беті

6.3 Аудиториялық сабақтарды ұйымдастыру

6.3.1 Аудиториялық сабақтар білім алушының келесі оқу әрекеттерін қамтиды: дәрістер, семинарлар, практикалық және зертханалық жұмыстар, студиядағы жұмыстар, оқытушының жетекшілімен жүргізілетін жұмыс.

6.3.2 Университетте аудиториялық сабақтарды ұйымдастыру және жүргізу Университеттің профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлау ережесіне сәйкес анықталған ОПК оқу жүктемесі мен бекітілген сабақ кестесіне сай іске асырылады.

6.3.3 Білім алушылармен аудиториялық сабақтарды ұйымдастыру келесі тұжырымдамалық педагогикалық қағидаларға сүйенеді:

- білім беру процесінің негізі – оқыту емес, оқу;
- білім алушы оқу процесінің нысаны емес, оның оқыту субъектісі болуы тиіс;
- білім алушы тек белгілі бір білім, білік, дағды көлемін меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар өз бетінше білім алуды, ақпаратпен жұмыс істеуді, танымдық іс-әрекет тәсілдерін меңгеруді үйренуі тиіс, олар оның жалпы мәдени және кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз етеді.

6.3.4 Оқытушы сабақ барысында білім алушылардың танымдық қызметін жандандыруды ұйымдастырады, білім алушының тақырыпты меңгеруі білім алушы өзіндік жұмысы (БӨЖ) барысында толық жүзеге асырылады.

6.3.5 Лекция (дәріс) мен практикалық (семинар), лабораториялық (зертханалық), студиялық сабақтар, білім алушының өзіндік жұмысы, оқытушының басшылығымен орындайтын білім алушының өзіндік жұмысы арасындағы кредиттер көлемінің ара қатынасы оқу жоспарына сәйкес дербес анықталады.

6.3.6 Аудиториялық сабақтарды өткізу кезінде жеке, жұптық және топтық жұмыстар ұйымдастырылатын, жобалық жұмыстармен рөлдік ойындар пайдаланылатын, құжаттармен және әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жүргізілетін оқытудың белсенді және интерактивті әдістері кеңінен қолданылады.

6.3.7 Интерактивті оқыту әдістерін қолдану нәтижесінде:

- білім беру процесінің тиімділігін арттырылады, жоғары оқыту нәтижелеріне қол жеткізіледі;
- білім алушылардың пәнді оқуға ынтасын күшейтеді;
- білім алушылардың кәсіби дағдыларын қалыптастырады және дамытады;
- коммуникативтік дағдыларды қалыптастырады;
- талдау дағдыларын және рефлексиялық көріністерді дамытады;
- ақпаратты қабылдау мен өңдеудің заманауи техникалық құралдары мен технологияларын меңгеру дағдыларын дамытады;
- ақпаратты өз бетінше табу және оның шынайылығын анықтау білігін қалыптастырады және дамытады;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 41-ші беті

- аудиториялық сабақ уақытының тиімділігін арттырады және студенттердің өзіндік жұмыстарының көлемін ұлғайтады.

6.3.8 Лекция мазмұны ББ айқындалған оқу нәтижелерін қалыптастыруға бағытталады. Лекцияның негізгі сипаттамалары:

- ғылымилығы, қатаң дәлелділігі: оқытылатын ғылым саласының проблемалық және пікірталас тудыратын сұрақтарын қамтиды;

- мазмұнының әдістемелік дұрыс тұрғызылуы және тақырыптың ұтымды ашылуы. Мазмұндалатын сұрақтарға лектордың білім деңгейінің сәйкестігі, күрделі дәлелдемелерді сәйкесінше өз сөзімен айтуы, күрделі үдерістерді жазу кезінде олардың математикалық моделін пайдалануы, ілгеріде мазмұндалған материалдарды қатыстыруы, едәуір басты және қиын меңгерілетін сәттерді бөліп алуы, қорытынды шығару кезінде шектеу мен жіберілетін қателіктерді негіздеуі, сөйлемдегі ойды өз сөзімен айтуында бір мағыналы болуы маңызды рөл атқарады;

- лекция материалдарының мамандық саласымен байланысы, бейіндік ғылымды дамытуды терең түсіну үшін лекцияда қарастырылатын қағидалардың дүниетанымдық және әдіснамалық мәнін негіздейді;

- лекция өзіндік жұмыста білімді тереңдетуге қызығушылықты тудыруы қажет, тек оқулық ғана емес, сонымен қатар, монографиялық және ғылыми журналдарды оқуға білім алушыларды бағыттауы қажет;

6.3.9 Университет лекциялық дәрістерді оқуын ғылым докторы және (немесе) ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылыми атақтары (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор), сондай-ақ тиісті ғылымдар бойынша магистр академиялық дәрежесі бар оқытушылармен және (немесе) қызметінде өтілі кемінде 3 жыл немесе бейін бойынша кемінде 5 жыл практикалық өтілі бар аға оқытушылармен қамтамасыз етеді.

6.3.10 Лекциялық дәрістерді оқуға және (немесе) басқа оқу сабақтарының түрлерін өткізуге ғылыми қызметкерлер, еңбегі сіңген мәдениет, өнер, спорт қайраткерлері, шығармашылық одақтардың мүшелері немесе тәжірибелі мамандар тартылады.

6.3.11 Практикалық және семинар сабақтары пән бойынша білім алушының оқу жұмысының басты түрі болып табылады және білім беру бағдарламасының оқу жоспарында қарастырылған академиялық кредиттер (сағаттар) мөлшерінде орындалады;

6.3.12 Практикалық және семинар сабақтардың мақсаттары – білім алушыларға пән (модульде) айқындалған оқу нәтижелерін қалыптастыру, танымдық қабілеттерін, дербес ойлауын және шығармашылық белсенділігін дамыту.

6.3.13 Практикалық және семинар сабақтардың міндеттері:

- оқу пәні білімдерін бекіту, тереңдету және кеңейту;
- оқу пәнінің теориялық қағидалары мен тұжырымдарын талдау/саралау әдістеріне баулу/үйрету;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 42-ші беті

- нақты практикалық тапсырмаларды шешуде заманауи теориялық және ғылыми-техникалық әдістер мен құрылғыларды пайдалану іскерліктері мен дағдыларын меңгерту;

- оқу пәнінің нақты тақырыбы бойынша әдебиет көздерін зерделеу/оқып үйрету және талдау/талдату.

6.3.14 Лабораториялық сабақ пән бойынша білім алушының оқу жұмысының басты түрі болып табылады және ББ оқу жоспарында қарастырылған уақыт мөлшерінде орындалады.

6.3.15 Лабораториялық сабақтардың мақсаттары – білім алушыларға пәнде (модульде) айқындалған оқу нәтижелерін қалыптастыру:

- нақты практикалық тапсырмаларды орындау үдерісінде білімдерді және дағдыларды тереңдету және кеңейту;

- білім алушылардың белсенділігін және өз бетінше жұмыс жасауын дамыту;

- техникалық құралдарды пайдалану, қондырғыларды, конструкцияларды қолдану дағдыларын меңгерту;

- эксперимент нәтижелерінде алған мәліметтерді талдау іскерліктерін меңгерту.

6.3.16 Аудиториялық сабақтар кафедра меңгеруші бекіткен әдістемелік нұсқаулықтармен қамтамасыз етілуі керек. Сабақтарды өткізуде әдістемелік нұсқаулықтардың электрондық нұсқалары да қолданылады олар білім алушылардың дәріске дайындығын қамтамасыз ету үшін алдын ала беріледі.

6.3.17 Аудиториялық сабақтар қажетті оқу және ақпараттық-анықтамалық әдебиеттермен қамтамасыз етіледі.

6.3.18 Мемлекетте төтенше жағдай жарияланған мерзімде аудиториялық сабақтар Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы «on-line» және «off-line» режимінде өткізіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 43-ші беті

6.4 Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру

6.4.1 Білім алушылардың өзіндік жұмысы екі бөліктен тұрады:

- оқытушы жетекшілігімен орындайтын студенттің өзіндік жұмысынан (ОБӨЖ),
- білім алушылардың өзіндік жұмысы (БӨЖ).

6.4.2 Жоспарланған БӨЖ, ОБӨЖ тақырыптары мен бағалау саясатын оқу жұмыс бағдарламасында (Syllabus), лекция жинақтарында, практикалық (семинар), зертханалық, жеке сабақтар т.б бойынша әдістемелік нұсқауларында жазады. Яғни, БӨЖ ұйымдастыру, орындау, жоспарлау және қабылдау технологиясы, БӨЖ бақылау мен бағалау, талдау формасы нақтыланып жазылу тиіс.

Қажет болған жағдайда әр пән бойынша БӨЖ, ОБӨЖ ұйымдастыру, қабылдау, бағалау бойынша нұсқаулықтар дайындалады.

БӨЖ қабылдау түрін, уақытын, көлемін пәннің ерекшелігі мен БӨЖ)-ге бөлінген кредит санын ескере отырып, оқытушы дербес анықтайды.

6.4.3 ОБӨЖ бөлек кестемен ұйымдастырылады. ОБӨЖ үшін бөлінетін уақыт аудиториялық сабақтарға бөлінген уақыттан кем болмауы керек. ОБӨЖ бөлінген уақыт оқытушының жүктемесіне кіреді және сабақ кестесінен тыс орындалады.

6.4.4 Өзіндік жұмыс бақылау кестесі кафедра мен факультет деңгейінде түзілуі, кафедрада барлық пән бойынша жүргізілетін жұмыстар мен әр топтағы жұмыстарды үйлестіруге мүмкіндік тудырады.

6.4.5 БӨЖ ұйымдастыру және қабылдау технологиясы мынандай кезеңдерден тұрады:

- БӨЖ жоспарлау;
- әдебиеттермен, әдістемелік-нұсқаулармен қамтамасыз ету;
- БӨЖ бақылау және бағалау, талдау және одан ары дамыту.

6.4.6 Өзіндік жұмыс төмендегі оқыту нәтижелерін қамтамасыз етуі тиіс:

- ғылыми және техникалық әдебиетпен жұмыс тәртібін меңгеру, өз бетінше ақпарат іздестіру, ақпараттарды сыни көзқараспен талдау ғылыми-зерттеу және шығармашылық қабілеттерді дамыту, шешім қабылдау;

- үй тапсырмасын, курстық және дипломдық жұмыстарды (жобаларды, магистрлік диссертацияларды) орындауда, практикалық, семинар және лабораториялық сабақтарға, блок пен семинарға, ағымдағы және қорытынды бақылауға дайындалғанда пәннің теориялық материалын тереңдетіп бекіту, практикалық дағдыларын қалыптастыру;

- еңбекқорлықты, алға қойған мақсатқа жету, тыңғылықтылықты, жұмыс уақытын дұрыс жоспарлап ұйымдастыра білуді тәрбиелеу, оқытудың үздіксіздігі мен жүйелілігін қамтамасыз ету.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 44-ші беті

6.5 Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау

6.5.1 Кәсіптік практика оқу, педагогикалық, зерттеу, өндірістік және диплом алды деген түрлерге бөлінеді (бұдан әрі – практика). Практика білім алушының жеке оқу жоспарына сай Академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде [Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі](#) талаптарының негізінде ұйымдастырылады.

6.5.2 Білім алушылардың оқу үдерісінде алынған теориялық білімдерін бекіту, дағдыларын қалыптастыру, өндіріс орындарындағы озық тәжірибені меңгеру мақсатында ұйымдастырылатын кәсіптік практикалар білім алушының оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады.

6.5.3 Кәсіптік практиканың кредит саны, өткізу мерзімі және ұзақтығы практиканың бағдарламасы мен Академиялық күнтізбеде көрсетіледі. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде академиялық кезеңнен бөлек, сондай-ақ академиялық кезеңмен қатар кәсіптік практиканы өткізуге рұқсат етіледі.

6.5.4 Кәсіптік практиканың негізгі түрлері: оқу, оқу-таныстыру, тілдік, педагогикалық, педагогикалық (үздіксіз), өндірістік педагогикалық, өндірістік, дипломалды және зерттеу практикалары деп қарастырылады.

6.5.5 Кәсіптік практиканың ұзақтығы 30 сағатқа тең апта ішінде (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағат) практикадағы білім алушының нормативтік жұмыс уақытына қарай аптамен анықталады. Яғни практиканың кредитпен есептелген көлемі 1 аптасы 30 сағатқа тең болғандықтан, барлық практиканың түрі үшін 1 аптасы 1 кредит деп есептеледі. Практика семестр бойына академиялық күнтізбеде бекітілгендей үздіксіз ұйымдастырылуы мүмкін, бұл ретте кредит сағаттар саны 15 апта ішінде сәйкес бөлінеді.

6.5.6 Кәсіптік практикалардың барлық түрі бойынша бағдарламалары білім беру бағдарламаларына жауапты кафедралар тарапынан дайындалып, факультет деканы бекітеді.

6.5.7 Оқу және оқу-таныстыру практикаларының базалары – оқу орындары, оқу шеберханалары, зертханалар, полигондар, тәжірибелік-шаруашылық мекемелері, жоғары оқу орындарының басқа да қосымша - оқу бөлімшелері, сонымен қатар болашақ кәсіби қызметіне сәйкес ұйымдар болып табылады.

6.5.8 Оқу, оқу-таныстыру практикасының мақсаты – білім алушыларды оқу орыны қызметінің бағыттарымен, іске асырылатын білім беру бағдарламаларымен, болашақ кәсіби қызметінің мақсатымен, меңгеріліп жатқан білім беру бағдарламаларының оқу орнында алатын орнымен және атқаратын қызметі түрлерімен таныстыру.

6.5.9 Педагогикалық практиканың мақсаты – жалпы ғылыми, мәдени, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерін тереңдету және сонымен қатар теориялық оқыту нәтижелерін

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 45-ші беті

бекіту, тәжірибелік дағдылар мен құзыреттіліктерді меңгеру, инновациялық педагогикалық технологиялар игеруге болып табылады.

6.5.10 Педагогикалық практиканың базасы мектепке дейінгі білім беру, жалпы орта білім беру, бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік білім беру және жоғары білім беру ұйымдары болып табылады.

6.5.11 Өндірістік практиканың базалары ретінде білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес мекемелер таңдап алынады.

6.5.12 Дипломдық жұмысын (жобасын) дайындау және жазу үшін дипломалды практика қарастырылады. Бұл практиканың мазмұны дипломдық жұмысының (жобасының) мазмұнымен анықталады. Дипломдық жұмыстың немесе дипломдық жобаның орнына екі кешенді емтихан тапсыратын білім алушылар өндірістік практика ІІІ жалғастырып, тиісті академиялық кредитін меңгереді.

6.5.13 Дипломалды практиканың жетекшісі болып диплом жұмысының ғылыми жетекшісі бекітіледі.

6.5.14 Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық және зерттеу практикалары қарастырылады.

6.5.15 Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасының педагогикалық практикасы университеттерде өткізіледі және оның мақсаты – оқыту мен оқу әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру. Бұл ретте магистранттар бакалавриат, докторанттар бакалавриат және магистратура білім беру бағдарламаларында сабақ өткізуге тартылады.

6.5.16 Зерттеу практикасының мақсаты – отандық және шетелдік ғылымның ең жаңа әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми-зерттеудің экспериментті деректерді өңдеудің және түсінік берудің қазіргі заманғы әдістерімен танысу, қолдану, диссертациялық зерттеулерде практикалық дағдыларды бекіту мақсатында өткізіледі.

6.5.17 Бейінді магистратураның білім беру бағдарламасы бейіндеуші пәндер циклінде өндірістік практиканы қамтиды.

6.5.18 Магистранттың өндірістік практикасы оқыту, оқу процесінде жинаған теориялық білімдерін бекіту, дағдыларды, құзыреттер мен оқыған білім беру бағдарламасы бойынша кәсіби деңгейін арттыру, практикалық кәсіби қызмет тәжірибесін алу, сондай-ақ озық тәжірибені меңгеру мақсатында өткізіледі.

6.5.19 Зерттеу (өндірістік) практиканың мазмұны диссертациялық (жобалық) зерттеу тақырыбымен айқындалады.

6.5.20 Практиканың түрлері бойынша практика базалары мен университет арасында келісім-шарт жасалады. Практика басталғанға дейін 1 айдан кешіктірмей практиканы ұйымдастыру бойынша үлгілік шарттың нысанына сәйкес практика базаларымен тиісті келісім-шарттар жасалады.

6.5.21 Практиканың барлық түрлері білім беру бағдарламаларының негізінде дайындалып, білім беру нәтижелеріне (білім, біліктілік, дағды және құзыреттерге) бағытталатын практика бағдарламаларына сәйкес өткізіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 46-ші беті

6.5.22 Білім алушыларды кәсіптік практикаларға жіберу кезінде ұйымдастыру конференциялары өткізіледі. Конференцияда білім алушылар кәсіптік практиканың бағдарламасы және бұйрығымен таныстырылады. Барлық білім алушылар практика бағдарламасы, жолдамасы, жұмыс жоспар-кестесі және практика күнделігімен қамтамасыз етіледі.

6.5.23 Практика соңында сәйкесінше жабылу және қорытындылау конференциялары ұйымдастырылады.

6.5.24 Білім алушылардың кәсіптік практикада игерген білім беру нәтижелерін бағалау үшін жауапты кафедраларда кафедра меңгерушілерінің өкімдерімен арнайы комиссиялар құрылады.

6.5.25 Білім алушы аталған комиссияда практика есебін қорғайды, оның практика барысында игерген оқыту нәтижелері (ОН) бағаланады. Кәсіптік практиканың нәтижелері аралық аттестаттау кезінде ескеріледі.

6.5.26 Практика есебін қорғау нәтижелері «Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және жоғары білім беру бағдарламаларында қорытынды аттестаттау өткізудің» ережесіне сәйкес бағалардың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

6.5.27 Теориялық курсты толық аяқтамаған бітіруші курс білім алушысы өндірістік практикаға жіберілмейді.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 47-ші беті

6.6 Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру

6.6.1 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі формаларына факультеттік, кафедралық және кафедрааралық студенттердің ғылыми үйірмелерінде жүргізілетін студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы жатады.

6.6.2 Университетте СҒЗЖ [Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ережесі](#), [Студенттік инновациялық жобаларды коммерцияландыру конкурсын ұйымдастыру ережесі](#) талаптарына сәйкес жүргізіледі.

6.6.3 СҒЗЖ негізгі мақсаттары:

- университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің көп деңгейлі жүйесін қалыптастыру;
- инновациялық дамыған қоғам үшін креативті ойлай білетін және тез өзгеретін сыртқы орта жағдайында негізделген және тұжырымды шешімді қабылдай білетін жоғары білікті маман дайындау;
- Ахмет Ясауи университетінің ғылыми құндылықтарын сақтау және көбейту;
- Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын (СҒЗЖ) оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттердің шығармашылық өзара қарым-қатынасы арқылы дамыту;
- студенттердің ғылыми зерттеулері арқылы білім беру үдерісінің сапасын жоғарылату, білім беру, ғылым және тәжірибелік үдерістердің бірыңғайлығын қамтамасыз ету;
- зерттеудің ғылыми әдістерін меңгеру жолымен креативтілігін қалыптастыру;
- студенттің шығармашылық дамуға деген өз құқығын жүзеге асыруға, ғылыми зерттеулерге және ғылыми-техникалық жобаларға қатысуға мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін әрбір студенттің қажеттіліктеріне, мақсаттарына және мүмкіндіктеріне сәйкес толық бағалы, тең және қолжетімді жағдайды жасау және дамыту;
- Кәсіби білімдері мен тәжірибелік дағдыларын, этикалық талаптар туралы хабардар болуын және ғылыми зерттеулердің этикалық нормаларының студенттер үшін маңыздылығын жетілдіру;
- студенттер үшін ғылыми зерттеулердің кәсібилігі мен тәжірибелік дағдыларын жетілдіру;
- студенттерді заманауи зерттеу жұмыстарының принциптері мен әдістеріне, оның ішінде зерттеуді дайындау және жүргізуге, ғылыми жұмыстарды жазуға және жариялауға дайындауға үйрету;
- зерттеу нәтижелерін презентациялау және ғылыми пікірталастың ұтымды әдістерін қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- Ғылым мен технологияның соңғы жетістіктерімен, жарияланымдармен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 48-ші беті

- ақпаратты іздеу және негізгі ғылыми құжатты құрастыру дағдыларын дамыту;

- СҒЗЖ нәтижелерін қаржылай қолдау және өңірлік сұраныстарға байланысты коммерциализациялауға ұсыну.

- СҒЗЖ коммерцияландыруға жаңа ғылыми, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік немесе қолданбалы нәтижелерден тұратын тәуелсіз жобалар ұсынылады.

- СҒЗЖ нәтижелерін коммерцияландыру демеушілік қаражаттар және университет қаржысы есебінен қаржыландырылады.

6.6.4 Студенттердің зерттеу жұмыстары кафедраларда, зертханаларда жүргізіледі

6.6.5 Студенттердің ғылыми жұмыстарының жетекшілерін кафедра мәжілісінде анықтайды, факультет деканымен бекітеді.

6.6.6 Әр семестрде кафедраларда студенттердің ғылыми жұмыстарының нәтижелері туралы хабарламаларды тыңдайтын жоспарлы ғылыми семинарлар өткізілуі тиіс. Мұндай семинарлар студенттерде ғылыми хабарламаларды дайындау, өздерінің зерттеу нәтижелерін қорғау және баяндау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

6.6.7 Студенттің орындаған зерттеу жұмысы туралы есеп ретінде келесілер ескеріледі:

– зерттеу бағыттары бойынша модель, макет, бағдарламалық өнім және т.б.;

– Университет деңгейіндегі студенттік ғылыми конкурстарда, конференцияларда баяндама жасау;

– қалалық деңгейдегі студенттік ғылыми конкурстарда, конференцияларда, олимпиадаларда баяндама жасау;

– республикалық, халықаралық деңгейдегі конференцияларға ғылыми жұмысының нәтижелері бойынша баяндамамен, постерлік баяндамамен қатысу;

– ғылыми және білім беру қорларының студенттік шәкіртақы конкурстарына ұсыну;

– республика деңгейіндегі студенттік ғылыми конкурстарға ұсыну;

– жас ғалымдарға арналған грант қаржыландыру конкурстарына стартап жобаларды ұсыну.

6.6.8 Ректорат университет есебінен СҒЗЖ республикалық конкурсының бірінші, екінші, үшінші кезеңдері лауреаттары атанған студенттерді марапаттау шараларын жүзеге асырады.

6.6.9 Ақшалай сыйақы көлемі берілу қаржылай мүмкіндікке қарай беріледі. Ақшалай сыйақы ұжымдық жұмыстың бірлескен авторларына тең көлемде бөлінеді.

6.6.10 Магистранттардың және докторанттардың ғылыми жұмысын ұйымдастыру «Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 49-ші беті

(магистратура, докторантура) бойынша ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмыстары туралы» ережесіне сәйкес жүзеге асады.

6.6.11 Магистранттың жұмыс көлемін құрайтын ғылыми-зерттеу/эксперименттік зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ/ЭҒЗЖ) магистратураның ББ міндетті құрамдас бөлігі болып табылады, ол ғылыми жетекшінің жетекшілігімен орындалады.

6.6.12 МҒЗЖ/ЭҒЗЖ барысында магистрант инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысып, зерттеулер жүргізеді, талдау жасап, осы жұмыстар барысында алынған материалдарды магистрлік жұмысына енгізеді.

6.6.13 МҒЗЖ/ЭҒЗЖ аясында магистранттың жеке жұмыс жоспарында ғылыми ұйымдарда және/немесе тиісті саладағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан міндетті түрде өтуі көзделеді.

6.6.14 МҒЗЖ/ЭҒЗЖ оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе бөлек кезеңде жүргізу жоспарланады.

6.6.15 Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы магистранттың МҒЗЖ қойылатын талаптар:

- магистратураның магистрлік диссертация орындалып, қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сай келеді;
- өзекті әрі ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар болады;
- ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделеді;
- қазіргі заманғы ғылыми зерттеулерді қолданып орындалады;
- негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден тұрады;
- тиісті білім саласындағы озық халықаралық тәжірибеге негізделеді.

6.6.16 Бейіндік магистратурадағы магистранттың ЭҒЗЖ қойылатын талаптар:

- магистратураның магистрлік жоба орындалып, қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сай келеді;
- ғылым, техника және өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделеді және онда нақты практикалық ұсыныстар, басқарушылық міндеттердің дербес шешімдері беріледі;
- озық ақпараттық технологияларды қолданып орындалады;
- негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінен тұрады;

6.6.17 Магистрант МҒЗЖ/ЭҒЗЖ-ын StrikePlagiarism бағдарламасы арқылы плагиатқа тексеріп, №1 Ұқсастық коэффициентінің шекті мәні – 50% және одан төмен, №2 Ұқсастық коэффициентінің шекті мәні – 15% және одан төмен болған жағдайда семинарға жіберіледі.

6.6.18 Магистранттың МҒЗЖ/ЭҒЗЖ жұмысы Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры бекіткен семинарлар кестесіне сәйкес кеңейтілген кафедра

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 50-ші беті

мәжілісінде тыңдалып, бағаланады және хаттамамен рәсімделеді, алынған баға университеттің автоматтандырылған ayu.edu.kz домені бар жүйесіне енгізіледі.

6.6.19 Магистранттың МҒЗЖ/ЭҒЗЖ соңғы қорытындысы магистрлік диссертация/жоба болып табылады.

6.6.20 Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша білім алушының ДҒЗЖ-на қойылатын талаптар:

- докторлық диссертация қорғалатын докторантура бағдарламасының негізгі мәселелеріне сай келуі тиіс;
- өзекті әрі ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы болуы тиіс;
- ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделеді;
- деректерді өңдеу және түсіндірудің компьютерлік технологиялар қолданылатын заманауи әдістеріне негізделеді;
- қазіргі заманғы ғылыми зерттеулерді қолданып орындалады;
- негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден тұрады.

6.6.21 Бейіндік доктор бағдарламасы бойынша оқитын білім алушының ЭҒЗЖ қойылатын талаптар:

- докторлық диссертация қорғалатын докторантура бағдарламасының негізгі мәселелеріне сай келуі тиіс;
- өзекті әрі ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар болады;
- ғылым, техника және өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделеді және онда кешенді, қызметаралық сипаттағы міндеттер бойынша нақты практикалық ұсыныстар, дербес шешімдер беріледі;
- озық ақпараттық технологияларды қолданып орындалады;
- негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінен тұрады.

6.6.22 Докторант ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ жұмысын StrikePlagiarism бағдарламасы арқылы плагиатқа тексеріп, №1 Ұқсастық коэффициентінің шекті мәні – 50% және одан төмен, №2 Ұқсастық коэффициентінің шекті мәні – 15% және одан төмен болған жағдайда семинарға жіберіледі.

6.6.23 Докторанттың ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ жұмысы Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры бекіткен семинарлар кестесіне сәйкес кеңейтілген кафедра мәжілісінде тыңдалып, бағаланады және хаттамамен рәсімделеді, алынған баға «университеттің автоматтандырылған ayu.edu.kz домені бар жүйесіне енгізіледі.

6.6.24 Докторлық диссертацияны орындау ДҒЗЖ/ДЭЗЖ кезеңінде жүзеге асырылады.

6.6.25 ДҒЗЖ/ДЭЗЖ-ның қорытынды нәтижесі докторлық диссертацияны дайындау және жазу болып табылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 51-ші беті

6.6.26 ДҒЗЖ/ДЭЗЖ орындау барысында докторант академиялық адалдық кодексінде баяндалған академиялық адалдық ережелерін басшылыққа алып, олардың сақталмауы үшін тиісті жауапкершілік шараларын көтеруі тиіс.

6.6.27 ДҒЗЖ VI орындамаған докторант 1 жыл ішінде қайта тапсыруға өтініш берген жағдайда ДҒЗЖ VI кредиттерін ақысыз орындауға мүмкіндігі болады. 1 жылдан асқан докторанттар ДҒЗЖ VI кредиттерін ақылы түрде тапсырады

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 52-ші беті

6.7 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау

6.7.1 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі

6.7.1.1 Білім алушының білімін бағалау халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйе, 4 баллдық сандық эквивалент және 100 баллдық шкала бойынша жүргізіледі.

6.7.1.2 Білім алушылардың білімін бағалау үшін балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі және ECTS бағаларына аудару ережелері қолданылады:

- А бағасы 4 баллға, 95-100%, «өте жақсы» бағасына сәйкес келеді;
- А- бағасы 3,67 баллға, 90-94%, «өте жақсы» бағасына сәйкес келеді;
- В+ бағасы 3,33 баллға, 85-89%, «жақсы» бағасына сәйкес келеді;
- В бағасы 3,0 баллға, 80-84%, «жақсы» бағасына сәйкес келеді;
- В- бағасы 2,67 баллға, 75-79%, «жақсы» бағасына сәйкес келеді;
- С+ бағасы 2,33 баллға, 70-74%, «жақсы» бағасына сәйкес келеді;
- С бағасы 2,0 баллға, 65-69%, «қанағаттанарлық» бағасына сәйкескеледі;
- С- бағасы 1,67 баллға, 60-64%, «қанағаттанарлық» бағасына сәйкескеледі;
- Д+ бағасы 1,33 баллға, 55-59%, «қанағаттанарлық» бағасына сәйкескеледі;
- Д бағасы 1,0 баллға, 50-54%, «қанағаттанарлық» бағасына сәйкескеледі;
- FХ бағасы 0,5 баллға, 25-49%, «қанағаттанарлықсыз» бағасына сәйкес келеді.
- F бағасы 0 баллға, 0-24%, «қанағаттанарлықсыз» бағасына сәйкес келеді.

6.7.1.3 Тілдер бойынша (шет тілі, қазақ, орыс тілдері) білім алушылардың оқудағы жетістіктері шет тілдері бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың деңгейлік үлгіге және ECTS дәстүрлі бағалар шкаласына сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады. Тілді меңгеру деңгейі жалпыеуропалық шет тілді меңгерудің құзыретіне (A1, A2, B1, B2, C1, C2) сәйкес болады.

6.7.1.4 Университетте білім алушының білім беру бағдарламасы деңгейінде және жеке модульдер немесе оқу пәні деңгейінде айқындалған оқыту нәтижелеріне қол жеткізуін бағалау ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізу арқылы жүргізіледі.

Сондай-ақ, «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша 3-курс білім алушыларының білімі мен дағдылары Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы (ҰТЕО) тарапынан тәуелсіз бағаланады.

Тәуелсіз бағалаудан өте алмаған білім алушылар емтиханды қайта тапсыру үшін ҰТЕО сайты арқылы тіркелуі қажет.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 53-ші беті

Аттестаттаудан сәтсіз өткен жағдайда, білім алушы академиялық үлгермеушілікке байланысты оқудан шығарылады.

Білім алушыны 4-курсқа ауыстыру немесе қайта қалпына келтіру тек ҰТЕО өткізетін тәуелсіз бағалау нәтижесі бойынша берілетін куәлік негізінде жүзеге асырылады.

6.7.1.5 Бағалау процесінде сапаны қамтамасыз ету мақсатында келесі талаптар орындалуы тиіс:

- оқытушылар қолданыстағы тестілеумен және емтихан алу әдістері мен таныс болуы, осы саладағы өздерінің біліктіліктерін арттыруы тиіс;
- бағалау критерийлері мен әдістері, сонымен қатар баға қою критерийлері алдын-ала жариялануы керек;
- бағалау студенттерге оқыту нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін көрсетуге мүмкіндік береді. Білім алушылармен кері байланыс орнатылуы тиіс, қажет болған жағдайда, оқу процесіне байланысты кеңестер беріледі;
- мүмкін болғанда, емтиханды бірнеше емтихан алушы жүзеге асыруы тиіс;
- бағалау барлық білім алушыларға қатысты бірдей (біртұтас), дәйекті болуы және бекітілген ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы керек;
- апелляцияның ресми рәсімі қарастырылуы керек.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 54-ші беті

6.7.2 Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау және аралық аттестаттау

6.7.2.1 Білім беру бағдарламасы деңгейіндегі оқыту нәтижелері (ОН) негізінде оқытушымен анықталған жеке модульдің немесе оқу пәнінің оқыту нәтижелері (ПОН), оларды бағалау критерийлері мен әдістері, сонымен қатар бағалау графигі силлабуста жарияланады, оқыту нәтижелерін бағалау Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ереже талаптарына сәйкес жүргізіледі.

6.7.2.2 Білім алушының ағымдағы оқудағы жетістіктерін тексеру үшін бақылаудың келесі түрлері мен формалары қарастырылған:

- ағымдағы бақылау (апталық бағалау);
- аралық бақылау (блок, АБ1, АБ2);

6.7.2.3 Аудиториялық сабақ кезінде оқытушылар білім алушының пән бойынша оқыту нәтижелерін игеру дәрежесіне бақылау жүргізеді. Оқу үдерісі барысында семестрдің 7 және 15 (денсаулық сақтау даярлау бағытының I және II аралық бақылаулары модуль және циклмен оқытылатын пәндер үшін соңында қойылады), триместрдің 5 және 10 апталарында жинақталған балдық көрсеткіштері бойынша екі аралық бақылау нәтижелері жинақталады.

6.7.2.4 Білім алушылардың ағымдық үлгерімі, сабаққа қатысуы, өзіндік жұмыстарының уақтылы және толық орындалғаны аралық бақылаудың нәтижесіне әсер етеді.

6.7.2.5 Аралық бақылау университеттің автоматтандыру жүйесіндегі автоматты түрде қойылады. Бағалау саясаты пән силлабусында көрсетілген.

6.7.2.6 Кәсіптік практика бойынша қорытынды бағалау - есепті қорғау нәтижелері кәсіптік практика бағдарламаларында көрсетілген пайыздық мөлшерде есептеледі және бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша сараланған (дифференциалды) сынақпен бағаланады.

6.7.2.7 Білім алушы дәлелді себептермен (денсаулық, отбасылық және қызметтік жағдайларға байланысты) ағымдағы бақылауға (апталық, күндік бағалау) қатыса алмаған жағдайда, дәрігерлік анықтама немесе ресми құжат негізінде ағымдағы бақылау факультет деканының өкімімен I, II бақылау мерзіміне дейін ұзартылады.

6.7.2.8 Бағалау барысында академиялық адалдық принциптері сақталуы қамтамасыз етіледі.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 55-ші беті

6.7.3 Жоғары білім беру бағдарламасын бітірушілерді қорытынды аттестаттау

6.7.3.1 Қорытынды аттестаттаудың кредиті МЖМС талаптарына сәйкес белгіленеді.

6.7.3.2 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ары қарай – ЖБ МЖМС) белгіленген нысандарда [Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі](#) бойынша өткізіледі.

6.7.3.3 ЖБ МЖМС сәйкес кадр даярлау бағыттары бойынша (қажет жағдайда жеке ББ үшін) қорытынды аттестаттауды өткізу нысанын кадр даярлаушы кафедралар/Академиялық комитеттер 30 қарашаға дейін дербес айқындап, университеттің Оқу-әдістемелік комитетінде бекітеді.

6.7.3.4 Қорытынды аттестаттау қорытындысы тапсырылған күні жарияланады.

6.7.3.5 Білім алушы қорытынды аттестаттаудың нәтижелерімен келіспесе, аттестаттау өткізілгеннен кейінгі бір жұмыс күннен кешіктірмей апелляцияға беруіне болады.

6.7.3.6 Апелляция өткізу үшін факультет декандарының ұсынысы негізінде университет басшысының бұйрығымен біліктілігі бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады. Апелляция өткізу тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

6.7.3.7 «Қанағаттанарлықсыз» баға алғаннан кейін денсаулық жағдайы туралы АК-на ұсынылған құжаттар қарастырылмайды.

6.7.3.8 Бағаны жоғарылату мақсатында Қорытынды аттестаттауды қайта тапсыруға/қорғауға рұқсат берілмейді.

6.7.3.9 «Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған тұлғаларға Қорытынды аттестаттауды қайта тапсыруға/ қорғауға қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат берілмейді.

6.7.3.10 Қорытынды аттестаттауға бекітілген кестеге сәйкес дәлелді себеппен келмеген білім алушы АК төрағасының атына өтініш жазады, дәлелді себепті растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсатымен осы АК-ның басқа отырысы болған күні емтихан тапсыруына / қорғауына болады. Қорытынды аттестаттауға бекітілген кестеге сәйкес дәлелді себеппен келмеген жоба тобының мүшесі дәлелді себепті растайтын құжатты ұсынып жоба топтың толығымен басқа күнге қорғауға ауысуына өтініш жасай алады.

Қорытынды аттестаттауға бекітілген кестеге сәйкес келмеген білім алушыға АК хатшысы хаттамаға «келмеген» белгі қояды. Қорытынды аттестаттау мерзімі аяғына дейін білім алушы дәлелді себепін ұсынбаған жағдайда хаттамадағы «келмеген» белгі университеттің автоматтандырылған жүйеде «F-қанағаттанарлықсыз» бағасына қояды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 56-ші беті

6.7.4 Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын бітіруші білім алушыларды қорытынды аттестаттау

6.7.4.1 Магистратура бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау түрінде, резидентура бағдарламалары бойынша кешенді емтихан түрінде өткізіледі.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбеге және ББ негізгі оқу жоспарларына сәйкес белгіленеді, [Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі](#) бойынша өткізіледі.

6.7.4.2 Қорытынды аттестаттауға білім беру процесін аяқтаған және білім алушының жұмыс және жеке оқу жоспары талаптарын толық орындаған білім алушылар жіберіледі. Магистранттарды ҚА-ға ҚА басталардан 2 апта бұрын жіберу факультет декандарының ұсынысы негізінде ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады. Ректордың бұйрығын тіркеуші офис дайындайды.

Резиденттерді қорытынды аттестаттауға жіберу білім алушылардың тізімі тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), білім беру бағдарламасы көрсетіле отырып қорытынды аттестаттауға факультет деканының өкімімен рәсімделіп, 1 апта бұрын АҚ-ға ұсынылады.

6.7.4.3 Қорытынды аттестаттаудан өтпеген тұлғалар келесі оқу жылында, қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір айдан кешікпей, ЖЖОКБҰ басшысының атына қайта қорытынды аттестаттауға жіберуге рұқсат беру туралы өтініш жазады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 57-ші беті

7 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ОЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІ, ТАҢУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

7.1 Білім алушыларды оқуға қабылдау

7.1.1 Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар адамдар қабылданады.

7.1.2 Университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы вице-ректордың шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына вице-ректорлар, Университеттің құрылымдық бөлімшесі басшылары мен профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы тақ саннан тұрады. Қабылдау комиссиясының төрағасы университеттің ректоры болып табылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы қабылдау комиссиясының жауапты хатшысын тағайындайды.

7.1.3 Университетке бакалавриат деңгейіндегі білім беру бағдарламаларына және дайындық курсы бағдарламасына білім алушыларды қабылдауды Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік ережелеріне, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді [қабылдау ережесінің](#) талаптарына сәйкес жүзеге асырады. Қабылдау рәсімі мен критерийлері бойынша ақпарат университет сайтында орналастырылады.

7.1.4 Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша, оның ішінде «Педагогика ғылымдары» және «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнаулы немесе шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады. Арнаулы және шығармашылық емтихандар әрбір білім беру бағдарламасының тобы бойынша жасалып, бекітілген ережелер негізінде қабылданады. Ережедегі арнаулы және шығармалық емтихандарды қабылдаудың рәсімі мен критерийлері бойынша ақпарат университет сайтында орналастырылады.

7.1.5 Әрарнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін Университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы вице-ректор шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссия құрамына Университеттің, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. «Өнер» және «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» даярлау бағыты бойынша шығармашылық емтихандар бойынша комиссия құрамына мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті органның өкілдері кіреді.

Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссиясының төрағасы сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 58-ші беті

Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

7.1.6 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда бакалавриаттың білім беру бағдарламасына жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғары білімі бар азаматтар ҰБТ нәтижесі бойынша университетте бекітілген шекті балды алған азаматтар қабылданады.

7.1.7 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл жинау қажет.

7.1.8 «Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдауды қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

7.1.9 Жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

7.1.10 Университетке жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды қабылдауды Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік ережелерінің және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне «Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға қабылдау ережесінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

7.1.11 Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген адамдар қабылданады.

7.1.12 Магистратураға қабылдау кешенді тестілеудің (бұдан әрі-КТ) конкурстық негізінде жүзеге асырылады.

7.1.13 Резидентураға түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтихандарын тапсырады. Резидентураның білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханын жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы дербес жүргізеді.

7.1.14 Докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі бар немесе медицина мамандықтары бойынша резидентурада оқу бітірген

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 59-ші беті

тұлғалар қабылданады. Докторантураға тұлғаларды қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

7.1.15 Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша шетел азаматтарын оқуға қабылдау Университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес күнтізбелік жыл бойы жүргізіледі.

Бакалавр білім беру бағдарламаларында ақылы негізде білім алғысы келетін ҰБТ тапсырған ұлты қазақ шетел азаматтарынан басқа шетел азаматтары Дайындық орталығының бір жылдық курсынан өткен жағдайда ғана қабылданады. Қабылдау емтиханы Дайындық орталығына тыңдаушыларды қабылдау ережесі арақылы жүзеге асырылады. Шетел азаматтарын магистратура, резидентураға қабылдау ақылы негізде қабылдау комиссиясының тестілеу емтиханы нәтижесімен қабылданады. Тестілеу емтиханы қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен емтихан бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Шетелдік азаматтарды докторантураға қабылдау білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

7.1.16 Университетке Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген және ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар мен тілдік даярлық деңгейін арттыру үшін оқитын талапкерлерді қабылдау Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығының және университеттің Дайындық орталығына тыңдаушыларды қабылдау ережесіне талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

7.1.17 Университетке қабылданған білім алушылар тілдік пәндерден (қазақ, орыс, түрік, шет тілдері) деңгейін анықтау мақсатында тест тапсырады. Тестті ұйымдастыру және өткізу Қабылдау комиссиясына, Академиялық және Ақпараттық технологиялар департаменттеріне жүктеледі.

Қабылданған шетел азаматтары оқыту тіліне қарамастан қазақ және түрік тілі пәндерін оқуға міндеттеледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің60–ші беті

7.2 Білім алушылардың үлгерімі

7.2.1 Білім алушының үлгерімін тіркеу және талдау

7.2.1.1 Білім алушылардың игерілген кредиттерін есепке алуды, аралық және қорытынды аттестаттау және білім алушылардың оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркеуді Тіркеуші офісі жүргізеді.

7.2.1.2 Кредиттер білім алушыларға оқудың белгілі бір нәтижелеріне қол жеткізілгенін көрсететін тиісті баға алғанда беріледі. Егер білім алушы нәтижелерге қол жеткізбесе кредиттер есепке алынбайды.

7.2.1.3 Диплом қосымшасында (транскрипте) оқу және (немесе) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстарының барлық түрлері бойынша соңғы бағалар және академиялық кредиттер көрсетіледі.

7.2.1.4 Академиялық департамент білім алушылардың аралық аттестаттау нәтижелеріне тұрақты мониторинг жүргізеді. Ашық және нақты ақпаратты қамтамасыз ету үшін университет немесе басқа да топтар (факультет, кафедра, ББ, пән немесе оқытушы) бойынша барлық білім алушылардың оң бағаларының пайыздық үлестірілуін көрсететін статистикалық бағалау кестесі және диаграммасы құрастырылады, оны Лигада қабылданған Бағаларды қалыпты үлестіру диаграммасымен (Bell Curve) салыстырып, ауытқуларын анықталады.

7.2.1.5 Аралық аттестаттау нәтижелерінің Бағаларды қалыпты үлестіру диаграммасына (Bell Curve) сәйкестігі кафедра, факультет деңгейлерінде талқыланып, ауытқудың мәні, себеп-салдарлары анықталады, жақсарту шешімдері қабылданады.

7.2.1.6 Әр аралық аттестаттаудан соң нәтижелерінің Бағаларды қалыпты үлестіру диаграммасына (Bell Curve) сәйкестігі университет ОӘК және Сенатында талқыланып, жақсарту шешімдерінің орындалуы қадағаланады және олардың нәтижелілігі бағаланады.

7.2.1.7 Білім алушылардың оң бағаларының пайыздық үлестірілуін көрсететін статистикалық бағалау кестесі диплом қосымшасында (Diploma Supplement) көрсетіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 61-ші беті

7.2.2 Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларының білім алушыларын академиялық аттестаттау

7.2.2.1 Жыл сайын, оқу жылы аяқталғаннан кейін магистранттарды /резиденттері/ докторанттарды (бұдан кейін – білім алушылар) жеке жұмыс жоспарын орындауын тексеру мақсатында факультеттер ұйымдастырған академиялық аттестаттаудан өткізуді Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімі бақылайды, есебін жинақтайды.

7.2.2.2 Академиялық аттестаттаудың мақсаты – жеке жұмыс жоспарының алдын ала орындалуын бақылау, білім алушының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу, бітіру жұмыстарын, жарияланымдар жоспарын уақытында орындалуын қадағалау.

7.2.2.3 Факультет декандары өз өкімімен факультет оқытушыларының қатарынан факультет кадрларын даярлаудың барлық бағыттары бойынша академиялық аттестаттау өткізетін комиссияны құрады.

7.2.2.4 Комиссия құрамында даярлау бағыттары бойынша бітіруші кафедралардың оқытушылары болуы тиіс. Аттестаттау комиссиясының сандық құрамы кемінде 5 (бес) адамнан және комиссия хатшысынан тұрады.

7.2.2.5 Факультет деканаттары көктемгі сессия аяқталғаннан кейін өз қызметін жүзеге асыратын комиссияның жұмыс кестесін бекітеді.

7.2.2.6 Комиссияға аттестаттау үшін білім беру бағдарламасын жүзеге асырушы кафедрадан келесі материалдар ұсынылады:

- қысқы және көктемгі сессия нәтижелері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері (оқу жоспарларына сәйкес);
 - білім алушылардың сабаққа қатысу нәтижелері;
 - практикадан өту нәтижелері туралы ақпарат (оқу жоспарына сәйкес);
- ғылыми жетекшілерден:
- білім алушының БҒЗЖ/БЭЗЖ бойынша жеке жұмыс жоспарын орындауы туралы қысқаша есебі;

білім алушыдан:

ББ бойынша жеке жоспардың орындалуы, БҒЗЖ/БЭЗЖ орындау кезеңдері, практикадан (педагогикалық/зерттеу/ ғылыми тағылымдама) өтуі туралы қысқаша есеп.

7.2.2.7 Білім алушылардың есептері тыңдалып, кафедралар, ғылыми басшылар ұсынған материалдар қаралғаннан кейін комиссия білім алушыны «аттестаттау» немесе «аттестаттамау» туралы шешім қабылдайды.

7.2.2.8 «Аттестаттау» туралы шешім қабылдау үшін білім алушы ББ жылдық көлемінің барлық кредиттерін меңгеруі, жоспарға сәйкес БАҒЗЖ/БАЭЗЖ орындауы, емтихан сессияларын оң бағалармен табысты тапсыруы және бекітілген ауыстыру балына сәйкес GPA иеленуі тиіс.

7.2.2.9 Білім алушы негізгі оқу жоспары және жеке жұмыс жоспары негізінде БАҒЗЖ/БАЭЗЖ нәтижелерін уақытылы орындамай «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда, семестрге жоспарланған

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің62-ші беті

академиялық кредит санын орындау мақсатында жазғы семестрде ақылы негізде тапсыруға мүмкіндігі бар.

7.2.2.10 Қарызы болған немесе БҒЗЖ/БЭЗЖ орындалмаған жағдайда білім алушы оларды жойғаннан және жазғы семестрде орындағаннан кейін аттестаттаудан өтеді.

7.2.2.11 Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді, оның көшірмесі Академиялық және Ғылым департаменттеріне беріледі.

7.2.2.12 Аттестаттау комиссиясының барлық материалдары жинақталып, деканатта сақталады, есебін Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөліміне тапсырады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің63–ші беті

7.3 Біліктіліктерді тану

7.3.1 Білім беру құжаттарын нострификациялау

7.3.1.1 Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесіне сәйкес және білім алушыны шетелдік білім беру ұйымынан ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде шетелдік білім беру ұйымдары берген алдыңғы білім беру деңгейін аяқтау туралы құжаттар белгіленген тәртіппен оқудың бірінші курс ішінде нострификациялау рәсімінен өтуі тиіс. Мемлекеттегі карантиндік және пневмониялық жағдайлардабілім алушылар елдерінде болуына байланысты университет басшылығының келісімімен Тану/нострификациялау өту мерзімі ұзартылуы мүмкін.

7.3.1.2 Қабылдау науқаны кезінде жоғары оқу орнына негізгі және қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша түсу кезінде университеттің қабылдау комиссиясы шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттарды қабылдауға міндетті.

7.3.1.3 Тану/нострификациялау туралы куәлік Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке өзіне немесе сол мекеменің басшыларымен болмаса нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша үшінші тұлғаға беріледі.

7.3.1.4 Тану/нострификациялау туралы куәлік Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырады.

7.3.1.5 Білім туралы құжаттар университетке ауыстыру немесе қайта қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін бір ай ішінде өтініш берушінің өзі тану және нострификациялау рәсіміне ұсынылуы тиіс.

7.3.1.6 Білім туралы құжаттар университетке оқуға қабылданған кезде шетелдік азаматтардан Қабылдау комиссиясы арқылы заң талаптарына сәйкес құжаттың дұрыстығын қатаң тексеріп тану және нострификациялау рәсіміне ұсынылуы үшін қабылдап алынуы тиіс.

7.3.1.7 Тану/нострификациялау рәсімінен өту үшін құжаттар пакетін қабылдауды Халыққа қызмет көрсету орталықтарында жүзеге асырады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің64–ші беті

7.3.2 Біліктіліктерді тану тәртібі

7.3.2.1 Университет білім алушының алдыңғы оқу деңгейлерінде және формальды, формальды емес білім берудің басқа ұйымдарында қол жеткізген оқу нәтижелері мен алған оң бағаларын, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін академиялық кредиттерді қайта санау арқылы дербес таниды.

7.3.2.2 Формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану үшін Университет Ректорының бұйрығымен Білім алушылардың біліктілігін тану жөніндегі Комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қызметі және оның құрамы туралы ереже бекітіледі. Комиссия құрамына білім беру ұйымының академиялық, басқару персоналының өкілдері, оқытушылары кіретін 7 (жеті) адамнан аспайтын мүшелердің тақ санынан тұрады.

7.3.2.3 Комиссия төрағасы мен төрағаның орынбасары Комиссияның бірінші отырысында оның мүшелері арасынан көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы сайланады. Комиссия төрағасы Комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Комиссия отырыстарын өткізеді. Комиссия төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын төрағаның орынбасары орындайды. Комиссия хатшысының функцияларын Комиссия мүшесі болып табылмайтын білім беру ұйымының маманы орындайды.

7.3.2.4 Білім алушы (тыңдаушы) формальды емес білім беру арқылы сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерінде игерген біліктілігін тану үшін академиялық кезеңнің басталуына дейін 10 (он) жұмыс күн ішінде Комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) Комиссия төрағасының атына еркін нысанда формальды немесе формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) формальды немесе формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін растайтын құжат (куәлік).

7.3.2.5 Комиссия алынған құжаттарды сараптама жүргізу үшін 3 (үш) жұмыс күн ішінде сараптама тобына жібереді (сараптама қорытындысы).

7.3.2.6 Сараптама тобының құрамы университет ректорының бұйрығымен бекітіледі, оған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылары мен практикалық қызметкерлері кіреді.

7.3.2.7 Сараптама тобы құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде формальды немесе формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерінің, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерінің университеттің білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Қарау нәтижелері бойынша формальды немесе формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерінің, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерінің білім алушы (тыңдаушы) меңгеретін білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне, бағдарламаның мақсаттарына, бағдарлама көлеміне және бағалауға сәйкестігін

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің65–ші беті

міндетті түрде бағалай отырып, еркін нысанда сараптамалық қорытынды жасалады. Осы сараптамалық қорытынды қарау және шешім қабылдау үшін Комиссияға беріледі.

7.3.2.8 Комиссияның шешімі отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен еркін нысанда ресімделеді.

7.3.2.9 Комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені Комиссия хатшысы меңгерілген оқу пәндері (модульдері), бағдарламалары туралы мәліметтерді олардың атауын, академиялық кредиттердегі көлемін және (немесе) сағатын, бағалауын және формальды немесе формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін білім алушының (тыңдаушының) транскриптіне қайта есептеу туралы көрсете отырып енгізу үшін біліктілікті тану нәтижелерін Тіркеуші офисіне береді.

7.3.2.10 Білім алушы (тыңдаушы) келесі академиялық кезеңдерде қайта есептелген оқу пәндерін (модульдерін) оқудан босатылады.

7.3.2.11 Университет өз құрылымындағы Лингвистикалық, Дайындық және Біліктілікті арттыру орталықтарында және университетпен басқа білім беру ұйымдарымен келісім-шарты негізінде әр түрлі білім бағдарламаларын аяқтаған білім алушылардың өтініштері негізінде олардың алған формальды емес білімдерін растап таниды. Өтінішке бағдарламаға қабылданғаны, оны сәтті аяқтағаны туралы ресми рәсімделген құжаттар және сертификаттар тіркелуі шарт.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 66-ші беті

7.3.3 Формальды білім арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану

7.3.3.1 Университет келесі жағдайларда алдыңғы формальды оқыту нәтижелерін мойындайды:

- Назарбаев Зияткерлік мектептерінің, колледждердің, жоғары оқу орындарының түлектерін қысқартылған оқыту бағдарламаларына қабылдау кезінде;

- шетел азаматтарын оқуға қабылдауда – білім туралы құжат түрінде оқыту нәтижелерін тану (нострификациялау процесі);

- білім алушыларды қайта қабылдау және басқа ЖЖОКБҰ-дан ауысу кезінде;

- кредиттік және академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру барысында;

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау кезінде.

7.3.3.2 Білім алушы (тыңдаушы) формальды білім беру арқылы игерген біліктілігін тану үшін академиялық кезеңнің басталуына дейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде Комиссияның қарауына қажетті құжаттарды ұсынады.

7.3.3.3 Университет техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқитын адамдарға ЖБП циклінің оқу пәндері бойынша бұрын игерілген оқыту нәтижелерін тануды жүзеге асырады. Бұл ретте, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру базасында қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқитын тұлғалар "Қазақстан тарихы" пәнін оқиды.

7.3.3.4 Меңгерілген кредиттерді қайта есептеу білім беру бағдарламаларын, меңгерілген пәндер тізбесінің мазмұнын, олардың көлемін, алынған білімді, білікті, дағдылар мен құзыреттерді, сондай-ақ оқыту нәтижелерін салыстыру негізінде жүргізіледі.

7.3.3.5 Техникалық және кәсіптік білімнің, орта білімнен кейінгі білімнің, сондай-ақ жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының базасында - "кіруде" екінші жоғары білімді алу барысында жоғары білімнің білім беру бағдарламасының бейінінің жоғары, техникалық және кәсіптік білімнің немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламасымен сәйкес және (немесе) мәндес келген жағдайда, формальды білім берудің алдыңғы деңгейінің оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады, меңгерілген академиялық кредиттер саны мен оқу мерзімі қысқартылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің67–ші беті

7.3.4 Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану

7.3.4.1 Университетте формальды емес оқыту нәтижелерін тану формальды емес білім беру бағдарламасы мазмұнының және (немесе) оқыту нәтижелерінің білім беру бағдарламасының білім алушысы (тыңдаушысы) меңгеретін оқу пәнінің немесе модульдің мазмұнына және (немесе) оқыту нәтижелеріне сәйкестігін бағалау негізінде жүзеге асырылады.

7.3.4.2 Формальды емес білім беру бағдарламасы мазмұнының және (немесе) оқыту нәтижелерінің оқу пәнінің немесе модульдің мазмұнына және (немесе) оқыту нәтижелеріне сәйкестігін бағалау оқытудың тұжырымдалған нәтижелерін және салыстырылатын бағдарламалардың құзыреттерін, олардың көлемін (академиялық сағаттарда және (немесе) академиялық кредиттерде), оқыту мақсаттарын, оқу жетістіктерін (білімдерін) бағалауды салыстыру жолымен жүргізіледі.

7.3.4.3 Бағдарламалардың көлемін салыстыру кезінде білім беру бағдарламасының бір академиялық кредитінің бастапқы еңбек сыйымдылығы үшін 30 академиялық сағат қабылданады.

7.3.4.4

Формальды емес білім беру оқыту нәтижелерін тану кезінде салыстырымдылықты қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тыңдаушылардың) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне негізделген формальды емес (қосымша) білім берудегі білімді, дағдылар мен құзыреттерді бағалау жүйесі қолданылады. Формальды емес білім берудің оқу жетістіктері мен білімдерін бағалаудың басқа жүйелерін қолдану кезінде білім беру ұйымы бағаларды балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесіне ауыстыру шкаласын әзірлейді.

7.3.4.5 Формальды емес білім берудің оқу нәтижелері мен құзыреттерін салыстыру бағдарламалардың мазмұнын, олардың мақсаттары мен толықтығын зерделеу арқылы оқу пәнінің силлабусын немесе білім беру бағдарламасының модулін қамтуды жүзеге асырады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің68-ші беті

7.3.5 Кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану

7.3.5.1 Университет білім алушының кәсіптік біліктілік нәтижелерін тануды Тану орталығы берген кәсіптік біліктілікті тану туралы құжат негізінде жүзеге асырады. Кәсіптік біліктілікті тануды Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 6 қыркүйектегі № 374 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33387 болып тіркелген) бекітілген Кәсіптік біліктілікті тану қағидаларына сәйкес тану орталықтары жүзеге асырады.

7.3.5.2 Білім алушы (тыңдаушы) кәсіптік біліктілік нәтижелерін тану үшін академиялық кезеңнің басталуына дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Комиссияның қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) Комиссия төрағасының атына еркін нысанда формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) тану орталығы берген кәсіптік біліктілікті тану туралы растайтын құжат.

7.3.5.3 Кәсіптік біліктілік нәтижелерін тану үшін білім алушы (тыңдаушы) келесі академиялық кезеңдерде қайта есептелген оқу пәндерін (модульдерін) оқудан босатылады. Кәсіптік біліктілікті тану нәтижелері білім алушының (тыңдаушының) транскриптіне енгізіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 69-ші беті

7.4 Білім алушыларды сертификаттау

7.4.1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын игергенін растаған және қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыға аттестаттау комиссияның шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері немесе маман біліктілігі тағайындалады және қосымшасы бар диплом тегін негізде беріледі.

7.4.2 Білім туралы өзіндік және мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілері мен қосымшаларында: ҚР Банкнотты фабрикасында арнайы белгісі бар қағазда жасалынады.

7.4.3 Білім туралы мемлекеттік үлгіде құжаттардың денсаулық сақтау бағыты бойынша мынадай сериялары бар;

- 1) бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы диплом – ЖБ-Б
- 2) біліктілік берілетін жоғары білім туралы диплом – ЖБ
- 3) Интернатура куәлігі – ИК
- 4) Резидентура куәлігі – РК
- 5) Магистратура диплом – ЖООК-М

7.4.4 Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарда деректерді автоматты сәйкестендіру және жинау технологиясын және (немесе) QR коды қолданылады.

7.4.5 Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мынадай сериялары бар:

- 1) бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы диплом – BD;
- 2) магистр дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом – MD;

7.4.6 Диплом қосымшасында оқудың және (немесе) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының барлық түрлері бойынша көлемі кредит және академиялық сағат түрінде көрсетілген балдық-рейтингтік әріптік білімді бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар жазылады.

7.4.7 Білім туралы мемлекеттік және өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері жұмыста пайдаланылу барысында бүлінген жағдайда, бүлінген бланкілер бойынша акт жасалады, бланкілердің қалған бөліктері жойылады.

7.4.8 Білім туралы мемлекеттік және өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері жанбайтын сейфтерде, темір шкафтарда немесе шектеулі мерзімсіз бланкілердің сақталуын қамтамасыз ететін арнайы жабдықталған үй-жайларда сақталады.

7.4.7 Білім туралы мемлекеттік және өзіндік үлгідегі құжаттардың жоғарыдағы ретпен орындалуы, мәліметтерді толтыру Тіркеуші офис менеджерлеріне жүктеледі.

7.4.8 Педагогикалық білім саласындағы түлектер Ұлттық тестілеу орталығында Педагогтің білімін бағалау (Оценка знаний педагога) тестінен өтіп, сертификатталуы міндеттелді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 70-ші беті

7.5 Академиялық ұтқырлық

7.5.1 Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы Білім алушылар, профессор оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы туралы ережесіне сәйкес, комиссия шешімінің негізінде Халықаралық жобалық қызметін дамыту және академиялық ұтқырлық бөлімі ұйымдастырып жүзеге асырылады.

7.5.2 Академиялық ұтқырлық – білім алушылар үшін кредиттер түрінде меңгерілген оқу бағдарламаларын мойындау арқылы басқа жоғары оқу орнында (мемлекет ішінде немесе шетелде) бір академиялық мерзім немесе оқу жылы бойында білім алып қайту; оқытушы немесе қызметкер үшін оқыту немесе зерттеу жүргізу мақсатында басқа жоғары оқу орнында (мемлекет ішінде немесе шетелде) бір академиялық мерзім немесе оқу жылы бойында қызмет істеп қайту.

7.5.3 Ішкі ұтқырлық – ҚР ЖЖОКБҰ арасында ғылыми-зерттеу және білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында іске асырылатын академиялық ұтқырлық.

7.5.4 Ішкі ұтқырлық ЖЖОКБҰ -дары арасындағы келісім-шарт негізінде іске асырылады.

7.5.5 Сыртқы ұтқырлық – шетел ЖЖОКБҰ -мен университет арасында ғылыми-зерттеу және білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында іске асырылатын академиялық ұтқырлық.

7.5.6 Университеттің білім алушыларының академиялық ұтқырлығы жоғары оқу орындары арасындағы келісім-шарттар немесе бірлескен жобалар аясында жүзеге асырылады.

7.5.7 Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға ниет білдірген білім алушылар академиялық кезең басталғанға дейін 2 айдан (ішкі академиялық ұтқырлық бойынша) және 6 айдан (сыртқы академиялық ұтқырлық) кешіктірмей факультет үйлестірушісіне өтініш береді.

7.5.8 Өтініште ұтқырлық бағдарламасына қатысу үшін білім алушының мақсаты, жұмыс өтілі (оқытушыларға) және шетелде білім алу тәжірибесі және шетелде оқу үшін грант алу мүмкіндігі туралы мәліметтер ұсынылады. Өтініште кафедра меңгерушісі мен факультет деканының келісімі, қосымшада ЖОЖ, қашықтықтан өтетін пәндер тізімі және транскрипт тіркеледі.

7.5.9 Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы жөніндегі үйлестіруші деканаттармен бірлесіп білім алушылар арасында конкурс өткізу жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастырады. Шетелдік жоғары оқу орындарына студенттерді іріктеу конкурстық негізде жүзеге асырылады.

7.5.10 Конкурса қатысуға өтініш берген білім алушы эдвайзердің көмегімен белгіленген тәртіпте келесі академиялық кезеңнің пререквизит пәндерін ескеру арқылы серіктес ЖЖОКБҰ -да ЖОЖ-ын қалыптастырады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 71-ші беті

7.5.11 ҚР және шетел ЖЖОКБҰ -да академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқу үшін кредиттер саны 1 академиялық кезеңде оқитын кредит санының 50 пайызынан кем болмауы тиіс.

7.5.12 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушыларды іріктеу ашық конкурс негізінде жүргізіледі. Конкурстық іріктеудің негізгі критерийлері:

- университетте ең кемі бір академиялық мерзімді табысты аяқтау;
- академиялық үлгерімі «А», «А-», «В+», «В», «В-» бағаларынан төмен болмау;

- шетелдік ЖЖОКБҰ -на баратын білім алушылардың шет тілін еркін меңгеруі (Академиялық ұтқырлық бағдарламалары аясында шетел жоғары оқу орындарына бару үшін арнайы ұйымдастырылған ағылшын немесе түрік тілі бойынша емтиханнан өтуі, тест тапсырғаны туралы TOEFL, немесе/және IELTS сертификатының болуы).

7.5.13 Білім алушыны басқа ЖЖОКБҰ -на бару-қайту мерзімімен жіберу туралы бұйрықтарды университет тіркеуші офисі дайындайды.

7.5.14 Білім алушының академиялық ұтқырлық бағдарламасымен оқуы кезеңінде маман даярлайтын кафедраның меңгерушісі және Академиялық ұтқырлық бөлімі білім алушының оқуы және ағымдағы бақылауы бойынша қабылдаушы тараптың тиісті бөлімімен тұрақты байланысты қамтамасыз етеді.

7.5.15 Академиялық ұтқырлық бағдарламасынан оралған білім алушы жұмыс оқу жоспарында пайда болған айырманы жою үшін айырма пәндері бойынша дәрістерге ақысыз қатысады және сол бойынша емтихандарды ағымдағы оқу жылының тиісті семестрінде немесе жазғы семестрде тапсырады.

7.5.16 Білім беру саласындағы академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша қашықтан оқытуды қолдана отырып оқытуды ұйымдастыру және оған рұқсат беру тәртібін университет дербес айқындайды.

Білім алушыларды академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша дайындау үшін оқудың барлық кезеңіне академиялық кредиттердің жалпы көлемінде жиырма пайызынан аспайтын қашықтан оқыту форматына көшіруге рұқсат етіледі.

Жеке оқу жоспар құру барысында анықталған пән айырмашылығы қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып игеріледі.

7.5.17 Білім алушының ұтқырлық бағдарламасынан оралған соң университетке ұсынатын қорытынды құжаттары:

- белгіленген оқу транскрипті және/немесе сертификаты;
- оқу транскриптіне оқу бағдарламасы туралы мәліметтер – пән коды, пәннің атауы, пәнді оқудың ұзақтығы (жыл, семестр, триместр), оқығанда алған бағасы (ұлттық шкалада және ECTS шкаласында), берілетін ECTS кредиттерінің саны және т.б. қосымша мәліметтер енгізіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 72-ші беті

7.5.18 Кредиттік мобилділік бағдарламасы бойынша басқа ұйымда болу кезеңі және кейіннен кредиттерді қайта есептеумен оқытылатын пәндер тізімі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің білім беру бағдарламасының оқу жоспарын ескере отырып, бітіруші кафедрамен келісім бойынша білім алушылармен анықталады.

7.5.19 Кредиттерді қайта есептеу (трансфер)- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде білім алушы ұйымның құжат (транскрипт) негізінде университеттің автоматтандырылған ayu.edu.kz домені бар жүйесінде білім алушының кредитін осы пәндер немесе зерттеу жұмыстары бойынша бағаларын енгізе отырып, университеттің білім беру бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес басқа оқу орнында оқыған/өткізілген пәндер/ зерттеу жұмыстарының көлемі мен мазмұнының баламалығын тану.

7.5.20 Кредиттерді қайта есептеуді білім алушының өтініші және растайтын құжаттары бар бітіруші кафедраның мәлімдемесі негізінде Университет тіркеушісінің Офисі жүзеге асырады.

7.5.21 Маман шығарушы кафедра және факультет әдіскерлері оқылған пәндердің көлемі мен мазмұнының немесе жүргізілген зерттеу жұмыстарының университеттің оқу жоспарының талаптарына сәйкестігін объективті түрде анықтауға жауапты. Білім алушы кредиттері қайта есептелген пәндерді оқудан босатылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 73-ші беті

7.6 Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау

7.6.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне ауысып келудің барлық түрлерінің міндетті шарттары:

- Білім алушының жеке оқу жоспарына білім беру бағдарламасына сәйкес бірінші академиялық кезеңнің толық қарызсыз аяқталуы және ауысу сәтінде қолданыстағы ББ-ның болуы;

- Қазақстандық ЖЖОКБҰ-да алғаш рет білім алатын және оқуын жалғастырғысы келетін бакалавриатта оқитын Қазақстан Республикасының азаматтары үшін өту балымен ҰБТ/КТ тапсыру сертификатының болуы;

- Транскрипттің немесе шетел ЖЖОКБҰ -да оқығанын растайтын басқа ресми құжаты (ресми хаттың) болуы;

Барлық деңгейлер бойынша білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, ауыстыру ақылы негізде ғана жүзеге асырылады. Барлық ауысулар жазғы және қысқы демалыс кезеңінде кезекті академиялық кезең басталуына бес жұмыс күні қалғанға дейін ректор бұйрығымен жүзеге асырылады.

7.6.2 Бірінші академиялық кезеңді аяқтамаған адамдарды қоспағанда, білім алушы бір ЖЖОКБҰ-дан екінші ЖЖОКБҰ-ға, бір ББ-дан екіншісіне ауысу барысында Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде жүзеге асырылады.

7.6.3 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жалпы конкурс негізінде түскен білім алушы білім беру грантын сақтай отырып (Денсаулық сақтау кадр даярлау бағытынан басқа), өз қалауынша басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыса алады.

Денсаулық сақтау кадр даярлау бағытының мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жалпы конкурс негізінде түскен білім алушы білім беру грантын сақтай отырып тек қана ұлттық ЖЖОКБҰ-ға ауыса алады.

Білім алушының ауысуы кезінде кадр даярлау бағыты және білім беру бағдарламасының бейіні, білім алушының оқу жетістіктері ескеріледі. Білім алушының ауысуы немесе қайта қабылдануы кезінде алдыңғы игерген формальды және формальды емес білім беру нәтижелерін тану осы Академиялық саясаттың 7.3 бабына сәйкес жүргізіледі.

Денсаулық сақтау кадр даярлау бағытына басқа даярлау бағытынан ауысуға рұқсат етілмейді.

7.6.4 Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитын білім алушылар Қазақстан Республикасының ұлттық университет мәртебесі жоқ жоғары оқу орындарынан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне ауысуы білім алушылардың мемлекеттік білім беру гранты құнының айырмашылығын қосымша төлеу негізінде жүзеге асырылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 74-ші беті

7.6.5 ЖЖОКБҰ-на жеке бекітілген мемлекеттік білім беру гранты бойынша және квота негізінде оқитын білім алушылар басқа ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде ғана ауысады.

7.6.6 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу кезеңінде бір білім беру бағдарламаларының тобының аясында білім алушыларды бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне грантты сақтай отырып ауыстырылуы академиялық айырмашылық пәндері болмаған жағдайда рұқсат етіледі.

7.6.7 Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде басқа ЖЖОКБҰ-дан ауысып келген білім алушыларға мемлекеттік стипендиясын алдыңғы семестрдің қорытындысы бойынша тағайындалады.

7.6.8 Мемлекеттік білім беру грант бойынша білім алатын докторанттарды басқа жоғары оқу орнынан университетке ауыстыру министрлігі білім беру саласындағы білім беру тапсырысын қайта бөлуі арқылы жүзеге асырылады.

7.6.9 ЖЖОКБҰ білім беру қызметімен айналысуға лицензиясынан және (немесе) лицензияға қосымшадан айырылған (қайтарып алынған) немесе таратылған жағдайда осы ЖЖОКБҰ -ның білім алушысы өз оқуын жалғастыру мақсатында лицензиядан және (немесе) лицензияға қосымшадан айырылу (қайтарып алу) немесе тарату күннен бастап бір семестр мерзімде және (немесе) жазғы және қысқы демалыс кезеңінде университетке ауыса алады.

7.6.10 Білім алушының шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобынан басқа білім беру бағдарламаларының тобына ауысуы Үлгілік қағидалар белгіленген өту балынан төмен емес балы бар ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты болған жағдайда жүзеге асырылады.

Білім алушының басқа білім беру бағдарламаларының тобынан шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобына ауыстырылмайды. Оқудан шығып, қабылдау арқылы Үлгілік қағидалар белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Білім алушыны жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының басқа топтарынан педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына ауыстыру Үлгілік қағидаларға сәйкес балы белгіленген шекті балдан төмен емес ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты болған кезде жүзеге асырылады.

7.6.11 Шетелдік ЖЖОКБҰ-лардан білім алушылардың ауысуы білім берудің тиісті деңгейі, білім беру саласы және қабылдау жылы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналасқан және (немесе) Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің білім беру саласы бойынша аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастықтарына кірген ұлттық және (немесе) шетелдік аккредиттеу органдарының халықаралық мамандандырылған аккредиттеуі бар ЖЖОКБҰ-да жүзеге асырылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 75-ші беті

Білім алушыларды шетелдік ЖЖОКБҰ -дан ауыстыру тек ақылы негізде ғана жүзеге асырылады.

Білім алушы шетелдік білім беру ұйымынан ауыстырылған немесе қайта қабылданған кезде меңгерілген оқу бағдарламалары туралы құжат (транскрипт немесе басқа), сондай-ақ белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында нострификациялау рәсімінен өтуі тиіс алдыңғы білім деңгейін аяқтағаны туралы құжат ұсынылады. Сондықтан білім берудің алдыңғы деңгейін аяқтағаны туралы құжатты нострификациялау үшін шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттарды ұсынған жағдайда, университетке түсу кезінде талапкерлер ұсынатын құжаттар ұсынылады.

7.6.12 Білім алушыларды университет ішінде бір білім беру бағдарламалары тобынан басқа білім беру бағдарламалары тобына ауыстыру оқу жылы және оқу жоспарларындағы пәндердің академиялық айырмашылығын анықтай отырып, тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

7.6.13 Білім алушыларды ауыстыру, қалпына келтіру барысында ҰБТ сертификатындағы бейіндік пәндердің дайындық бағытына сәйкестігі және университетке қабылдау кезеңіндегі бекітілген шекті балл талаптары ескеріледі.

7.6.14 Білім алушының ауысуы және қайта қабылдау кезінде онымен университет арасында өтініш берген уақыттан бастап жаңа келісім-шарт рәсімделеді.

7.6.15 Жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы ақылы негізде осы пәндерге тіркеледі, академиялық кезең ішінде оқу сабақтарының барлық түріне қатысады, ағымдағы бақылаудың барлық түрін тапсырады, аралық аттестаттауға жіберілгендігі туралы рұқсат алады.

7.6.16 Академиялық айырмашылық пәндері ағымдағы академиялық кезеңнің оқу сабақтарының кестесіне енгізілмеген жағдайда, білім алушы оларға ақылы негізде жазғы семестрге тіркеледі.

7.6.17 ББ бойынша бір академиялық кредиттің құнын қаржы департаменті анықтайды.

7.6.18 Білім алушыны бір ЖЖОКБҰ-нан (ЖЖОКБҰ-на) университетке (университеттен) ауыстыру рәсімі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- университетке (университеттен) ауысуға ниет білдірген білім алушы білім алып жатқан ЖЖОКБҰ-ның ректорының атына ауыстыру туралы өтініш береді және ауысуға мөрмен бекітілген жазбаша келісім алып, университет ректорына өтініш жазады;

- жазылған ауыстыру туралы өтінішке (басшының қолы қойылып, мөр басылған) бұрынғы ЖЖОКБҰ-ның Академиялық мәселелер вице-ректоры мен офис-тіркеушісі қол қойған, мөрмен бекітілген транскриптің, ұлттық бірыңғай тестілеуді (бакалавриат үшін) тапсырғаны туралы сертификаттың, түсу емтихандарын тапсырғаны туралы сертификаттың (магистратура және

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 76-ші беті

докторантура үшін), мемлекеттік білім беру гранты иегері куәлігінің бакалавриат үшін (егер грант иегері болса) көшірмелері қоса берілуге тиіс.

- университеттің бакалавриат бағдарламаларына ауыстыру барысында ҰБТ сертификатындағы бейіндік пәндердің дайындық бағытына сәйкестігі және ҰБТ балының ауысатын оқу жылы білім алушыларды университетке қабылдау кезінде бекітілген ережеге сәйкес болуы, шекті балы міндетті түрде ескеріледі.

- магистранттар, резидентура тыңдаушылары және докторанттар басқа ЖЖОКБҰ -на тек ақылы негізде ауысады.

- бекіткен формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған білім нәтижелерін тану комиссиясы ұсынылған құжаттардың негізінде оқу жоспарларындағы пәндердің академиялық айырмашылықтарын анықтайды және меңгерілген пререквизиттерге сәйкес оқу жылын белгілейді, білім беру бағдарламасына сәйкес меңгерілген кредиттерді қайта есептейді және Тіркеуші офис келісімімен білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді;

АД директоры келісімі мен Академиялық мәселелер вице-ректорының қойған бұрыштамасына сәйкес университет ректоры білім алушыны ауыстыру туралы бұйрық шығарады;

7.6.19 Академиялық мәселелер вице-ректоры бұйрық шыққан күннен білім алушы бұрын оқыған ЖЖОКБҰ-ға оның жеке іс қағаздарын жіберу туралы жазбаша сұрау жолдайды. Сұрауға білім алушыны ауысу тәртібі мен қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі.

7.6.20 Білім алушы бұрын оқыған ЖЖОКБҰ-ның ректоры мұндай сұрауды алғаннан кейін «басқа ЖЖОКБҰ -на ауысуына байланысты оқудан шығарылды» деген мазмұндағы оқудан шығару туралы бұйрық шығарады және бұйрық шыққан күннен бастап білім алушының жеке іс қағаздарын университеттің мекен-жайына жолдайды.

Білім алушы оқыған ЖЖОКБҰ-да транскрипттің көшірмесі және жіберілетін құжаттардың тізімдемесі қалады.

7.6.21 Университетке білім беру гранты негізінде білім алушыны ауыстыру кезінде университет ректоры білім алушыны қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін, оның атына жазылған білім беру гранты куәлігінің көшірмесімен бірге ҚР ҒЖБМ-ге университеттің қаржыландыру көлемін түзету үшін ұсынады.

7.6.22 Оқу жоспарларының пәндеріндегі академиялық айырмашылықты жоюдың тәртібі мен мерзімі декандар өкімімен ағымдағы оқу жылына рәсімделеді және білім алушының жеке оқу жоспарына енгізіледі.

7.6.23 ТР азаматтарының басқа ЖЖОКБҰ-нан университетке ауыстыру өтініштері қарастырылмайды.

7.6.24 Қайта қалпына келуге өтініш білдірген тұлға ауысу талаптарына сәйкес болған жағдайда он жыл ішінде қайта қабылдана алады.

7.6.25 Білім алушы қатарына қайта қабылдау және оқу жоспарларындағы пәндердің айырмашылықтарын жою тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 77-ші беті

7.6.26 Білім алушы қорытынды аттестаттауға қайта жіберілу үшін, қорытынды аттестаттау емтиханынан екі апта кеш емес университеттің ректорының атына өтініш жазу керек.

7.6.27 Оқуға қайта қабылдау рәсімі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- білім алушы өзінің оқуын жалғастырғысы келген жағдайда университет ректорының атына қайта қабылдау туралы өтініш береді. Қайта қабылдану туралы өтінішке транскрипттің түпнұсқасы қоса беріледі;

- бекіткен формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған білім нәтижелерін тану комиссиясы ұсынылған құжаттардың негізінде оқу жоспарларындағы пәндердің академиялық айырмашылықтарын анықтайды және меңгерілген пререквизиттерге сәйкес оқу жылын белгілейді, білім беру бағдарламасына сәйкес меңгерілген кредиттерді қайта есептейді және Тіркеуші офис келісімімен білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді;

- АД директорының келісімдері мен Академиялық мәселелер вице-ректорының қойған бұрыштамасына сәйкес университет ректоры білім алушыны қайта қабылдау туралы бұйрық шығарады.

7.6.28 Егер білім алушы университетке қайта қабылданған жағдайда, білім алушы бұрын оқыған ЖЖОКБҰ басшысы университеттің жазбаша сұрауы негізінде білім алушының жеке іс-құжаттарын жібереді. Транскрипттің түп нұсқасы және жіберілген құжаттардың тізімдемесін өзінде қалдырады.

7.6.29 Түркі тілдес елдерден келіп оқитын білім алушыларға бөлінетін мемлекеттік грант (ТТЕ гранты) бойынша бос вакантты орындар пайда болған кезде Білім алушыларды мемлекеттік білім беру грантынан және Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауыстыру ережесіне сәйкес білім беру бағдарламасы ішінде немесе бағыттас білім беру бағдарламасы оқу нәтижелері бойынша жоғары көрсеткішке жеткен ақылы негізде оқитын Түркі тілдес республикалар мен туыстас қауымдастықтардан келген студенттер арасында конкурстық негізде жүзеге асырылады.

7.6.30 Босаған білім беру гранттарына ұсыныс беру жазғы және қысқы демалыс кезеңінде конкурстық негізде мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- ваканттық гранттарға ауысу процесінің ашық және әділ болуын қамтамасыз ету мақсатында, босаған грант орындары бойынша мәлімет және оларға үміткер бола алатын, ақылы және квотада оқитын мамандықтар мен топтардың GPA баллдары көрсетілген студенттер тізімі, университет сайтына алдын ала жарияланады;

- сайтта жарияланған мәліметтер негізінде Түркия квотасы және (немесе) ақылы негізде оқитын GPA көрсеткіші ең жоғары білім алушылар университет ректорының атына мемлекеттік білім беру гранты бойынша конкурсқа қатысуға өтініш береді;

- университет басшылығы өтінішті конкурстық негізде қарап, Сенаттың шешімімен бірге ағымдағы жылғы 5-ші тамыз бен 15-ші қаңтарға дейінгі мерзімде оны ҚР ҒЖБМ жібереді. Білім алушының өтінішіне Сенаттың

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 78-ші беті

шешімімен қоса, үміткердің транскрипті, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және жоғары оқу орнынан шығарылған мемлекеттік білім беру гранты иегерінің куәлігі (түпнұсқа) қоса жіберіледі;

- ҚР ҒЖБМ түскен жылын, білім бағдарламалары, нысандары мен мерзімдерін ескере отырып, құжаттарды қарайды және мәселе оң шешілген жағдайда мемлекеттік білім беру грантын беру туралы бұйрық шығарады;

- ҚР ҒЖБМ бұйрығының негізінде мемлекеттік білім беру грантын беру туралы куәлік ресімделеді;

- мемлекеттік білім беру грантын беру туралы куәлік негізінде университет ректоры білім беру гранты бойынша оқуға бұйрық шығарады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 79-ші беті

7.7 Білім алушыны оқудан шығару, академиялық демалыс беру

7.7.1 Білім алушы университеттен келесі жағдайларда оқудан шығарылады:

- академиялық үлгермеушілігі (академиялық қарыздары 30 кредиттан асқан жағдайда, факультет деканының ұсынысы негізінде);
- Денсаулық сақтау даярлау бағытының 3-курс білім алушылары «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығының (ҰТЕО)» ұйымдастырумен аттестаттауды сәтті тапсырмаған жағдайда академиялық үлгермеушілігі себебінен оқудан шығарылады.
- академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін (Этикалық және тәртіп комиссиясының шешімі негізінде, факультет деканының ұсынысы, қайта қалпына келтірілмейді);
- университеттің Жарғысы мен ішкі тәртібін өрескел бұзғандығы үшін (Этикалық және тәртіп комиссиясының шешімі негізінде, факультет деканының ұсынысы);
- білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу құнын төлемеген жағдайда (факультет деканының ұсынысы негізінде, 4 апта ішінде төлем ақысын төлеген жағдайда, қайта қалпына келу құқығымен);
- академиялық демалыс мерзімі біткеннен кейін немесе шетелдік іссапардан соң екі аптадан артық мерзімге сабаққа қатыспағаны үшін (факультет деканының ұсынысы негізінде);
- білім алушы қайтыс болған жағдайда, сондай-ақ сот шешімі бойынша хабар-ошарсыз кетті деп танылғанда (факультет деканының ұсынысы негізінде);
- басқа оқу орнына ауысуына байланысты (басқа оқу орнынан келген сұраныс хат негізінде);
- университетпен байланысын үзгендігі үшін (білім алушы байланысқа 8 апта шықпаған жағдайда, факультет деканының ұсынысы негізінде);
- өз еркімен (білім алушының өтініші негізінде, факультет деканы және бухгалтерияның визасы болу шарт).

7.7.2 Оқудан шығару үшін талап етілетін құжаттар:

7.7.2.1 Факультет деканының ұсынысы негізінде оқудан шығару үшін деканат хаттама дайындайды, оқудан шығаруға ұсыныс береді. АД директоры, АД директор орынбасарының келісімі және академиялық мәселелер вице-ректорының визасымен бұйрық шығады.

7.7.2.2 Оқу төлемақысын төлемегені үшін оқудан шығарылған ақылы негізде оқитын білім алушы қарызын өтеген жағдайда оқудан шығарылған күннен бастап төрт апта ішінде қайта қабылдана алады.

7.7.2.3 Білім алушы қайтыс болған жағдайда, сондай-ақ сот шешімі бойынша хабар-ошарсыз кетті деп танылғанда байланысты оқудан шығару үшін деканат хаттама дайындайды, оқудан шығаруға ұсыныс жасайды, қайтыс

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің80–ші беті

болғаны туралы куәлігін тіркейді, АД директоры және академиялық мәселелер вице-ректорының визасымен бұйрық шығады.

7.7.2.4 Басқа оқу орнына ауысуына байланысты оқудан шығару үшін басқа оқу орнынан келген сұраныс хатқа академиялық мәселелер вице-ректорының визасымен бұйрық шығады.

7.7.2.5 Өз еркімен оқудан шығарылған жағдайда білім алушы университет ректорының атына өтініш жазады, факультет деканы және бухгалтер келісімі, АД директоры, АД директор орынбасарының келісімі және академиялық мәселелер вице-ректорының визасымен бұйрық шығады.

7.7.3 Академиялық демалыс – университетте білім алушылар (студенттер, магистранттар, тыңдаушылар, докторанттар, интерндер, резиденттер) медициналық айғақтар бойынша және өзге де ерекше жағдайларда өз оқуын уақытша тоқтата тұратын кезең.

Білім алушыға академиялық демалыс берілетін жағдайлар:

- сырқаты бойынша ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейін амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы;

- әскери қызметке шақыру туралы қағаз негізінде;
- босанғанда;
- бала асырап алған жағдайда 3 жасқа толғанға дейін.

7.7.4 Академиялық демалысты рәсімдеу үшін білім алушы университет ректорының атына өтініш береді және құжаттарды тапсырады:

- университет амбулаториясымен рәсімделген амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар сырқатына байланысты ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейін;

- университет амбулаториясымен рәсімделген туберкулезге қарсы медициналық ұйымның Орталықтандырылған дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар ұзақтығы 36 айдан аспайтын туберкулезбен ауырған жағдайда;

- әскери қызметке шақыру туралы қағаз негізінде (келген күнінен бастап);
- босанған (нотариалды расталған туу туралы куәлік негізінде);
- бала асырап алған жағдайда (3 жасқа дейінгі) (нотариалды расталған туу туралы куәлік негізінде).

Білім алушының дәлелді құжаттар негізінде академиялық демалыс мерзімі ұзартуға құқылы.

7.7.5 Ұсынылған құжаттардың негізінде, басталу және аяқталу мерзімін көрсете отырып, білім алушыға академиялық демалысты беру туралы бұйрық шығады.

7.7.6 Мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алушы академиялық демалысқа шыққан кезде республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымы аталған бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне немесе тиісті салалық министрлікке, ал жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымы білім беру

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің81–ші беті

саласындағы жергілікті атқарушы органдарға келесі айдан кешіктірмей жолдайды.

7.7.7 Білім алушы академиялық демалыстан шыққан соң университет ректорының атына өтініш береді, факультеттің формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған білім нәтижелерін тану комиссия хаттамасымен қоса және ауруына байланысты осы білім беру бағдарламасы бойынша білімін жалғастыру мүмкіндігі туралы қорытындымен қоса наукасты қараған денсаулық сақтау ұйымынан денсаулық жағдайы туралы ДКК (ОДКК) анықтамасын (университет амбулаториясымен рәсімделген), басқа жағдайларда дәлелдеуші құжаттар тапсырады.

7.7.8 Ұсынылған құжаттардың негізінде білім беру бағдарламасы және оқу жылын, оқу түрін көрсете отырып білім алушының академиялық демалыстан шығуы туралы бұйрық шығады.

7.7.9 Осы бағдарламаны қаржыландырудың тиісті сомасы мен мерзімдерін түзету үшін мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алушы академиялық демалыстан келген кезде республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымы аталған бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне немесе тиісті салалық министрлікке, ал жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымы білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарға жолдайды.

7.7.10 Академиялық демалыстан келген соң білім алушы оқуын аталған демалысты рәсімдеген оқу жылынан және/немесе академиялық кезеңнен бастап жалғастырады.

7.7.11 Академиялық демалыстан қайтып келген білім алушы эдвайзер мен тіркеуші офис-менеджердің көмегімен жеке оқу жоспары пререквизиттерін ескере отырып құрайды.

Мемлекеттік білім беру гранты бойынша академиялық демалыстан оралған білім алушыларға оқу жоспарларындағы академиялық айырма жойылғаннан кейін тиісті мемлекеттік стипендия тағайындалады.

7.7.12 Білім алушы айырмашылықтарды ақысыз жою үшін ағымдағы оқу жұмысымен қатар академиялық кезеңде барлық сабақ түрлеріне қатысады, белгілі бір модульдің оқу тапсырмаларын орындайды (модульдік оқыту кезінде), аталған пән (модуль) бойынша оқу жұмыс жоспарында қарастырылған ағымдағы және кезеңдік бақылаудың барлық түрлерін тапсырады, рұқсат алады және академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңінде қорытынды бақылауды тапсырады.

7.7.13 Оқу жұмыс жоспарындағы пән айырмашылығын жою үшін академиялық демалыстан қайтып келген білім алушы қажетті пәндерге тіркеледі және академиялық кезең бойынша ағымдағы топтармен немесе жазғы семестрде бір рет тегін оқып тапсырады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің82-ші беті

7.7.14 Академиялық демалыстан келген ақылы негізде білім алушы оқуын академиялық демалысқа кеткенге дейінгі тарифтік мөлшерде жасалған келісім-шарт негізінде жалғастырады.

7.8 Оқу ақысын төлеу

7.8.1 Оқу төлемақысы – ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім-шартқа сәйкес реттеледі. Төлемдер банк арқылы аударылады. Олардың аударылуын есептеу университет бухгалтериясы арқылы жүргізіледі.

7.8.2 Оқу төлемақысының сомасы өзгерген жағдайда білім беру қызметтерін көрсету туралы шартқа қосымша келісім жасалады.

7.8.3 Оқу ақысын төлеу нысаны – Ахмет Ясауи университетінің шотына тиісті төлем алымдарды аудару.

7.8.4 Басқа да оқу орынан ауысып келген білім алушы оқу төлемақысын ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсету Келісімшартына сәйкес сабаққа жіберу туралы бұйрық шыққан соң төлейді.

7.8.5 Оқу төлемақысы бойынша Келісімшарттағы жағдайлар білім алушыны оқудан шығару бұйрығының күніне дейін сақталады.

7.8.6 Төлем ақыдан қарызы болған жағдайда, білім алушы кезекті сессияға, пәнге жазылуға жіберілмейді және университеттен шығарылады. Оқу төлемақылары бойынша жинақталған қаржылық қарыздар ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіп бойынша тәркіленеді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің83–ші беті

7.9 Түлектердің жұмысқа орналасуы және оған мониторинг жүргізу

7.9.1 Кадрларды даярлау бағыты бойынша түлектердің жұмысқа орналасуын қадағалау факультет декандары мен кафедра меңгерушілердің жауапкершілігінде, ал талдау мен мониторинг жасауды Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығы жүзеге асырады.

7.9.2 Университет кадрларды даярлау бағыты бөлінісінде бакалавриат түлектерінің бітіру жылы ішінде жұмыспен қамтамасыз етілуі қолданыстағы білім беру қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

7.9.3 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

7.9.4 Педагогтік және медициналық білім беру бағдарламалары бойынша ауыл жастары қатарынан шыққан университет түлектері кемінде үш жыл ауылда, кентте, ауылдық округте орналасқан тиісті білім беру ұйымдары мен денсаулық сақтау ұйымдарында жұмысты өтеуге міндетті.

7.9.5 Педагогтік және медициналық білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде университет түлектер білім беру ұйымдары мен денсаулық сақтау ұйымдарында кемінде үш жыл жұмысты өтеуге міндетті.

7.9.6 Басқа мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған университет түлектері кемінде үш жыл меншік нысанына қарамастан ұйымдарда жұмысты өтеуге міндетті.

7.9.7 Бұл ретте мемлекеттік білім беру тапсырыс негізінде оқуын бітіруші түлектер – жас мамандарды және (немесе) философия докторларын (PhD) жұмыс орындарына бөлу немесе өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру мақсатында университетте комиссия құрылады. Комиссия жұмысын бір жыл мерзімде атқарады және «Қаржы орталығы» АҚ-мен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді.

7.9.8 Мемлекеттік білім беру тапсырыс негізінде оқитын бітіруші білім алушылардың толық мәліметтері «Қаржы орталығы» АҚ-ның автоматтандырылған базасына оқуын бітірмей тұрып және оқуын бітіргеннен кейін шыққан бұйрықтары мен талап етілген құжаттарына сәйкес енгізіліп, құжаттары толығымен «Қаржы орталығы» АҚ-на жіберіледі.

7.9.9 Әр оқу жылында жұмыс беруші мекемелермен тығыз байланыс орналатылып, enbek.kz, jumys.snation.kz сайттарына бітіруші курс білім алушылары тіркеледі және түйіндемелерін (резюме) орналастырады.

7.9.10 Жыл сайын аймақтық және республикалық деңгейдегі Бос жұмыс орындар жәрмеңкелеріне түлектердің қатысуына мүмкіндік жасалады.

7.9.11 Бітірген түлектердің жұмысқа орналасуын қадағалау үшін факультет деканы, кафедра меңгерушісі мен эдвайзерлер түлектердің жұмыс орнынан анықтамаларын жинақтауды ұйымдастырады, Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығына ұсынады, нәтижелеріне Орталық университет деңгейінде және даярлау бағыттары бойынша талдау мен мониторинг жүргізеді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің84-ші беті

8. КАДР САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ

8.1 Кадр саясаты

8.1.1 Персоналды (қызметкерлерді) басқару Университет миссиясы мен мақсаттарына сәйкес Ахмет Ясауи университетінің кадр саясаты негізінде жүзеге асырылады.

8.1.2 Кадр саясаты адам ресурстарын дамытуды, рекрутингті, жоғары оқу орнының басшы кадрларын, педагогикалық және ғылыми қызметкерлерін даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтитын төмендегі меритократия қағидаттарына негізделеді:

- кешенділік-қызметкерлерді басқару қызметінің барлық салаларын қамту;
- жүйелілік- саясаттың барлық құрамдас элементте өзара әрекеттестікте қарастыру;
- негізділік – максималды экономикалық және әлеуметтік әсерді қамтамасыз ете алатын қызметкерлерді басқару саласындағы заманауи ғылыми зерттемелерді қолдану;
- тиімділік- қызметкерлерді басқару саласындағы шараларға деген шығын орны нәтижелермен толу қажет;
- басқару үдерісінің барлық кезеңдеріндегі айқындық;
- меритократия – жетекші лауазымдарда әлеуметтік тегі мен қаржылық ауқатына қарамастан ең қабілетті адамдар болу қажеттігіне сәйкес басқару қағидасы.

8.1.3 Университетте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлердің лауазымдарының біліктілік сипаттамалары және қызметтік нұсқауларын университет дербес айқындайды.

8.1.4 Университет жарғысына сәйкес Ректор Өкілетті Кеңестің шешімімен Қазақстан Республикасы тарапынан қолданыстағы заңнамаға сәйкес 5 (бес) жылдық мерзімге тағайындалады.

8.1.5 Ректор өкілі (бірінші орынбасары) Өкілетті Кеңес Басқармасы ұсынысы негізінде Туркия Республикасының Жоғары білім кеңесі Атқару кеңесі тарапынан 4 (төрт) жылдық мерзімге тағайындалады.

8.1.6 Ректор орынбасарлары (Вице-ректорлар) Өкілетті Кеңес тарапынан белгіленген саннан аспау шартымен университет ректор тарапынан тағайындалады.

8.1.7 Декан, клиника-диагностикалық емхана бас дәрігері, директорлар және декан ұсынысы негізінде кафедра меңгерушілері ректор және ректор өкілінің (бірінші орынбасарының) тарапынан ортақ шешім негізінде 4 (төрт) жылдық мерзімге тағайындалады, қажет болғанда дәл осы тәртіппен қызметінен босатылады.

8.1.8 Түркия Республикасы университетінде магистратура және докторантура бағдарламаларын бітіріп университетімізде қызмет атқаратын академиялық персонал дипломдары үшін нострификация талап етілмейді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің85-ші беті

8.1.9 Академиялық және әкімшілік мамандарын қалыптастыру, тағайындау, жоғарылату және жұмыстан босату негіздерін университет Жарғысының 17 бабына сәйкес Ректораттың ұсынысымен Өкілетті кеңес белгілейді.

8.1.10 Оқытушы-профессор құрамы және әкімшілік саласының мамандары ашық конкурс негізінде және келісім шарт бойынша жұмысқа қабылданады.

8.1.11 Конкурстық негізде тағайындалатын әкімшілік мамандарын УЕ-ХҚТУ-023-2023 Әкімшілік-басқару және әкімшілік-шаруашылық, қосалқы қызметкерлер құрамындағы бос орындарға конкурс өткізу ережесі негізінде қалыптастырылады, тағайындалады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің86–ші беті

8.2 Профессор оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерді лауазымдарға конкурстық негізде тағайындау

8.2.1 Профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерді лауазымдарға конкурстық тағайындау Профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерді лауазымдарға конкурстық негізде тағайындау ережесі талаптарын негізінде Адам ресурстарын басқару департаментімен іске асырылады.

8.2.2 Конкурстық орналастыруға профессор-оқытушылар және әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамының бос лауазымдары, атқарып отырған лауазымдарына қайта сайланатын педагогикалық қызметкерлер, сондай-ақ ғылыми қызметкерлер жатады.

8.2.3 Конкурсқа қатысушы академиялық кадрларға қойылатын біліктілік талаптары Профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамаларына сәйкес анықталады.

8.2.4 Өнер, мәдениет және спорт саласындағы «Университет доценті», «Университет профессоры» лауазымдарына орналасу конкурсына тиісті ғылыми атағы мен ғылыми дәрежесі жоқ, бірақ осы мамандық салалары бойынша практикалық жұмыста үлкен тәжірибеге ие мамандар жіберіледі.

8.2.5 Профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына тағайындау конкурсын және бос лауазымдар туралы ақпаратты Университет ақпарат құралдары арқылы жариялайды.

8.2.6 Бос лауазымдарға арналған конкурсқа өтініштер хабарландыру жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей берілуі тиіс.

8.2.7 Конкурстың ұйымдастырылуы мен өткізілуіне жауапты лауазымды тұлғаның өтініштерді қабылдаудан бас тартуы үміткердің ұсынған құжаттары Ережеге сәйкес болмаған жағдайда орын алуы мүмкін.

8.2.8 Профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына тағайындау жөніндегі конкурстық комиссияның (бұдан әрі – Конкурстық комиссия) саны мен дербес құрамын және оның өкілеттігінің мерзімін Ректор мен ректор өкілінің бұйрығымен анықталып, бекітіледі.

8.2.9 Конкурстық комиссия мынадай құрамда құрылады: конкурстық комиссияның төрағасы – ректор өкілі, комиссия мүшелері – сала бойынша вице-ректорлар, адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы, заң бөлімінің басшысы, кәсіподақ ұйымының басшысы және комиссия хатшысы.

8.2.10 Конкурстық комиссия конкурсты өткізудің нысандарын, рәсімдерін, мерзімдерін айқындайды, конкурстық құжаттамаларға талдау жүргізеді, конкурстың қорытындысы бойынша шешім шығарады.

8.2.11 Профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына тағайындау конкурсы сауалнама жүргізу, сараптамалық баға беру, тестілеу, әңгімелесу, шығармашылық есеп беру, авторлық эзирлемелерді қорғау, практикалық тапсырмалар нысанының бірі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 87-ші беті

арқылы кандидаттар қызметінің қорытындыларын талдамалық қорыту негізінде жүргізіледі. Бұл ретте кәсіби деңгейді анықтау үшін әр лауазым бойынша білімдері тексеріледі.

8.2.12 Конкурстық комиссия осы Ережелерге сәйкес әр кандидаттың конкурстық нәтижесін ашық дауысқа салады.

8.2.13 Конкурс өткізу кезінде конкурстық комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 мүшесі дауыс беруге қатысқан жағдайда Конкурстық комиссияның шешімі жарамды болып табылады. Қатысқан Конкурстық комиссия мүшелерінің ең көп дауысын алған үміткер «сайланды» деп есептеледі. Конкурстық комиссияның шешімі, егер ол осы ережелер сақтала отырып қабылданса, шешім түпкілікті болып табылады.

8.2.14 Конкурсқа қатысушылар Конкурстық комиссияның шешіміне Университет ректорының атына немесе сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

8.2.15 Университет ректоры Конкурстық комиссияның шешіміне түскен шағымды қарайды және осы Ережелер талаптарының бұзылғаны анықталған жағдайда Конкурстық комиссияға қабылданған шешімді жоюды ұсынады.

8.2.16 Университет ректорының ұсынысын Конкурстық комиссия өзінің отырысында жаңа құраммен қарайды. Конкурстық комиссия бұл отырыста алдыңғы шешімнің күшін жояды немесе оны өзгеріссіз қалдырады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 88-ші беті

8.3 Профессор оқытушылар құрамының және қызметкерлердің біліктілігін арттыру

8.3.1 Профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру, кәсіби шеберлікті жетілдіру, нәтижелерінде оқу процесіне білім берудің жаңартылған мазмұнын, құрылымы мен инновациялық технологияларын енгізуге дайындау, жоғары кәсіби білімі бар мамандарды даярлау сапасын арттыру, білім беру процесінің менеджментін жетілдіру мақсатында жүргізіледі.

8.3.2 Университет біліктілікті арттыру жоспарын жыл сайынғы әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз ете отырып, профессорлық-оқытушылар құрамының мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндіктер береді. Университет үш жылда бір рет ПОҚ үшін міндетті түрдегі кәсіби біліктілікті арттыруды қамтамасыз етеді. ПОҚ бекітілген үлгіге сәйкес есеп тапсырады, кафедра мәжілісінде талқыланады, бекітуге ұсынады, оны кафедра меңгерушісі бекітіп, кафедрада сақталады.

8.3.3 Университет басшыларының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кемінде үш жылда бір рет тиісті сертификат (куәлік) ала отырып, менеджмент саласындағы біліктілікті арттыру курстарынан және (немесе) тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етеді.

8.3.4 Жоспарлау оқытушының өзінің, сондай-ақ кафедраның, факультеттің және жалпы университеттің мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

8.3.5 Біліктілікті арттыру жұмыстан қол үзіп, жұмыстан қол үзбей, жұмыстан жартылай қол үзіп, сондай-ақ қашықтықтан оқыту нысандарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оның ішінде қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінің ерекшелігіне және біліктілікті арттыру бағдарламасына байланысты телекоммуникациялық технологияларды қолдана отырып жүргізілуі мүмкін.

8.3.6 Талантты және білікті қызметкерлерді дамыту, сақтау және алға бастыру мақсатында университет кадрлық резерв жүйесін құрайды және қолдайды.

8.3.7 Университет біліктілікті арттыру нәтижесінде инновациялық оқыту әдістерін енгізу мен оқытудың озық технологияларын пайдалануға жағдай жасайды:

- қазақстандық және шетелдік ұйымдарда инновациялық әдістер мен технологиялар саласында оқытушылардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді,
- біліктілігін арттырған профессор - оқытушылар семинарлар және шеберлік сабақтар шеңберінде жаңа әдістер мен технологиялар енгізу тәжірибесін таратады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің89-ші беті

8.4 Профессор оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары

8.4.1 Университетте Стратегиялық даму жоспарында айқындалған негізгі ғылыми бағыттарды іске асыруға және профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің ғылыми әлеуетін тиімді пайдалануға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстары «Ғылыми комитет» ережесі, «Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу, тәжірибелік–конструкторлық және коммерцияландыру жобаларды үйлестіру және есеп беру» ережесі, «Ғылыми зерттеу жобаларын жүзеге асыру және үйлестіру туралы» ережесі, «Ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу» ережесі, «Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау» ережесі, «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты» ережесі, «Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру» ережесі, «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде басылымдар қолжазбасын рәсімдеу» ережесі негізінде жүргізіледі.

8.4.2 Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің міндеттері:

- білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіспен, зерттеулер, эксперименттер жүргізу;
- ғылым мен өндірістік ықпалдастық үдерісті күшейту мақсатында ғылыми ұйымдармен, ассоциациялармен, қазақстандық және шетелдік ЖЖОКБҰ -лармен ғылыми байланысты дамыту;
- ҒЗЖ нәтижелерінің бәсекеге қабілеттілігі мен коммерциялық тартымдылығының маңызды көрсеткіші болып табылатын патенттік-өнертабыстық қызметті жолға қою мақсаттарын түсіндіру;
- Республикалық және халықаралық байқау, жарыстардың жеңімпаздарын арттыру мақсатында студенттердің ғылыми жұмыстарға белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
- ҒЗЖ нәтижелерін оқу үдерісіне ендіруге ықпал ету;
- ҒЗЖ нәтижелерін коммерциализациялауға ықпал ету;
- импакт-факторлы ғылыми журналдарда жарияланымы бар профессор-оқытушылардың пайыздық үлесін жоғарылату мақсатында құрылтайшылар тарапынан қаржылай ынталандыру жұмыстарын ұйымдастыру.

8.4.3 Ахмет Ясауи университетінің ҒЗЖ нәтижелерін қаржыландыруға ұсынуға даярлауға қойылатын негізгі мақсаттар:

- ғылым мен білім беру мекемелері жүргізетін ғылыми-зерттеу қызметіне мемлекет қаражатын салудан айтарлықтай бюджеттік нәтиже алу;
- нарықтық сұранысты және пайданы қанағаттандыру мақсатында, университет ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері бойынша тауарлар өндіру, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің90–ші беті

- университет кіріс базасын едәуір кеңейту, олардың ғылыми орталықтардағы беделін арттыру және нығайту, университет ғылыми өндірісін басқару тиімділігін арттыру;

- өңірдегі ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмыстар бойынша сұранысты қанағаттандыру және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерциаландыру мақсатында ғылыми, ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету;

- мемлекеттік, корпоративтік және қаржылық секторлардың стратегиялық және қолданбалы шешімдерін ғылыми, талдамалық, консалтингтік, сараптамалық қолдау.

8.4.4 Университеттің, құрылымдық бөлімдердің және профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің ғылыми-зерттеу жұмысының жылдық жоспарлары бекітілген Стратегиялық даму жоспарында көзделген индикаторлық көрсеткіштер негізінде жасалып бекітіледі.

8.4.5 Университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстардың есебі күнтізбелік жылға арналып жасалады және жылдың соңында Ғылыми комитеттің күн тәртібінде қаралады. Стратегиялық даму жоспары бойынша орындалған жұмыстар, ғылыми жобалардың орындалуы жөнінде кафедра меңгерушілері жыл соңында есеп беріп отырады.

8.4.6 Университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының Стратегиялық даму жоспарындағы негізгі көрсеткіштерінің орындалу барысы Ғылыми комитет тарапынан бақыланады, ғылыми қызметті ынталандыру жүйесі енгізілген және ғылыми оқиғалар тұрақты ақпараттандырылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің91–ші беті

8.5 Профессор оқытушылардың академиялық ұтқырлығы

8.5.1 Оқытушы профессор құрамы мен қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы Білім алушылар, профессор оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы туралы ережесіне сәйкес Халықаралық жобалық қызметін дамыту және академиялық ұтқырлық бөлімі ұйымдастырып, жүзеге асырылады.

8.5.2 Университеттің ОПҚ мен қызметкерлерінің академиялық ұтқырлығы ЖЖОКБҰ -мен және ғылыми мекемелермен ынтымақтастық туралы келісімшарттар негізінде жүзеге асырылады.

8.5.3 Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысушыларды іс-сапарға жіберу факультет деканының қызмет хаты мен оқытушының (қызметкердің) өтініші негізінде жүзеге асырылады. Қызмет хатта үміткердің аты-жөні, оның қызметі, іс-сапардың негіздемесі, баратын жері, іс-сапар мерзімі және жол-көлік шығындарының, жататын орын (үй жалдау) және сонда болу (тәуліктік) шығындарының болжамды төлем көздері көрсетіледі. Қызмет хатқа оқытушының (қызметкердің) өтінішімен қоса шақыру беріледі.

8.5.4 Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушылардың іс-сапарына байланысты барлық ұйымдастырушылық мәселелер университетте белгіленген тәртіппен шешіледі. Іс-сапардан оралған соң тапсырманы орындау есебі және аванс есебі ұсынылады. Аванс есебіне ҚР шекарасынан өткені туралы белгісі бар төлқұжат көшірмесі немесе іс-сапар куәлігі, жол жүру құжаты, тұрғын үйді жалға алғаны туралы құжаттар және әкімшіліктің рұқсатымен жүргізілген шығындарды растайтын басқа да құжаттар қоса беріледі.

Бекітілген аванс есебі негізінде университет қаражаты есебінен қаржыландырған жағдайда іс-сапар (жіберу) бойынша шығындардың орны толтырылады.

8.5.5 Ұйымдастыру тобының шешімі негізінде персоналды басқару бөлімі университеттің ОПҚ және қызметкерлері үшін іс-сапар туралы бұйрық шығарады. Іс-сапар кезінде қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) сақталады. Іс-сапар мерзімі бір айдан аспаған жағдайда еңбек жалақысы толық көлемде сақталады. Егер іс-сапар мерзімі бір айдан асатын болса, қызметкердің жалақысы сақталмайды және университет әкімшілігі іс-сапар мерзімі аяқталғанға дейін келісімшарт негізінде іс-сапарға кеткен қызметкер орнына басқа жұмысшы алуға құқығы бар.

8.5.6 Халықаралық серіктестік орталығы сыртқы академиялық ұтқырлық аясында университеттің шетелге баратын ОПҚ мен қызметкерлердің виза, сақтандыру жұмыстарын және іс-сапар өтініштерін рәсімдеуге кеңес береді және көмек көрсетеді.

8.5.7 Халықаралық жобалық қызметін дамыту және академиялық ұтқырлық бөлімі оқытушылар мен қызметкерлердің, отандық және шетелдік ЖЖОКБҰ -ның (ұйымдардың) академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін университеттің мүдделі қызметтерімен бірге университеттің сайтына

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің92-ші беті

университеттің ұсынатын академиялық ұтқырлық бағдарламалары туралы ақпарат (қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде) дайындап, Ақпарат орталығына орналастыру үшін жібереді.

8.5.8 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы негізінде Ахмет Ясауи университетіне келген қатысушысыларға тиісті бөлімнің (кафедраның, департаменттің, орталықтың) өкілі қызметкөрсетеді.

8.5.9 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Ахмет Ясауи университетіне келген ОПҚ үшін жатақханада орын болған жағдайда тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз етеді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің93–ші беті

8.6 Профессор-оқытушылар құрамының рейтингілік көрсеткіштерін анықтау

8.6.1 Университетте профессор-оқытушылар құрамын ынталандыру жүйесі Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау және бағалау ережесі негізінде іске асырылады.

8.6.2 Стратегиялық жоспардағы көзделген білім сапасын арттыру, халықаралық бәсекелестікке төзімді мамандар дайындау және ғылыми жұмыстар сапасын арттыру жөнінен персоналдар потенциалын максимальды сарқа пайдалану мақсатында бұл рейтингте оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің еңбектері үш бағыт бойынша: оқу-әдістемелік, ғылым, адам ресурстары мен тәрбие жұмыстары блоктары бойынша ескеріледі.

8.6.3 Ережеде көрсеткіштер мен олардың баллдық бағалары көрсетіледі. Көрсеткіштер құрамына және бағаларына қажет жағдайда өзгерістер енгізіледі. Оқытушы-профессорлар құрамы және ғылыми қызметкерлердің еңбек нәтижелерінің көрсеткіштері дәлелді шешімдер мен расталатын құжаттар түрінде ішкі рейтингтік ir.auu.edu.kz ақпарат базасына ендіріледі.

8.6.4 Оқытушы-профессорлар құрамы және ғылыми қызметкерлер тарапынан университет базасына ендірілген оқу-әдістемелік, ғылым, адам ресурстары және тәрбие жұмыстары бойынша еңбек көрсеткіштері әр оқу жылының маусым айында талданып қорытындыланады. Жалпы қорытындылау және рейтингті ынталандыру шараларына ұсыну университет басшылығы тарапынан құрылған ішкі рейтинг комиссиясы арқылы жүргізіледі.

8.6.5 Ережеге сәйкес рейтинг комиссиясы оқытушы-профессорлар құрамы, ғылыми қызметкерлер, кафедра мен бағдарламалар, факультеттер, жоғарғы мектептер және ғылыми-зерттеу институттарының кәсіби рейтингін анықтауды жүзеге асырады. Профессор-оқытушылар құрамының рейтингілік көрсеткіштерін анықтау критерийлері кәсіби біліктілік көрсеткіштерінің баллдық жүйесімен бағаланады.

8.6.6 Ішкі кәсіби рейтинг жүйесі арқылы анықтаулар нәтижесінде өте жоғары ұпай жинаған ОПҚ және ғылыми қызметкерлерге ынталандыру сыйақыларын белгілеу үшін және әр айлық еңбек жалақысына қосуға шешім шығару үшін жоғарғы басшылыққа ұсыныс жасалады.

8.6.7 Рейтингтік ir.auu.edu.kz сайтындағы ОПҚ-ның еңбек көрсеткіштері университет веб-сайтындағы ОПҚ-ның жеке профильдік мәліметіне қосылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің94–ші беті

8.7 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты

8.7.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының негізгі мақсаты Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдардың тиімділігін арттыру, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатердің алдын алу және құқық бұзушылықты азайту шараларын жүргізу болып табылады.

8.7.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының мақсаттарына қол жеткізу үшін төмендегі міндеттердің орындалуы көзделеді:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерді заңнама қағидаларының сақталуын қадағалап орындауға, құқықтық мәдениет пен құқықтық сана-сезім деңгейін көтеруге, университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатына белсенділік сипатын беруге бағытталған ауқымды ағарту шараларын ұйымдастыру және өткізу арқылы профессор-оқытушылар құрамының (бұда әрі қарай –ПОҚ), қызметкерлерінің, білім алушыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру және дамыту, сыбайлас жемқорлықтың қандай да болмасын көріністерін қабылдамайтын, сынға алатын ашық түрде жақтырмайтын жағдай туғызу;

- Университеттің құрылымдық бөлімдерінің қызметінің ашық және жариялылық жағдайларында және Университет стратегиялық міндеттерінің орындалуын бақылау және құрылымдық бөлімдердегі сыбайлас жемқорлық көрінісін анықтау үшін сыбайлас жемқорлық қатерлерінің алдын алу және азайту мақсатымен өткерілетін оқу-тәрбие, ғылыми және ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелік деңгейін көтеру;

- сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар қызметкерлерді анықтау, оларға тыйым салу мақсатында қатаң жауапкершілікке тарту. Сыбайлас жемқорлықтың ұжымда орын алу жағдайлары мен себептерін анықтай отырып қолайлы, қатерлі тұстарын түзету, оның алдын-алу шараларын, құқықтық сана-сезім деңгейін көтеру;

- сыбайлас жемқорлықтың ұжым арасында терең сипат алуына тосқауыл жасау мақсатында құрметті атақтар мен лауазымды қызметтер атқаруына қарамастан жауапкершілікке тарту;

- сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар қызметкерлерге құқық қорғау органдарынан келіп түскен хабарламаларға сүйене отырып, қатаң шаралар қолдану (жұмыстан шығару, мемлекеттік құқық қорғау органдарына жолдау және т.б.) және ол қызметкер жұмыс істейтін құрылымдық бөлім басшыларын тікелей жауапкершілікке тартуды қарастыру;

- қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қатысқан жағдайда, өздерінің қатаң жазаланатындарын білетіндей үздіксіз ахуал қалыптастыру.

8.7.3 Университет қызметкерлерінің, ОПҚ-ның, білім алушыларының қандай да болсын құқық бұзушылықтарды жасауы жөніндегі ақпаратты, құрамында қылмыстық жазаланатын әрекеттің белгілері болған жағдайда

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің95–ші беті

университет басшылығы мемлекеттік құқық қорғау органдарына жолдауға міндетті.

8.7.4 Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық фактісі туралы жалған ақпарат хабарлаған адамдарға төмендегідей жауаптылық белгіленеді: сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комиссиясының ұсынуы бойынша тәртіптік ретпен қызметінен босатылады немесе тиісті міндеттерді атқарудан шеттетіледі

8.7.5 Университет қызметкерлерінің, ОПҚ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті профессор-оқытушыларымен қызметкерлерінің корпоративті мәдениет кодексінің, Академиялық адалдық кодексінің нормаларын мүлтіксіз орындауы тиіс.

8.7.6 ОПҚ және қызметкерлерге Кодекстер нормаларын сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және еңбек шарттарына/оқу шарттарына сәйкес Этикалық және тәртіп комиссиясының ережесі негізінде шаралар қабылданады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің96–ші беті

8.8 Персоналды қолдау

8.8.1 ҚР ҒЖБМ мен «Білім және ғылым қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» арасындағы келісімдерге сәйкес Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті мекемесі және «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің жергілікті кәсіподақ комитеті» қоғамдық бірлестігі арасындағы 2023-2026 жылдарға арналған ұжымдық шарттың шеңберінде жұмыскерлердің әлеуметтік-еңбек құқығын және кәсіптік мүдделерін қорғау мақсатында, Кәсіподақ комитеті келесі міндеттерді жүзеге асырады:

- ҚР Конституциясына, қолданыстағы ҚР заңнамаларына және Осы Ұжымдық шартқа сәйкес Кәсіподақ комитеті мүшелерінің құқықтық, экономикалық, кәсіптік және әлеуметтік мүдделерін қорғауы жөнінде тұрақта жұмыс жүргізеді;

- ұжымда денсаулықты қорғаудың, еңбек және техника қауіпсіздігінің, еңбек тәртібінің ахуалын бақылайды;

- «Жұмыс беруші» тарапынан ҚР Еңбек кодексінің және басқа да нормативтік құқықтық актілердің, Еңбек тәртібі ережесінің сақталуын қамтамасыз етеді;

- Ұжымдық шарттың орындалуына тұрақта түрде бақылау жасауға, сондай-ақ осы Ұжымдық шарт талаптарының бұзылуын жою жөнінде ұсыныстар енгізеді;

- Ұжымдық шарттың орындалуын бақылаудың нәтижесі бойынша Кәсіподақ комитетінің мүшелерін хабардар етеді;

- Кәсіподақ комитетінің мүшелеріне демалыс үйлеріне, емдеу-оңалту мекемелеріне арзандатылған бағамен жолдама алуына қолғабыс жасайды;

- науқастанған, қайтыс болған немесе қиындыққа тап болған кәсіподақ мүшелеріне қаржылай көмек береді;

- спорттық және мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастырып, өткізуге қатысу және оған қаражат бөледі;

- ұйымда еңбек тәртібін нығайту үшін атсалысуға міндеттейді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің97–ші беті

9 ОҚУ РЕСУРСТАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІ

9.1 Оқу ресурстары

9.1.1 Университеттің инфрақұрылымы оқу корпустарын, мультимедиялық аудиторияларды, зертханаларды, компьютерлік сыныптарды, спорт залдарын, мәдениет орталығын, жатақханаларды, асханаларды, т.б. қамтиды.

9.1.2 Университет оқу ресурстарының жеткілікті, қол жетімді және мақсаттарға тиісті болуын жоспарлау және қамтамасыз етуді Шаруашылық департаменті жүзеге асырады.

9.1.3 Университеттің жылдық бюджетін университет ректоры, ректор өкілі және Өкілетті Кеңес басқармасымен келісе отырып дайындалады және ректор тарапынан қаржылық мәселелері бойынша шешімдер Өкілетті кеңес тарапынан бекітіледі Өкілетті Кеңеске бекітілуге ұсынылады.

9.1.4 Университеттің қаржылық қызметін кешенді тексеру мен бақылауды Өкілетті кеңес тағайындаған және Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының екі тарап мүшелерінің тең санынан тұратын комиссия жылына бір рет жүзеге асырады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 98-ші беті

9.2 Білім алушыларды ақпараттық және академиялық қолдау жүйесі

9.2.1 Әрбір білім алушы оқудың барлық кезеңі ішінде келесі ақпараттық білім беру ресурстарына жеке шектеусіз қолжетімділікпен қамтамасыз етілген:

- Университеттің ресми сайтына;
- Университет кітапханасы;

9.2.2 Барлық білім алушылар үшін қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиетті, сондай-ақ, шетелдік және отандық мерзімді басылымдарды, электронды ресурстарды қамтитын кітапхананың қорына қолжетімділік Университет кітапханасының қызметін пайдаланудағы оқырмандардың ережелері мен міндеттеріне сәйкес қамтамасыз етіледі.

9.2.3 Университет студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында университет оқытушыларының әдістемелік зерттемелерін (оқу-әдістемелік кешені, бейне, электрондық кітаптар, электрондық басылымдар), жоғары сұранымдағы әдебиетті, көп тілділік оқытуға арналған әдебиетті қамтитын Электрондық кітапхананы Университеттің кітапханасында репозиторий құру ережесі талаптарына сәйкес қалыптастырады және қолдайды. Электрондық кітапхана ресурстарына lib.ayu.edu.kz сайты арқылы қашықтан қатынасу тәулік бойы қамтамасыз етіледі.

9.2.4 Университет кітапханасының кітап қоры университет профилінің ерекшеліктері мен алатын мамандықтарына сәйкес кафедралар берген жазбаша тапсырыстары бойынша сатып алынған кітаптармен Университет кітапханасының қызметін пайдалану, кітап қорын толықтыру тәртібіне сәйкес толықтырылады.

9.2.5 Жүйеде білім алушылар үшін пәндер бойынша оқу материалы, сондай-ақ, академиялық күнтізбе, жеке жоспар, кесте, білімді бағалау нәтижелері мен жетістіктер, оқу үдерісінің жаңалықтары туралы ақпарат қол жетімді. Жүйе оқу барысында оқытушылармен байланысуға мүмкіндік береді.

9.2.6 Оқу үдерісін ұйымдастыру туралы толық ақпарат оқу үдерісін басқару бойынша ақпараттық-талдау кешенінде ұсынылған және білім алушының жеке логині мен құпиясөзі бойынша университет сайтынан қол жетімді.

9.2.7 Білім алушыларға академиялық қолдау көрсетуді қабылдау комиссиясы, Тіркеу офісі, эдвайзерлер қызметі, Мансапты дамыту және жұмыс берушілерімен байланыс орталығы қамтамасыз етеді.

9.2.8 Қабылдау комиссиясы кәсіби бағдар беру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін ұтымды насихаттау арқылы білім алушылардың дұрыс таңдау жасауларына ықпал етеді.

9.2.9 Факультеттер білім алушыларға университет ортасына тез бейімделуіне арналған білім беру процесін ұйымдастыру туралы жүйелендірілген қысқаша мәліметтерді қамтитын анықтамалық-жолсілтемесін таратады. Жоғары курстағы білім алушыларға ішкі және сыртқы ұтқырлық

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 99-ші беті

бағдарламаларын іске асыруда және қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыруда өзара тиімді шарттар жасауға көмектеседі.

9.2.11 Академиялық департамент әр академиялық жылдан кейін, бітірушіден басқа ұзақтығы 6 аптадан кем емес жазғы семестр ұйымдастырады. Жазғы семестр қосымша оқуға деген қажеттілікті қанағаттандыру, академиялық қарызды немесе оқу жоспарындағы айырмашылықты жою, оқу пәндерін оқу және басқа ЖЖОКБҰ -да білім алушылардың өз ЖЖОКБҰ -да міндетті түрде қайта есепке ала отырып, кредиттерін игеру, үлгерімнің орташа балын (GPA) арттыру үшін өткізіледі.

9.2.11 Жазғы семестрдегі оқу тек ақылы түрде ғана жүзеге асырылады.

9.2.12 Білім алушыларды академиялық қолдауда эдвайзер қызметі маңызды рөл атқарады.

9.2.13 Эдвайзердің көмегімен білім алушы оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ) мен білім беру бағдарламасы бойынша элективті пәндер және (немесе) модульдер каталогы негізінде жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құрастырады. Эдвайзерлер профессор-оқытушылар құрамынан тағайындалады. Эдвайзер тізімі факультет деканымен бекітіледі.

9.2.14 Университеттің құрылымдық бөлімдері академиялық топтардың эдвайзерлерімен тығыз байланыста болады және қала, университет аумағында оқу ісіне қатысты өткізілетін іс-шаралар (пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар, түрлі конкурстар және т.с.с.) туралы ақпарат беріп отырады.

9.2.15 Эдвайзер білім алушылардың ЖОЖ-ға енетін арнайы пәндер саласындағы қажетті ғылыми дүниетанымды меңгеруі қажет. ПОҚ пен білім алушылардың тығыз қарым-қатынасын демеуі, корпоративті және кәсіби этика ережелерін басшылыққа алуы, өзінің жұмысына шығармашылық қатынаста болуы керек.

9.2.16 Эдвайзер білім алушылардың барлық оқу кезеңі барысында ұйымдастыру-әдістемелік және кеңес беру жұмыстарын жүргізеді.

9.2.17 Эдвайзер білім алушыларға оқытудың жеке траекторияларын қалыптастыруға және білім беру бағдарламаларын меңгеруге көмек көрсетеді.

9.2.18 Эдвайзер білім алушыларға болашақ мамандығы бойынша қызмет орнын дұрыс таңдауына, ғылыми-зерттеу бағыттарын анықтауына, ғылыми жетекші, дипломдық жұмыс тақырыптарын таңдауына, кәсіби іс-тәжірибе базаларын анықтауына көмек көрсетуі мүмкін.

9.2.19 Эдвайзер жұмысы университет профессор-оқытушылары құрамының рейтингісін анықтауда негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады.

9.2.20 Мансапты дамыту және жұмыс берушілерімен байланыс орталығы білім алушыларды қолдау мақсатында келесі іс-шаралар ұйымдастырады:

- жұмыс берушілердің қатысуымен бос орындар жәрмеңкесін өткізеді;
- университеттің ресми сайтында ұйымдардан түсетін бос жұмыс орындары туралы ақпарат орналастырады;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 100-ші беті

- бітірушінің түйіндемесі базасын, бітірушілердің деректер базасын жүргізеді, онда бітірушінің мәліметтері көрсетіледі университет түлектерінің жетістіктері, жұмысқа орналасу мәселелері туралы мақала жариялайды;

- мамандарды даярлау сапасына қанағаттану дәрежесі туралы жұмыс берушілерге сауалнама жүргізеді;

- білім алушыларды компаниялармен таныстырады, түлектер үшін мастер-класс ұйымдастырады;

- аймақ ұйымдары мен кәсіпорындарының басшыларын шақырумен Ашық есік күнін, кездесулерді ұйымдастырады.

9.2.21 Университетте білім алушыларға сапалы және жылдам қызмет түрін тиімді ұсыну мақсатында тіркеуші офис жұмыс жүргізеді.

9.2.22 Офис «бір терезе» қағидасын басшылыққа алып, білім алушыларға сапалы және жылдам әрі тиімді түрде қызмет көрсетудің мәдениеті мен сапасын арттыруды басты мақсаты мен міндеті ретінде алады.

9.2.23 Офис білім алушыларды сапалы және жылдам төмендегі қызметтермен қамтамасыз етеді:

- оқу жұмыстарына қатысты әртүрлі сұрақтарға кеңестер беру;

- білім алушының оқитындығы жөнінде анықтамаларды алу өтініштерін қабылдау және беру (белгіленген қосымшаға сәйкес Мемлекеттік корпорацияға, Қорғаныс істері жөніндегі басқармаға берілетін анықтамалар);

- жеке бас құжаттарының өзгеруіне байланысты мәліметтер базасын өзгерту өтініштерін қабылдау және өзгергендігі жөнінде бұйрықпен таныстыру, хабардар ету;

- диплом көшірмесін алу жөнінде өтініштерді (электрондық негізде де қабылданады) қабылдау және оның көшірмесін беру (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі құжаттар көшірмесін беру бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет);

- транскрипт алу жөнінде өтініштерді қабылдау және беру (мерзімі ережеге сәйкес көрсетілуі тиіс);

- білім алушылардың әскерден қалдыру жөнінде анықтамаларды алу өтініштерін қабылдау және беру.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 101-ші беті

9.3 Білім алушыларды әлеуметтік қолдау және азаматтық патриоттық тәрбие беру жүйесі

9.3.1 Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректор басшылығымен Жастар саясаты департаменті мен өзге бөлімдер білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсетуді, тәрбие саласының барлық деңгейлеріндегі ізденістердің инновациялық бағытта болуын қамтамасыз етуді ұйымдастырады, іске асырады.

9.3.2 Білім алушылардың әлеуметтік қолдау, тәрбие жұмыстарын жоспарлау, іске асыру алқалық басқару органы Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің ережесіне сәйкес жүргізіледі.

9.3.3 Университет басқа қаладан келген білім алушыларды жатақханада тұру жайлы жағдайларымен қамтамасыз етеді. Жатақханаға орналастыру белгіленген санитарлық нормаларды сақтай отырып, студенттердің жатақханада тұру туралы ережесінің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

9.3.4 Университеттен ұсынылатын жатақханалар студенттердің тұрмысын ұйымдастыру мен білім алушылардың жан-жақты дамуына арналған барлық қажетті әлеуметтік инфрақұрылыммен Жатақхана бөлімінің ұсынысы негізінде Шаруашылық департаменті қамтамасыз етеді.

9.3.5 Университет білім алушыларға спортпен белсенді айналысу үшін арнайы жағдайлар жасап, спортшы-білім алушылардың халықаралық, республикалық, облыстық спорттық жарыстарға қатысуын Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің факультетаралық спартакиадасының ережесі бойынша Спорт сауықтыру бөлімі қадағалайды.

9.3.6 Университетте студенттер мен қызметкерлерге алғашқы медициналық қызмет көрсетуді «АИ» дәрігерлік амбулаториясы жүргізеді. «АИ» дәрігерлік амбулаториясының міндеттері:

- дәрігерге дейінгі көмек пен шұғыл медициналық көмек көрсетуге;
- алғашқы диагностика және амбулаторлық емдеуге;
- студенттер мен қызметкерлерді жыл сайынғы профилактикалық медициналық тексерулерді ұйымдастыру мен өткізуге;
- санитарлық-ағарту жұмысын жүргізуге.

9.3.7 Университетте білім алып жатқан білім алушыларға өз қоғамының нағыз азаматы, білімді, парасатты, адамзат құндылықтары үшін күресе алатын тәрбиелі білім алушыларды тәрбиелеу, Студенттердің ішкі тәртіп сақтау ережесі негізінде ұйымдастырылады.

9.3.8 Университетте білім алушыларға:

- тұл жетімге;
- жартылай жетімдерге;
- әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыдан шыққандарға;
- белсенді студенттер мен ғылымда, спортта және өнерде ұлттық және халықаралық сайыстарда жүлделерге қол жеткізген талантты білім алушыларға әлеуметтік қолдау мақсатында факультет деканының ұсынысы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 102-ші беті

және өз өтініштерінің негізінде жатақхана төлемақысына жеңілдіктерді қарастырып, күнделікті екі мезгіл тамақтануға және Ақылы негізде қабылданған білім алушыларға оқу-төлемақысына берілетін жеңілдіктер ережесі негізінде оқу төлемақысына жеңілдіктер жасалады.

9.3.9 Университетте студенттік өзін-өзі басқару органы жұмыс істейді. Органның негізгі мақсаты ретінде:

- университетті басқаруға, білім беру процесінің сапасын бағалауға студенттердің қатысу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету;

- университеттің әлеуметтік маңызы бар студенттік бастамаларын дамыту және қолдау;

- жастардың ғылыми әлеуетін дамытуға жәрдемдесу;

- университеттің беделін көтеруді;

- студенттік ортада салауатты өмір салтын насихаттау;

- студенттердің бос уақытын ұйымдастыру;

- студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту.

9.3.10 Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік беретін шығармашылық клубтар 8 бағытта жұмыс атқарады:

- Гуманитарлық бағытта;

- Креативті-ұйымдастырушылық бағытта;

- Әлеуметтік бағытта;

- Жаратылыстану бағытында;

- Медицина бағытында;

- Өнер бағытында;

- Әскери-спорттық бағытта;

- Еріктілік бағытта.

9.3.11 Университет білім алушысы ҚР болашақ зиялылар өкілі екенін мақтаныш тұтып, ҚР Үкіметі бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысуы, кәсіпқой, жалпы білімді, мәдениетті, парасатты жастарға арналған миссияны орындауды өздеріне міндеттенуі үшін Студенттердің ішкі тәртіп сақтау ережесі талаптарын орындауы тиіс.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 103-ші беті

9.4 Инклюзивті білім беру жүйесі

9.4.1 Университетте денсаулық мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға білім беруді жоспарлау, ұйымдастыру және іске асыру [Инклюзивті білім беруді қолдау орталығы](#) (ИББҚО) арқылы жүргізіледі.

9.4.2 Университетте мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі жандарды оқытуды ұйымдастыру үшін жағдай жасау шаралары, соның ішінде:

- жоғары оқу орнына дейінгі дайындықты және кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыру;
- білім беру үдерісін кешенді басқару және денсаулық сақтау;
- мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарды инклюзивті оқытудың ақпараттық-технологиялық базасын дамыту және қызмет көрсету;
- мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін электронды оқытуды, қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларын дамыту және қызмет көрсету;
- әлеуметтік-мәдени оңалту, кедегісіз орта құру;
- білім беру процесін кадрлармен, оның ішінде тиісті біліктілігі бар профессорлық-оқытушылық құрам санаттарымен қамтамасыз ету;
- бейімделген білім беру бағдарламаларын әзірлеу, мүгедектер мен мүгедек адамдар үшін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету қамтамасыз етіледі.

9.4.3 Мүгедек талапкерлермен кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыру университеттің қабылдау комиссиясына жүктеледі.

9.4.4 Кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі нысандары кәсіптік бағдарлау тестілеуі, Ашық есік күндері, мүгедектер мен ата-аналарға қабылдау және оқыту мәселелері бойынша кеңес беру, оқушылардың ЖЖОКБҰ олимпиадаларына қатысу, мүгедектерге арналған жарнамалық-ақпараттық материалдар, арнайы (түзету) білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл болып табылады.

9.4.5 Мүгедек-талапкерлерге арналған арнайы қосымша білім беру-оңалту бағдарламаларын іске асыру кезінде аталған бағдарламаларға пәндердің екі тобын қосу ұсынылады: түсу сынақтарын тапсыру үшін қажетті пәндік даярлық пәндері және одан әрі инклюзивті оқытуға бағытталған бейімдеу пәндері.

9.4.6 Мүгедек талапкерлерді кәсіби бағдарлау олардың саналы және барабар кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал етеді. Мүгедектерді кәсіптік бағдарлауға мүгедектердің денсаулығы мен психикасының ерекшеліктерін диагностикалау қажеттілігімен, бейімсіздіктің сипатымен, оларды оңалту және өтеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырумен байланысты ерекше белгілер тән. Кәсіптік бағдарлау кезінде мүгедекке денсаулық жағдайына, оңалтудың жеке бағдарламасында көрсетілген ұсыныстарға, оның жеке мүдделеріне, бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес қол жетімді бір немесе бірнеше білім беру бағдарламаларын таңдаудың ерекше маңызы бар.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 104-ші беті

9.4.7 Мүгедек талапкерлердің университетке түсуі оқуға қабылдау қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

9.4.8 Университетте жүріп-тұруы шектеулі студенттердің кедергісіз, қауіпсіз және ыңғайлы жүріп-тұруына, ғимараттар мен құрылыстарға қолжетімділікті қамтамасыз етуге жағдайлар жасалады. Университеттің сәулет кеңістігінде мүгедектерді бағдарлау және шарлау үшін кешенді ақпараттық жүйе визуалды, дыбыстық және тактильді ақпаратты қамтиды.

9.4.9 Университетте пандустарды, көрсеткіштерді пайдалану арқылы ғимараттардың қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.

9.4.10 Университет білім алушылары үшін кедергісіз орта құру кезінде мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдардың келесі санаттарының қажеттіліктері ескеріледі:

- көру қабілеті бұзылған,
- есту қабілеті бұзылған,
- қозғалтқыш функциялары шектеулі.

9.4.11 Ғимарат ішіндегі кабинеттер үй-жағдайындағы сияқты, ЕББҚ білімгерлер еркін жүріп тұруына ыңғайлы (жұмсақ жихаз бен, теледидарлар, т.б) аймақтарға және қызмет көрсету орындарына қозғалыс жолдары адамдарды ғимараттан эвакуациялау жолдарына қойылатын нормативтік талаптарға сәйкес жабдықталады.

9.4.12 Мүгедек білім алушылар мен мүгедек адамдардың оқу-әдістемелік материалдар мен ақпараттық ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз ету ИББҚО аясында арнайы инклюзивті білім беру кабинеттерінің жұмыс істеуі арқылы ұйымдастырылады.

9.4.13 Инклюзивті білім берудің арнайы кабинеттері компьютерлік техникамен, оқытудың техникалық құралдарымен, қолмен және электронды үлкейткіштермен, сондай - ақ экрандық қол жеткізу бағдарламасымен - экрандық ұлғайту бағдарламасымен және zoomtext Magnifier/Reader-сөйлеу қолдауымен экрандық ұлғайту бағдарламасымен жарақтандырылады.

9.4.14 Тірек-қимыл функциясы бұзылған адамдар үшін тиісті бағдарламалық қамтамасыз етілген арнайы компьютерлік техниканы, оның ішінде экрандық клавиатура сияқты операциялық жүйелердің арнайы мүмкіндіктерін және ақпаратты енгізудің баламалы құрылғыларын қолдану көзделеді. Windows амалдық жүйесінің арнайы мүмкіндіктерін пайдалану ұсынылады, мысалы, мәтінді енгізуге болатын экрандағы пернелер тіркесімі, пернетақта немесе тінтуір арқылы теру кезінде Windows әрекеттерін конфигурациялау қолданылады.

9.4.15 Соқыр немесе нашар көретін білім алушылар үшін қолжетімді орындарда және бейімделген нысанда (олардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып) анықтамалық ақпаратты орналастыру ірі рельефті-қарама-қарсы қаріппен (АҚ және сары фонда) орындалады және Брайль қарпімен қайталанып жазылады).

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 105-ші беті

9.4.16 Мүмкіндігі шектеулі жандар мен мүгедектер үшін бейімделген білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері ИББҚО және тиісті құрылымдық бөлімдерге жүктелген.

9.4.17 ИББҚО тіркеген әр мүмкіндігі шектеулі жан үшін тиісті құрылымдық бөлімдермен бірлесіп, мамандандырылған бейімдеу пәндерін (модульдерін) енгізудің, оқыту әдістерін таңдаудың, мамандандырылған білім беру ресурстарымен қамтамасыз етудің, практикадан өтудің, «Дене шынықтыру» пәнін игерудің, білімге ағымдағы бақылаудың, аралық және мемлекеттік қорытынды аттестаттау жүргізудің ерекше рәсімдерін анықтап, қажет болған жағдайда жеке оқу жоспарлары мен жеке кестелерді әзірлейді.

9.4.18 Оқыту әдістерін таңдау оқытудың мазмұнымен, педагогтердің кәсіптік даярлық деңгейімен, әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен, мүгедектер мен мүгедек адамдардың оқу ақпаратын қабылдау ерекшеліктерімен және т.б. айқындалады.

9.4.19 Мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарды арнайы білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету оқу материалын визуалды, аудио түрінде ұсыну мүмкіндігін ескере отырып жүзеге асырылады. Оқу материалдарын іріктеу және әзірлеу бұл материалды есту қабілеті бұзылған мүгедектер ақпаратты көзбен шолып, көру қабілеті бұзылған мүгедектер ақпаратты аудиальді түрде (мысалы, сөйлеу синтезатор – бағдарламаларын пайдалана отырып) немесе тифлоақпараттық құрылғылардың көмегімен алатындай етіп әр түрлі нысанда беруді ескере отырып жүргізілуге тиіс.

9.4.20 Мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін практикадан өту орындарын таңдау білім алушылардың осы санаты үшін олардың қолжетімділік талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады. Мүгедектер мен мүгедек адамдар үшін оқу және өндірістік практика орындарын анықтау кезінде білім беру ұйымы мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасында көрсетілген медициналық-әлеуметтік сараптаманың ұсынылған еңбек жағдайлары мен түрлеріне қатысты ұсыныстарын ескеруі керек. Қажет болған жағдайда практикадан өту үшін мүгедектің мүмкіндігінің шектелу сипатына сәйкес, сондай-ақ кәсіптік қызмет түрін, мүгедектің еңбек функциялары орындайтын қызмет түрі мен еңбек сипатын ескере отырып, арнайы жұмыс орындары құрылады.

9.4.21 Мүгедектер мен мүгедек адамдардың білімін ағымдағы бақылауды, аралық және мемлекеттік қорытынды аттестаттауды өткізу ерекшеліктері білім алушылардың білімін ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу туралы Ережеде және бітірушілерді мемлекеттік қорытынды аттестаттау туралы ережеде көрсетілген.

9.4.22 Мүгедек түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі іс-шаралар халықтың мемлекеттік орталықтарымен, коммерциялық емес ұйымдармен, мүгедектердің қоғамдық ұйымдарымен, кәсіпорындармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырылады. Мүгедек түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесудің негізгі нысандары жұмыс

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің106-ші беті

берушілердің жоғары курс мүгедек студенттерімен презентациялары мен кездесулері, білім алушылар мен түлектердің жұмысқа орналасу мәселелері бойынша жеке консультациялары, мастер – кластар мен тренингтер болып табылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 107-ші беті

9.5 Шетелдік білім алушылар мен талапкерлерді визалық қолдау

9.5.1 Шетелдік білім алушылар, шетелдік талапкерлерге, қызметкерлерге визалық қолдау жасауды, виза мерзімін ұзартуды, тіркеуге алуды, хабарлама беруді және шақыруды қамтамасыз етуді Университеттің «Халықаралық байланыстар» департаменті, Халықаралық офис арқылы жүзеге асырады.

9.5.2 Визалық қолдауды іске асыруға қажетті шетелдік білім алушылардың төлқұжат мәліметтерін университеттің автоматтандырылған ayu.edu.kz домені бар жүйесінен немесе Академиялық департаменттің Тіркеу офисінен алынады.

9.5.3 Визалық қарым қатынастардан келетін шетелдік қызметкерлер, талапкерлер мен білім алушылар Қазақстан Республикасының шекарасынан Көші-қон заңнамалары негізінде виза болған жағдайда ғана өте алады. Визаның жарамдылық мерзімі шақыру туралы құжатта көрсетілген жарамдылық мерзімінен аспауы тиіс, сондай-ақ визаның жарамдылық мерзімі шетел азаматы төлқұжатының жарамдылық мерзімі біткенге дейін 6 ай жоғары болған жағдайда ғана визалық шақырту жасалынады.

9.5.4 Визалық қолдау Президент жарлықтары, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті туралы заңнамаға, ҚР СІМ және ІІМ, Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын рәсімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидалары туралы заңнамаларға, шетел азаматтарына қатысты шығарылған Университет жарлығы, ӨК басқармасының шешімі және Сенат шешімдері, басшылық бұйрықтары, Ережелер және Сенім хаттар негізінде жүзеге асырылады.

9.5.5 Шетелдік талапкерлерге және шетелдік білім алушыларға Қазақстан Республикасына жарамды шетелдік төлқұжаттар немесе Қазақстан Республикасына кіру визалары болған жағдайда оларды алмастыратын құжаттар бойынша, егер ондай тәртіп белгіленбесе Қазақстан Республикасының тиісті тараппен немесе Қазақстан Республикасы үкіметінің Қазақстанға шақырту мәселесін Қазақстан Республикасының аумағында ктөтенше жағдайларға байланысты Ведомствоаралық комиссия отырысының хаттамасы негізінде кіре алады.

9.5.6 Шетелдік талапкерлер, тыңдаушылар Мемлекеттік шекарадан өту пункттері, халықаралық әуежай және жолаушылар қатынасы арқылы кіріп-шығып автотіркеуге алынады және университетімізге келген білім алушыларға тиісті мекемеге қайта хабарлама жіберуге міндеттенеді.

9.5.7 «Қазақстан Республикасында болу және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жол жүру ережелерін бұзғаны

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 108-ші беті

үшін жауапкершілік» 26-бабына сәйкес - Қазақстан Республикасында болу ережелерін бұзған, яғни тұру құқығында құжатсыз тұратын немесе жарамсыз құжаттар бойынша тұратын, тіркеудің немесе көшудің және тұрғылықты жерді таңдаудың белгіленген тәртібін сақтамайтын, белгіленген мерзім өткен соң мемлекеттен шығудан жалтарған шетелдіктер Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаларға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

9.5.8 Шетел азаматын Қазақстан Республикасына кіруге шақыру туралы ресми хаттар Түркістан облысы, Шымкент қаласындағы Абай адундық ПД Көші-қон қызметі басқармасы аумақтық органдарына тапсырылады және шетел азаматтарының шетелдегі ҚР дипломатиялық өкілдігіне жүгіну кезінде пайдалануға арналған.

9.5.9 Визалық шақыртулар туралы ресми хаттарды рәсімдеу үшін университеттің шетелдік қызметкерлер мен талапкерлер немесе тыңдаушылар Қазақстан Республикасына жоспарлы баруға дейін кем дегенде 1 ай бұрын Университеттің «Халықаралық серіктестік» орталығына қарасты «Визамен қамтамасыз ету» бөліміне жүгінеді, Қазақстан Республикасының аумағына кіру жоспарланатын қолданыстағы құжаттың көшірмесін, сондай-ақ төмендегідей мәліметтерді ұсынуы тиіс:

- Қазақстан Республикасына кірудің болжамды мерзімін;
- орыс және латын әріптерімен жазылған аты-жөнін, тегін (егер бар болса);
- туған күнін және жынысын;
- азаматтығын;
- тұрақты тұру мемлекетін (тұру мемлекеті және аймағы) және тұрақты тұру мекен-жайын;
- білімі туралы диплом көшірмесін (орта, кәсіби немесе жоғары білім);
- визаны алудың болжамды орны (Қазақстан Республикасының консулдық шекара мекемесі орналасқан мемлекет және қала);
- вице ректорге атына өтініш
- жоғарыда ұсынылған құжаттар (ХҚТУ мен келісімі бар ҚР нотариусымнен бекітіліп расталған нұсқада «Визамен қамтамасыз ету» бөліміне тапсырылуы қажет);
- шетел азаматтарын екі тілде университет алды дайындау бойынша білім беру қызметтерін көрсету келісімшарты бір (1) жыл мерзімге белгіленген тәртіппен виза мерзімі келісімшарт мерзімінің аяғына дейін беріледі және Түркістан облысы, Шымкент қаласы Көші қон қызмет бсқармасы аумақтық органында шақыруды рәсімдеу 30 жұмыс күні ішінде ұсынылып жауабы алынып тиісті азаматқа жолданады.

9.5.10 Аумақта тұрақты тұруға уақытша келетін барлық шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасына кірген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде көші-қон есебіне хабарлама арқылы есепке тұруы тиіс. Бұл ереже шетелдік қайсы мемлекеттің азаматы болмасын немесе оның Қазақстан

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 109-ші беті

Республикасының аумағына кіру тәртібі (визалық немесе визасыз қарым қатынастардан келетін) қандай болмасын барлық шетел азаматтарына қолданылады. Университетімізге келісімшарт негізінде жұмысқа немесе оқу мақсатында келген шетелдік қызметкер, білім алушылар/тыңдаушылар жыл сайын медициналық тексеруден өтуі, жергілікті көші-қон қызмет басқармасына саусақ іздерінің тапсыруды, жеке сәйкестендіру нөмірінаштыруды, болуы қадағаланып Көші-қон қызмет басқармасына ресми хат негізінде мәліметтер жолданылады.

9.5.11 Университет шетел азаматының уақытша келуіне өз келісімін өкілетті лауазымды тұлғаның қолымен және Университет мөрімен білдіреді. Әрбір шетел азаматтарын алғашқы тұру орны болып ХҚТУ жатақханасы болып белгіленеді. Факультет деканының рұқсатымен жеке пәтерлерге тұры құқықтары берілім мекен-жай ауыстыру туралы өтініш білдіру арқылы көші-қон қызмет басқармасы хабарлама жіберіліп жауабы тиісті азаматқа жолданады.

9.5.12 Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты жүретін шетелдік азаматтар оқу жылы ішінде көші-қон есебіне қою мерзімін ұзартулары тиіс. «С3» жұмыс санатындағы немесе «С9» (оқу) санатындағы визаны ұзарту университеттің 1 жыл мерзімге дейінгі өтініші негізінде жүзеге асырылады. Университет жатақханасында тұратын шетел азаматтары көші-қон есебіне қою мерзімін ұзарту үшін есепке қою мерзімі біткенге дейін 30 күннен кешіктірілмей Түркістан облысы Түркістан қалалық Көші-қон қызмет басқармасына келесідей құжаттарын ұсынуы тиіс:

- Қазақстан Республикасының аумағына кіру жүзеге асырылған құжат
- ұлттық төлқұжат көшірмесі
- еңбек келісімшарты
- жұмысқа қабылданған бұйрықтан үзінді
- оқуға қабылданған бұйрықтан үзінді
- мемлекет белгілеген АЕК төлемі

9.5.13 Факультет декандары мен басқа да құрылымдық бөлімшелер Халықаралық серіктестік орталығы мен Визамен қамтамасыз ету бөліміне шетелдік білім алушыларға қатысты тиісті ақпараттарды әр апта сайын мәлімет ретінде жолдап отыруға міндетті.

9.5.14 Шетелдік білім алушыны уақытша тіркеу туралы қолданыстағы анықтамасы немесе уақытша тұру рұқсаты, тұру ықтиярхаты бар азаматтар Түркістан облысы Түркістан қаласы көші-қон қызмет басқармасына ресми мәлімет жолдану арқылы есепке қоюдан босатылғандықтан жалпы қадағалайды.

9.5.15 Шетелдік білім алушылар әртүрлі себептермен оқудан шығарылған жағдайда Түркістан облысы, Шымкент қаласы Абай аудандық көші-қон қызмет басқармасына ресми хат негізінде мәлімет жолдану арқылы виза немесе тіркеу мерзімдері қысқартылып еліне уақтылы шығып кету жағдайлары қатаң бақыланады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің110–ші беті

9.5.16 ҚР-нан, сондай-ақ Қазақстанның басқа қалаларынан шығу кезінде (оның ішінде демалысқа) шетелдік білім алушылар/тыңдаушылар Факультет декандарына жазбаша өтініш білдіріп, сапардан оралған кейін келген күннен бастап үш (3) жұмыс күні ішінде «Визамен қамтамасыз ету» бөлімі арқылы Көші-қон қызмет басқармасына қайта тіркеуге қою үшін ресми хат негізінде хабарлама жіберіліп жауабы білімгерге жолданады.

9.5.17 Жоғарыда аталған шетелдік азаматтарға байланысты тиісті мәліметтердің барлығын бөлімнің ішкі жұмыс жүйесінде қажеттілікке байланысты Ақпарат орталығымен бірлесе жасалған VIZA базасына уақтылы әрі дұрыс енгізіліп жүргізеді және бөлім қызметкерлері жауапты.

9.5.18 ҚР көші-қон әкімшілік заңнамаларын бұзуға жол берген, шетел азаматтары өз тарапынан да, қабылдаушы тараптан да (университет) жауапты.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 111-ші беті

10 АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ

10.1 Университеттің өз қызметінде сыртқы және ішкі ортамен үздіксіз алмасатын ақпараттарды тиімді басқару жолдары - жинау, рәсімдеу, тіркеу, сыртқы және ішкі ортада алмасу, сақтау немесе жою тәртіптері келесі ішкі нормативтік құжаттарда анықталған, көрсетілген:

- ХҚТУ Іс құжат номенклатурасы: ІҚН-УК-000-2020;

- Құжаттандырылған процедуралар: ҚП- ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару;

10.2 Университет ақпаратты басқару аясында келесі автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді қолданады :

- ҚР ҒЖБМ және басқа өкілетті органдардың, университеттердің, мүдделі мекемелердің ресми сайттары ;

- оқу үдерісін басқарудың <http://esuvo.platonus.kz/> автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;

- университеттің ақпараттық ресурстық орталығының 6 модульді ИРБИС-64 жүйесі;

бухгалтерлік есептің «1С Бухгалтерия» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі.

10.3 Университет ректоры білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен әкімшілік деректер нысандарын толтырудың толықтығын, нақтылығын және уақтылығын қамтамасыз етеді.

10.4 Университет түрлі деңгейдегі құрылымдық бөлімдер, ПОҚ және білім алушылар арасында білім беру сапасын қамтамасыз етуге байланысты аспектілер бойынша ақпарат алмасудың сәйкес үдерістерін қолдануды қамтамасыз етеді. Ондай үдерістерге сайтқа және оның ақпараттық жүйелеріне қолдау көрсету, электрондық поштаның жұмысы, жеке кабинеттерде ақпарат беру, жүйесі жатқызылады.

10.5 Жиналған ақпараттың құрылымы және көлемі, қайнар көздері, мерзімділігі, уақыт аралығы, сенімділігі мен заманауилығы үшін жауапты тұлғалар ішкі нормативтік құжаттамаларда анықталады.

10.6 Барлық Университет ережелерінде іске асырылатын процеске қатысты қандай ақпаратты жинау, талдау және бағалау керек екені, оны қалай рәсімдеу қажеттігі көрсетіледі.

10.7 Ақпаратты талдау барысында қабылданған шешімдер стратегиялық құжаттарда, құрылымдық бөлімдер мен алқалық органдар мәжілісі хаттамаларында, сондай-ақ, жұмыс бағыттары бойынша іс-шаралар жоспарында тіркеледі.

10.8 Университет белгіленген нысан бойынша ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың дербес деректерін өңдеуге келісім алады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 112-ші беті

11. ЖҰРТШЫЛЫҚҚА ХАБАР ТАРАТУ

11.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің сайты – әлемдік ақпараттық кеңістікте Университет атынан өкілдік ететін ресми сайт. Сайтты бағдарламалық-техникалық және ақпараттық әкімшілігін Ақпараттық технологиялар департаменті, жаңалықтар орналастыруды Медиа және PR орталығы Ахмет Ясауи университетінің ресми сайты бойынша Ереже талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

11.2 Университеттің ресми сайтының құру және қызмет ету бойынша жұмыстарды жалпы үйлестіру сайттың қызметіне жетекшілік ететін вице-ректорға (проректорға) жүктеледі. Сайттың жұмысқа қабілеттілігін жүзеге асыру және техникалық қолдау үшін бағдарламалық сипаттағы жұмыстар Ақпараттық технологиялар департаментіне жүктеледі. Сайтқа күнделікті жаңалықтарды енгізу Медиа және PR орталығына жүктеледі. Әр түрлі бөлімшелердің жеке сайт беттері болған жағдайда олардың жауапкершілігі құрылымдық бөлімшенің басшысына ауыстырылады. Ақпараттық технологиялар департаменті осы құрылымдық бөлімшеге консультациялық-техникалық көмекті ғана жүзеге асырады.

11.3 Университет сайты университеттің ақпараттық-білім беру қызметтерінің нарығын кеңейту, өз қызметінің түрлі аспектілерімен жедел таныстыру, университет бөлімшелерінің мақсатты аудиториямен өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру мақсатында Интернет желісінде Халықаралық қазақ-түрік университеті туралы ресми ақпарат ұсынады.

11.4 Университет сайты келесі міндеттерді шешеді:

- білім беру саласындағы көп жылдық дәстүрге ие, білім беру қызметтерінің халықаралық нарығында бәсекеге қабілетті, сондай-ақ бай ғылыми мектебі және үлкен ғылыми әлеуеті бар университет ретінде елде және әлемде университеттің тұтас позитивті бейнесін құру;
- университетте болып жатқан маңызды оқиғалар туралы Қазақстан мен әлемдік қоғамдастықты жедел және объективті ақпараттандыру;
- қазақстандық және шетелдік талапкерлерді тарту;
- ғылыми және академиялық алмасуларды дамыту;
- университет бөлімшелері арасында ақпарат алмасуды жүзеге асыру, университет оқытушыларының, білім алушыларының, қызметкерлерінің университет басшылығының шешімдері туралы жедел ақпараттандыру;
- университет қызметінің негізгі бағыттарын ақпараттық қолдауды және сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

11.5 Сайттың ақпараттық ресурсы университеттің құрылымдық бөлімшелері, оқытушылар, қызметкерлер, білім алушылар және т.б. қызметінің түрлі аспектілерін көрсету ретінде қалыптасады.

11.6 Сайтта орналастырылған ақпараттық материалдарға құқық жекелеген нормативтік актілермен, шарттармен өзгеше регламенттелмеген жағдайда университетке тиесілі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 113-ші беті

11.7 Жарнамалық–коммерциялық сипаттағы ақпаратты орналастыруға Университет Жарғысының талаптарына сәйкес университет пен жарнама берушілер арасындағы шарттар негізінде ғана рұқсат етіледі.

11.8 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің бастамасы бойынша қалыптастырылатын, сондай-ақ олардың өз жұмысында қолданылып жүрген ақпараттық ресурстар, олардың басшыларының өтінімі негізінде ІТ департаментінің шешімімен, сайттың қызметіне жетекшілік ететін Вице-ректордың (проректордың) келісімі бойынша сайттың жеке мамандандырылған бөлімдерінде орналастырылуы мүмкін.

11.9 Университеттің ресми сайтының құрылымы факультет, кафедралар, зертханалар және басқа да құрылымдық бөлімшелердің беттерімен, сонымен қатар бір–бірімен қиылысатын сілтемелермен байланысты жекелеген қызмет салалары бойынша тақырыптық ұсынылған ақпараттық ресурстардың иерархиялық реттелген жиынтығы білдіреді.

11.10 Университеттің ресми сайты үш негізгі бағытта жұмыс жүргізіледі:

- сыртқы пайдаланушы үшін ақпаратты орналастыру;
- университеттік пайдаланушы үшін ақпаратты орналастыру – білім алушылардың, оқытушылардың, қызметкерлердің;
- шетелдік пайдаланушыға бағытталған ақпаратты орналастыру.

11.11 Университеттің ресми сайтының қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқаларын әзірлеу университет қызметінің жекелеген бағыттары бойынша бөлімшелер беттерін және тақырыптық бөлімдерді әзірлеумен және дамытумен қатар жүзеге асырылады және бір–бірін логикалық байланыстырулар мен айқас сілтемелердің көмегімен толықтырады.

11.12 Сайтты ақпараттық толтыру ректораттың, деканаттардың, кафедралардың және университеттің басқа да құрылымдық бөлімшелерінің біріккен күшімен жүзеге асырылады.

11.13 Сайттың ақпараттық ресурстары ашық және жалпыға қолжетімді.

11.14 Университеттің Медиа және PR орталығы кез келген ақпаратты, егер ол заңнама талаптарына қайшы келсе немесе тікелей немесе жанама түрде университеттің ресми сайтының және онымен байланысты ресурстардың даму, ақпарат беру немесе жарнамасының принциптерін бұзса, орналастырудан бас тартуға құқылы

11.15 Мультимедиялық материалдар (бейне, аудио және т.б.) университеттің ресми сайтында орналастырылған жағдайда, медиа хабарлар өнімділігін арттыру, қаралым санын арттыру немесе университеттің байланыс арналарына жүктемені төмендету мақсатында, сондай-ақ мультимедиялық трансляцияны жүзеге асыру үшін, қажетті бағдарламалық қамтамасыз ету болмаған кезде, бөгде мультимедиялық серверлер (YouTube, RuTube, файлохостингтер және т. б.) пайдаланылуы мүмкін.

11.16 Сайтта жеке беттері бар университет бөлімшелері өз сайттарын нормативтік құжаттарға сәйкес және өзінің құрылымдық бөлімшесі басшысының рұқсатымен дербес әзірлейді және қолдайды. Бөлім басшысы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 114-ші беті

өзінің ақпараттық блоктарындағы ақпараттың өзектілігі, нақтылығы және шынайылығы үшін жауапты болады.

11.17 «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті», университеттің логотипі және университеттің ресми сайтына белсенді сілтеме жасау керек. Сілтеме жасау үшін Халықаралық қазақ-түрік университетінің бекітілген логотиптерін немесе университеттің тиісті баннерін қолдануға болады.

11.18 Хакерлік шабуылдардың алдын алу және еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде жағымсыз салдардың алдын алу мақсатында университеттің ресми сайтының және онымен байланысты барлық деректер базасының резервтік көшірмесін ІТ департаментінің маманы жүзеге асырады.

11.19 Сайт тәулік бойы жұмыс істеуі тиіс, олардың бөлімшенің компьютерлік желісіндегі орналасқан жері университеттің компьютерлік желісінен және ғаламдық Интернет желісінен жоғары жылдамдықты қатынауды қамтамасыз етуді ескере отырып таңдалуы тиіс.

11.20 Сайтта орналастырылатын материалдар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ресми ақпаратқа қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс: көрінеу жалған ақпарат орналастыруға, нормаланбаған лексиканы пайдалануға, діни немесе ұлтаралық алауыздықты қоздыратын, зорлық-зомбылыққа және т.б. шақыратын ақпараты бар ресурстарды орналастыруға тыйым салынады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 115-ші беті

12. БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ МОНИТОРИНГІ МЕН КЕЗЕҢДІК БАҒАЛАНУЫ

12.1 Университет білім беру бағдарламаларының тұрақты мониторингі, мерзімдік бағалауы және қайта қарастыруы Білім беру бағдарламасын әзірлеу және жаңарту ережесінің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

12.2 Құрамы Ректордың бұйрығымен бекітілетін кадр даярлау бағыты бойынша Академиялық комитеттер әр оқужылында білім беру бағдарламалар аудитін (өзіндік бағалау) жүргізеді.

12.3 Өзіндік бағалау мен қайта қарау нәтижесінде жаңартылған білім беру бағдарламалары ҚР ҒЖБМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары Тізіліміне тіркеліп, Білім беру бағдарламаларын әзірлеу ережесіне сәйкес қайта рәсімделіп, бекітіледі, қолданысқа енгізіледі.

12.4 Білім беру бағдарламаларын іске асыру барысына мониторинг жүргізу факультеттің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясына жүктеледі.

12.5 Факультеттің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы әр білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестіктігін бағалайды.

12.6 Факультеттердің Оқу-әдістемелік комитеттері және, университеттің Оқу-әдістемелік комитеті білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандырудың тұрақты мониторингін жүргізеді.

12.7 Мониторинг, аудит, бағалау нәтижелері Университеттің әкімшілік және алқалық ұйымдарында талданып, жақсарту шешімдері қабылданады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 116-ші беті

13 САПАНЫ КЕЗЕҢДІК СЫРТҚЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

13.1 Университет үнемі түрлі үлгідегі сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдеріне қатысады:

- лицензиялау;
- ҚР ҒЖБМ және Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитет тарапынан профилактикалық бақылау;
- институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу;
- Өкілетті Кеңес тарапынан қаржылық және академиялық тексеру комиссиялары;
- Білім беру бағдарламаларын ҚР ҒЖБМ Реестріне тіркеу;
- ЖЖОКБҰ институциялық рейтингі және білім беру бағдарламаларының рейтингі.

13.2 Сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдері келесі іс-әрекет алгоритмі арқылы жүзеге асырылады:

- университет басшылығымен сыртқы бағалау рәсімдерінен өту туралы шешім қабылдау;
- сыртқы бағалауға дайындық туралы бұйрық шығару;
- өзін-өзі бағалау жүргізу және сыртқы бағалау рәсімдерін ұйымдастыру бойынша жұмыс тобын құру;
- сыртқы бағалау процедурасы талаптарының сәйкестігіне қызметті өзін-өзі тексеру мен өзін-өзі бағалауды өткізу;
- өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есеп жасау;
- сыртқы бағалау рәсімдерін ұйымдастыру.

13.3 Сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдері университеттің сапаны ішкі қамтамасыз ету үдерістерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Олар жаңа мүмкіндіктерді дамыту мен жүзеге асырудың катализаторлары болып табылады.

13.3 Университет сапаны сыртқы қамтамасыз етудің әр рәсімдері аяқтағаннан кейін қызметті жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын жасайды және жүзеге асырады.

13.5 Сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдерінің нәтижелері ЖЖОКБҰ сайтта орналастырылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АС-ХҚТУ-01-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет саясаты	
Академиялық саясат		117 беттің 117-ші беті

14 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

14.1 Университеттің осы саясатын басқару және өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

14.2 Академиялық саясаттың актуальдігін кезеңді тексерудің нәтижесі құжаттың соңғы беттерінде орналасқан «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Қосымша 2).

15 САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

15.1. Осы университет саясатының жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Академиялық департамент директорына жүктеледі. Осы университет саясатының жұмыс нұсқалары келесі адрестер бойынша жіберіледі: Вице-ректорлар, Шымкент және Кентау кампусының директорлары, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, құрылымдық бөлімдер

15.2 Осы университет саясатының бақылау данасын Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығында сақтау жауапкершілігі орталық басшысына жүктеледі.